

Құдайберлі Мырзабек

АЩЫЛЫ-ЖЕКЕБОЯҚ



Құдайберлі Мырзабек

АЩЫЛЫ-ЖЕКЕБОЯҚ

Астана, 2011

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

М 91

М 91 Мырзабек Құдайберлі.

*Ащылы - Жекебаяқ, Астана: «Ақарман-медиа»,
2011 жыл - 344 бет.*

ISBN 978-601-7185-37-4

Құдайберлі Мырзабектің бұл кітабына оның әр жылдарда жазылған өлең-жырлары енгізіліп отыр. Тақырып аясы кең. Бүгінгі замандастарының бойынан көргісі келетін ұлтжандылық, мемлекетшілдік, Отансүйгіштік секілді адамгершілік қасиеттер ақын шығармашылығының арқаулы өзегі, алтын қазығы.

Кітап көпшілік өлеңсүйер оқырманға арналған.

ISBN 978-601-7185-37-4

© К. Мырзабек, 2011

© «Ақарман-медиа», 2011

*Ащылы - Жекебаяқ жайлаған жер,
Шытырлатып құлынды байлаған жер.
Баласы Шұңғыршаның ат шаптырып,
Қуалап көбелегін ойнаған жер.*

Аталарымыздың ескі әнінен



*Толғантып самал соқса Ақантаудан,
Кеудемді ән кернейді мақамдалған.
Жабырқап жатыр ма екен мені күтіп,
Ащылы - Жекебаяқ атам қонған.*

Бүгінгі әннің қайырмасы



Мендік жүрек

Қанға толып ортасы күлкілдеген,
Ет емес-ау жүрегім бүлкілдеген.
Қалам алсам төгіле жөнелетін,
Қалай сыйып тұр скен шіркінге өлен.

Тамырымда тоқтаусыз қан айналып,
Сол жүректен бойыма тарайды ағып.
Айтып тауыса алмайтын махаббатым,
Оған сыйып тұрады қалай барып.

У да жұттым, қаншама бал ішілді,
Кернеп, жарып шыққан жоқ әлі ішімді.
Тас болса егер кеудеме батар еді,
Бірақ қайрап тұрады намысымды.

Жалын құшып жатса да жанып, ысып,
Соғысынан жазбайды жаңылысып.
Қуаныш пен қайғымды сіңіріп ап,
Өмір үшін тұрады алып ұшып.

Елім десем егілткен, елжіреткен,
Бар адамды сүйемін сол жүректен.
Ет сместей сол жүрек мына маған,
Бірақ соны актарып көрді деп пе ен.

Ертеңгі – үміт, кешегім – түс пен елес,
Оңай демс бүгінгі түскен егес,
Кек сақтамай, кешіре білетұғын,
Сол жүрегім әйтеуір кішкене смес.





Шыр еткенде дүниеге туа сала,
Сол жүректі уатқан жыласа ана.
Сол жүрекпен еркелеп ағаларға,
Сол жүрекпен атандым Құдаш аға.

Бұл бір күн

Бұл бір күнім, бұл күнім,
Бұл күнім пай-пай шіркінім!
Бұл күнім алау үмітім,
Ұшында жанған шырпының.
Қомында түнеп түйснің,
Жалында түлеп жылқының.
Қоныс қып жұртын Тұранның,
Мскен қып жұртын Түркінің.
Жетімдей ақыр жетілген,
Жеттім-ау кормей бір ғыным.

Бұл бір күнім, бұл күнім,
Бұл күнім жалғыз мүмкінім.
Бұл күнге дейін канша рет,
У ішіп, жалын бүркідім.
Сүрінген сайын соккы жеп,
Сүйреткі сүйреп сылдыдым.
Сүйектен өтіп суығы,
Сібірді кешкен сүркілім.
Желкесі мықты төзіммен,
Жеттім-ау саған ынтығым.

Бұл бір күнім бұл күнім,
Бұл күннің білсем шын құнын.
Бұл күнім үшін белшсден,



Азаптың тарттым түр-түрін.
Бәрі де болған өнімде,
Түс емес боғы түлкінің.
Арыстан ойнап ішімде,
Айқаспаушы еді кірпігім.
Сабасы берік сабырмен,
Жеттім-ау кетпей сүйкімім.

Бұл бір күнім, бұл күнім,
Бұл күнім ұлы күн-пірім.
Басымнан өтті сан заман,
Уызы тамбай үрпінің.
Төбемнен төнген қара аспан,
Астары калың бұлтының.
Қалмақтың көрдім жұлқуын,
Қоканның көрдім күркуін.
Ояздың көрдім дүмпуін,
ГПУ-дің көрдім тінтуін.
Жендеттің бәрін жер жұтып,
Желкемнің көрсін шұңқырын.

Бұл бір күнім, бұл күнім,
Бұл күнім жүрек дүрсілім.
Бұл күні туған жырымды,
Токтатпас ешбір күңкілің.
Бағыздан бергі арманы,
Бабасы қазақ ұлтының.
Әлемнің жаулап назарын,
Бәленің қақтым мылтығын.
Тажалдың жауып аранын,
Қорқаудың құрттым құлқынын.





Бесігі бейбіт ұрпақтың,
Пейіші шаттық-күлкінің.
Жайнай бер мәңгі, бұл күнім,
Шуакты, нұрлы, шіркінім!.

Жылқы туралы жыр

Асыл тұяқ тұлпар қайдан шығар деп,
Қай айғырдың үйірі, қай биеден туар деп.
Еркекпін деп ес білгеннен бері қарай,
Іздеп келем құмар боп.

Кебежедей кеудесін керіп соққан жүрегі,
Сахараның төсінде сайрап жатқан сүреңі.
Саңлақтар шыққан емес санамнан,
Түсіме де кіреді.

Акын бабам жырындағы тұрқымен,
Ауыздығы қаршылдап, аузы жалын бүркіген.
Арғымаққа ғашық болып жасымнан,
Жусап, өрдім жылқымен.

Шашасына шан тимей, екпінінен жел бұрқап,
Омыраудан жерге жауып тер-бұршақ.
Құйындатқан тұлпардың қияндағы дүбірін,
Қиялдайды енді ұрпақ.

«Қырық мың жылқы жүзіп ішкен айдындар»,
Деген сөзге иланатын әй, кім бар?!
Байталдың да түсіне енер дерт болды,
Бабам баққан айғырлар.





Ортекедсі ойкастап, құйрығын кокке қадаған,
Аш күзендей бауырынан жараған.
Қайран казақы колтума айлап шапса азбаған,
Қазанаттан тараған.

Иесімен тұтасып тура шапқан жалынға,
Шаһиттердің каны қатқан жалында.
Жылқысы да казактың жігітіндей жігерлі,
Тарихтың тағында.

Түзден тарпан кайырып, тағысымен жарысқан,
Тіктеп тиген тұяғы тасты құмдай жанышқан.
Қыз-жігіттің астындағы аттары да кешқұрым,
Кісінсіп табысқан.

Сол жылқының тұқымын іздеймін мен ойға алып,
Сол халықтың ішінде шыркөбелек айналып.
Қаба жалдым болдырып, керік мойын бөтен ат,
Жатқан кезде бәйге алып.

Бас сүйегін тұлпардың жазбай танып кураған,
Сын айта алар сыншыны казак бекер тумаған.
Мүшесін де табақта айырмайды енді ұрпақ,
Піскен етті тураған.

Қуғыншыға дес бермей калың жылқы бұрылған,
Көнек бұлғаған бәйбіше құтым еді бұрыннан.
Келіні де казактың дәл таныған тұлпарды,
Іште жатқан құлыннан.

Ей, казактың жылқысы, ала-кұла түр-түсі,
Бүгінгінің білгені қабырғанның қыртысы.





Өзінікін өзгенің тұяғына бастырған,
Кімнің жыртқан жырттысы?!

Көрмегелі көп болды озғаныңды мәреден,
Көрмегенім көп екен көрем деген дәмеден.
Қайғың батты жаныма қалғаныңда шаң жұтып,
Ұзын топай немеден.

Бабан тұлпар еді ғой, сұңқар еді анаң да,
Қасиеті солардың дарымап па саған да.
Табиғатың түңілер тап келдің бе тағдырға,
Ақша жарыс заманда.

Түсінде де көрмеген Қамбар-ата құрығын,
Ат қораға енгенде шүйіретін мұрынын.
Бәйге алғанда бәз біреу, мені жерге қаратпай,
Кісінеші, құлыным!

Көзі тиіп кетер ме деп қорғаштап жат кісіден,
Таңдай қакса түкіріп, ұшықтайтын мүсін сен.
Шығу керек қас тұлпар тақымы бар қазаққа,
Жылқысының ішінен.

Өз атыңмен тойға барып, өз көйлегін зор сана,
Өзіңдікі-өзіңдікі, жаман, жақсы болса да.
Тайға мінген ұлдар ғана тең ұстайды тізгінді,
Айға барып қонса да.

Бөтен аттың қайсы озып, қайсысы қалсын бәрібір,
Қазанатын бәйгеден күтіп жатыр кәрі қыр.
Жүрген шығар бір тұлпар құрсағыңда биенің,
Берген болса тәңір ұл.





Дала

Уа, менің ұлы далам, ұлан далам,
Мен сенің құлыныңмын бұлаңдаған.
Құйшы маған сырыңды суалмаған,
Қишы маған гүлінді қуармаған.

Уа, менің сайын далам, сайран далам,
Тайыңмын, тайлағыңмын тайраңдаған.
Биігіңе талпынып ой бойлаған,
Тұнығына ұқсайын лайланбаған.

Қазығына казактың бөгелетін,
Бұлтын тауға бурадай шөгелетін.
Заманыңмен ансаған қауышқанда,
Мен көрмеген бар қандай кереметін.

Әмбе алаштың анасы дала дедік.
Бермесек те үйрендік ала беріп.
Аманаттап біздерге кеткен жоқ па,
Бабаларым өзіне пана болып.

Жырымдағы даламсың, әнімдегі,
Саған ғана тартады қаным мені.
Кендігіңді көкसेң әуелдегі,
Бабалардың толқиды кәбірлері.

Шөлдемеді желмаям, болдырмады,
Жер ұйығы мен жүрген жердің бәрі.
Бір төбесінің басына көтерілсем,
Бірнешеуі жан-жақтан көл бұлғады.





Мың жасаған беу, менің мырза, серім!
Мақтандырмай қоймайды күллі әсерің.
Мақтанғанда мен саған сыймай кетем,
Бұдан байтақ болсаң да сыймас едім.

Қызыл қаздар

Күнді көлбеп, бұлтты тербеп, канаттары суылдап,
Қорғалжыңды қызыл қаздар қия алмай жүр
шуылдап.

Лапылдаған қызыл жалын көл бауырлап шарпиды,
Шымырлаған су бетінде моншак жастар қалқиды.

Қоштасарда қауырсынын канатынан жандырып,
Ұя басқан мекеніне белгі етеді қалдырып.
Қоңқак тұмсық кокиказдар Қорғалжында жаралған,
Қауырсыны қалған көлге қайтсе дағы оралған.

Топ-тобымен қызыл қаздар асығады шеруге,
Жаураған ұясына жылу алып келуге.
Ұясындай болмақ қайдан дүниенің байтағы,
Жылу іздеп барған жақтан жылу алып қайтады.

Қызыл қаздар алыстаса Теңіз тонып мұздайды,
Қызыл қаздар оралғанша қызыл күн де қызбайды.
Қызыл қаздар қиқулайды қайта-қайта қосылып,
Өздерімен Қорғалжыңды әкете алмай көшіріп.

Қызыл қаздың қызуы ма Қорғалжыңнан қар кеткен,
Қорғалжыңның қыдыры ма қызыл қаздар әндеткен.
Бір әні бар қызыл қаздың – сейіледі түнегің,
Бір әні бар қызыл қаздың – шыдамайды жүрегің.





Екі әуенмен өтеді өмір, толғандырған Қорқытты,
Қызыл қаздар мені дағы қыл кобыздай толқытты.
Арман бар ма артқыларға жарай алсақ хош деуге,
Қызық дүние басымыздан қызыл қаздай көшкенде.

Рас

Рас, рас,
Сері бабам, сал бабам,
Болған, болған...
Болмақ қайдан ал, маған?!
Қасқыр болу қасқырға да қасірет.
Ит болуға арланам.

Тұлпар мініп, түз шарлайды ой-қиялым,
Құр қиялмен жазылмас бой-құяным.
Өзге жұртқа тисін деген пайдамның,
Өзім шектім зиянын.

Күнге төсеп көкірегінді, көкке ашып,
Жүрген жақсы-ау кең жайлауда шөп басып.
Сап-сау басым..., баттым тағы күнәға,
Имансызбен боқтасып.

Басың мейлі баланса да он ұлға,
Бастың құны доптан арзан тобырға.
Кісілігің кейде іске алғысыз,
Кілтін кісі қолында.

Сайқы сөздер салмағында зіл бардай,
Тәубә дейсің жүргеніңе жынданбай.
Өте шығу қандай ғажап елсмей,
Айдаһардан туғандай.





Кім айтады уайым жок-деп саякта,
Саяк жүрген жанды тағдыр аяп па?!
Қыран тауып, баулу керек алдымен,
Шығу үшін саятка.

Сырлы жүрек, нұрлы жүрек шері іште,
Жан рахаты жалғыз ғана пейіште.
Пендс – пенде.
Пендс сору – пенделік.
Мен де емеспін періште.

* * *

Күндер-ай нұр шағылып бұлақтардан,
Жанымның шаттығымен шуақтанған,
Аңсаймын жиі-жиі елестетіп,
Арудың бейнесіндей ұнап қалған.

Күндер-ай қол жеткізбес жырақтағы,
Қымбат ең, құндамаппын бірақтағы.
Іздеймін мың ойланып, жүз толғанып,
Жоғалтқан жүзігімдей суаттағы.

Күндер-ай тайрандаған бай ұлындай,
Жалғанды басқан жалпак жайылымдай.
Барады ғұмырымның менен ұзап,
Қызы да, кызығы да кайырылмай.





Бақыт

Бақыттымын, бақыт менің еншімдей,
Беу, дүнис, кереметсің, кеңсің ғой.
Бақытсыздық сезінгем жоқ ешқашан,
Біреу маған караса да менсінбей.

Өмір ғажап, ғажап емей не деймін,
Өкініш бар, бірақ, қайғы жемеймін.
Бақыт деген – байлығы емес байлардың,
Бақыт деген – канағаты кедейдің.

Төңіректі шолсаң шығып тауға да,
Тірлік қымбат ауруға да, сауға да.
Тіршілікте одан артық бақыт жоқ,
Тік қарасаң досын түгіл жауға да.

Бәрі өткінші уайым-қайғы, нала-мұң,
Бар ғұмырың – бір ұйқысы баланың.
Бір сұрақтың бар екені ақиқат,
Балын тартып жесең дағы араның.

Бағаласаң арттыратын бар мәнін,
Бақыт осы – кешкен дүние – жалғаның.
Бақыт деген – үзілмеген үмітің,
Бақыт деген – таусылмаған арманың.





Күнделік жазбадым

Жылдар жылжып, күндер құйғып шапса да,
Өмір – өзен аласұрып ақса да.
Мен күнделік жазған жоқпын, сағаттар
Қоңыраулап безек-безек қақса да.

Мақтау естіп, жаным рахат тапса да,
Ат мінгізіп халқым, шапан жапса да.
Мен күнделік жазған жоқпын күпініп,
Сәлем беріп келгенде де патшаға.

Сырласқаным сан соқтырып сатса да,
Ту сыртымнан иттің қиын жақса да.
Мен күнделік жазған жоқпын зар төгіп,
Жүрегімнің жүз жерінен батса да.

Жолдас болдым кәріге де, жасқа да,
Молдаға да, мылжыңдаған масқа да.
Мен күнделік жазған жоқпын тізбелеп,
Өз ішімде өзіме аян әпсана.

Көп айтысым түспей қалды таспаға,
Көп өлеңім жетпей жатыр баспаға.
Мен күнделік жазған жоқпын, жырларым,
Қажет болса баяндайды басқаға.





Тамаша ақ жаңбырдай, жауған нұрдай,
Сезімге өткен жан жоқ мәңгі алдырмай.
Еш ақын кете алмайды дүниеден,
Ғашықтар әлсіндс ән қалдырмай.

Сараңдық кім жасаған сүйетінге,
Кезің сол уәденді үйетін де.
Күнге де қолың жетсе аспандағы,
Бір қызға ойланбас ең сый етуге.

Болса да кей оқиға тым қайғылы,
Ән қанша қырда әйгілі, сырда әйгілі.
Еш асыл бодауына тең келмеген,
Ақынның шашылғанда жыр-байлығы.

Шашылып кірпігінен таңдағы арай,
Шок түсіп, ішім оттай лаулағаны-ай.
Болмадық, бола алмадық ең құрыса,
Токсанды толғандырған Салғарадай.

Жабырқама жақтырмаса әлдекім,
Жақсылық ет жеткенінше бар демін.
Туыстай боп кеткен досым аз емес,
Достығы жоқ туысым да бар менін.

Достық үшін керсгі не антынның,
Нағыз достық ақ ниеті әркімнің.
Екі адамды жарастырған татулық,
Бірлігіне жетелсйді халқыңның.





Бұл фәнидің тасқыны мен көшкінін,
Кешіп шығар білген ғана дос құнын.
Ескі досы өзгермейді қасында,
Есебінен жаңылмайтын естінің.

Дос өлмесін.
Сынды талай тірегім,
Табыт тасып талды талдай білегім.
Неткен азап келе жату көтеріп,
Жан досыңның сокпай қалған жүрегін.

Тозақ иісі аңқыған соң үйінен,
Ағамды да араздыкқа қиып ем.
Періштесі сырт айналған досымды,
Ібілістен бездіре алмай күйінем.


Құран сөзін әркім ұғып, барласа,
Шын достыққа мейірімді Алла аса.
Бәрі бекер қаумалаған достарың,
Қияметте танып келе алмаса.

Немере

Гүл сыйлап куантқандай жылға көктем,
Көңілім құлпырады нұрға бөккен.
Жұтамын жас иісін немеремнің,
Жасындай Лұқпанның мыңға жеткен.

Жүрегім, өзін айтшы төрелігін,
Ұрпағы өсіп-өнсе өледі кім?!
Жөргекке бөлеп жатқан сәби болып,
Бұл менің шапағатқа бөленуім.

530751





Түрленіп домбырамның шегінде әнім,
Жуылды көкіректен шерім, зарым.
Мәңгінің суын тапқан Ескендірдей,
Сәбиге айналады менің жаным.

Арына құлдық ұрып кірлемеген,
Еркімді өзге қандай пірге берем.
Жаулаған жарты әлемді Атилладай,
Баурады басы бүтін бұл немерем.

Сіңіріп иман нұрын саған, бөпем,
Сананды салиқалы хабарлы етем.
Тұрғызған Түркістанды Темірландай,
Басыңа бақ орната алар ма екем.

Сен жатқан таң ғажайып әлем бесік,
Қорғасын періштелер әуенде ұшып.
Мен тұрам Арафатқа шыққандай боп,
Сен тұрсаң құбыламен сәлемдесіп.

Таразы

Көргеніме ақыл-ойым таразы,
Жазсам жетпес дүниенің қағазы.
Таразының өзі талас, қайшылық,
Екі басы бір-біріне наразы.

Ақка қарсы қараның да парқы бар,
Текетірес теңдестіру шарты бар.
Қоғам-тоған түпте жатқан қордасы,
Көзсіз батыр мен емеспін малтығар.





Қозғау үшін шахматтың әр тасын,
Саусағыңды бір созып, бір тартасын.
Оқ қайнатқан сордың суын қарпып ап,
Біреу маған ұсынады малтасын.

Заман тілі біз ұққаннан тыс тілде,
Қазысының өзі қазық үстінде.
Қараңғыда жүріп жатқан қайшылық,
Өзгермейді-ау мен білетін үш күнде.

Бал ашқанға елестейді құт құсы,
Аңдап сөйлер балгердің де мықтысы.
Ал, әйтпесе мысық барын білмей ме,
Тышқан толған көк сарайдың кілтшісі?!

Көленкемен бірге көшкен күйбеңдеп,
Күйе көттер күйсеп отыр сүйреңдеп.
Еркек тоқтым ерке тоқал гәрізді,
Иесіне ит құйрығы иреңдеп.

Солай, солай кете берер жалғасып,
Тоқсан ойың тоқсан жакка тармасып.
Екі срініне екі күзет қоясың,
Екі қолың қалмас үшін қармасып.





Кетем

Мен де кетем бұл елден, тұра алмаймын,
Жусауынан жаңылған құландаймын.
Бірақ, ешкім оралмас шылауыма,
Ауылындай жамырап Құнанбайдың.

Шығып алып басына боз адырдың,
Ұлытамын көкжалын өз арымның.
Тіпті байлап қойса да тұра алмаспын,
Бар ұрпағы жабылып Қожағұлдың.

Кетем, кетем меңірсу мекенге бір,
Тоғышарға торықпа бскер көңіл.
Құл боп барып, сұлтандық құрып өткен,
Бабамыздың рухы шет елде жүр.

Шет елден де шеткері бет алысым,
Шет ел асу сатқындық отан үшін.
Шекем шылқи қоймаған төніректен,
Шетке апарып шерінді қотар ішім.

Шекпен емес, шен де емес ренішім,
Тілім еді туғаннан сүйенішім.
Сол тілімнің күн сайын қорланғанын,
Көргім келмей киналам, білемісің?

Қасиетім кашанғы құлдырамақ,
Кімге бола отырмыз туды қадап.
Кетем, кетем біреуді қаппас үшін,
Жетелеп ап итімді жүндібалақ.



Мәнгүрттіктің ордасы түгел кеңсе,
Міз бакпастай шүршіттен түмен келсе.
Кетем, кетем ұлтжанды Сымағұлдай,
Пешке тығып тәнімді жібергенше.

Ертеңгі күнім ерттеулі тұрған құр аттай,
Ертеңге жетсем жанады көзім шырақтай.
Бір аттан түсіп, бір атқа қонып мына мен,
Құйғытып келем тірліктің туын құлатпай.

Құр атқа мінсем қуатын менде арман көп,
Арманды қуған ойлай ма дүние жалған деп.
Күндерді айға, айларды жылға тоғытып.
Думанды дүние, тойыңнан қапыл қалғам жоқ.

Қыз қуу десең онын да қалған біздерден,
Құтылмаушы еді-ау болса да дүлдүл жүз жерден.
Қызық дегенің қызыл ерін бе тәйір-ау,
Оның да шабақ, шортанды көлде жүзген жем.

Жиырма бес жастың қызығын қойшы жеткізбес,
Қаласа құдай жүзді де тойсыз еткізбес.
Жарау күндер де, жауыр күндер де бар менде,
Бір ертең алда жалына саусак леккізбес.





Замандар

Заман, заман арғы, бергі..., Қай заман?
Қай заманды қалайсың сен, қайманам.
Бабалар көп басын оққа байлаған,
Басқыншы жоқ бастан бағы таймаған.

Заман, заман.
Жыл санаудан бұрын да,
Ұлы ғұндар бет қаратпай тұруға,
Айғырларын ұстау үшін тарпанның,
Шырқыратып бұрау салған құлынға.

Сол заманда Қытай, Танғұт, Көгере,
Сыйға тартқан сұлуларын Мөдеге.
Қара құрттай құжынаған шүршітгің,
Шыбын жаны шырқыраған төбеде.

Тақымында түздің тарпаң тағысы,
Жердің жүзін дүрліктірген шабысы.
Одан бұрын аңызда да болмаған,
Адам басты хайуанның дабысы.

Ғұн дегенде тітіренген түрлі жау.
Түркі боп та, Түркеш боп та кырдық-ау.
Мойнымызға түскен жоқ па айналып,
Талайларды тұншықтырған қыл бұрау.

Қағанымыз тізеліні бүктірген,
Қорғандарды талқандап құм үктірген.
Тас сарайды жермен жексен жайратып,
Орынына ақ шатырын тіктірген.





Ақ шатырда уықтары сүмбілдей,
Жатқан қаған үйді қайтсін үнгірдей.
Сол салтанат бір-ақ ауыз әнгіме,
Бәрі соның өте шыққан бір күндей.

Ақ шатырдың қаһарынан қорғалап,
Тағдырының соңғы үкімі сонда қап.
Ажал күтіп отырды екен қанша жан,
Сақалынан қанды жасы сорғалап.

Бар заманның пақыры бар зар қакқан,
Әр заманның өз тізесі бар батқан.
Саллаудин найзасына қан қатқан,
Шыңғысхан да дүниені шаңдатқан.

Қайда кетті айбынымыз ақырған?
Ақырғанда дүниені жапырған.
Тумай жатып жүрегіне түк өсіп,
Қан уыстап туатұғын жатырдан.

Қайран бабам камалдан ат қарғытқан,
Бақыт па сол қанын төгіп, қан жұтқан.
Ақырында жау көбейтіп жаулықтан,
Даңкың кетіп, дақпырт қалды қарлыққан.

Құқайына төзіп не бір басқынның,
Талайына төтеп берген тасқынның.
Ұл табатын келін бүгін қалды ма,
Жүрегіне жерік болып қасқырдың?!

Заман, заман, арғы, бергі.., Қай заман?
Басқыншы жоқ бастан бағы таймаған.





Тыныштықты тіле енді қайманам,
Тыныш болсын орыс, қытай, айналаң.

Алдан күтіп ғасырларды мыңдаған,
Әлі қанша өзгергелі тұр ғалам.
Өткен заман өткендердің тағдыры,
Өз тағдырың, өз тарихың бұл заман.
Келесісін ұрпақ көрер тумаған.
Енді қайтып тірілмейді бір бабаң.

Бетсіздік

Бетсіздерге бет терісі бетперде,
Бетті бастым көзім әбден жеткенде.
Беттің арын сатып койса бейбағың,
Беттесуге татымайды текті ерге.

Бактерия бомбасындай ғаламдық,
Бір басында бықсық, коксық, қараулық...
Бұл жасында білмейтін жоқ пәлесі,
Бұны айналып өткендей-ақ баландық.

Бірді – бірге, жынды – піргс қамдаған,
Бүкір біздей ептисін-ай!, таңданам.
Бит бүйіден тор құруды үйренсе,
Бұның арты не боларын аңғарам.



Сағыныш

Жүрегімде сәбидей жылы ораған,
Сағыныш бар.
Сырласып тұрам әман.
Тәтті күндер біртіндеп барады ұзап,
Балалардай бір-бірін қуалаған.

Бір әуен бар ссргітер қалғымастай,
Қиялым кетеді еріп қаңғыбастай.
Шыр айналып жұртында көшкен үйдің,
Таппай қалған ұясын қарлығаштай.

Бір тәтті дәм,
Аңсарым ауып соған,
Ұйықтап жатып кезім көп дауыстаған.
Таңдайымда тұрады тамсандырып,
Ол қандай дәм, мен ішіп тауыспаған?.

Місе тұтпай рахатты жанға лайық,
Құмартқаным ол нсткен таңғажайып?
Сол әлемге құштармын өзім жүрген,
Сол әлемде бакытты бар халайық.

Ешкім көзге ілмеген даралығын,
Жирен емес, торы емес, қара құлын.
Мені оятып...
Кетеді ғайып болып.
Сосын сені сағынам, Балалығым!





Достар

Өмірдің мынау ұлы ағысында,
Сендер деп жаным құрақ ұшуда.
Өздеріңменен бөлісіп жүрген,
Қуаныш екен қуанышым да.

Болса да бөлек тағдыр-талайым,
Сендерсіз қалай сабыр табайын.
Кездесу керек, жүздесу керек,
Сырласу керек, жабырқамайын.

Тірліктің қызған майдан, күресін,
Токтарын қашан қайдан білесің.
Жалықтырмайтын жарастығымен,
Сендерді көрсем жайнайды кешім.

Келмеппіз бскер осы жалғанға,
Арманымызды қосып арманға.
Күннің өзі де қызығатындай,
Нұрын төгеді досы бар жанға.





Тәңірі тау

Боса көшкен еңірсп зарлы жылда,
Тәңірі таудың бір ел бар арғы ығында.
Қасиетін кастерлеп ата жұрттың,
Топырағын сақтаған сандығында.

Қанша өтсе де көк нөсер, қарлы тасқын,
Жуылмайды дақтары қанды жастын.
Илеуіне құлаған құмырсканын,
Балапаны ғой олар қарлығаштың.

Жатқа жанын қоса алмай қысқа өмірде,
Жол жөнекей соккандай түстенуге.
Жәрмеңкеден қайткандай дабырласып,
Көшіп бара жатады түстерінде.

Баласы да тыс қалмай кірген есі,
Сүбесіне құштарлық сіңген осы.
Күндс жұтып жүретін ауаның да,
Осы жерде жетпейді бірденесі.

Түріп қуып шықса да зауал сан мың,
Ауған тұсы ата жұрт бар ансардың.
Дөңгелетіп жүз қайта үңілсе де,
Бір нүктесі ғана ыстық ғаламшардың.

Жау атаған, шығарып қанды кесім,
Ата жұртта қалдырған заңды үлесін.
«Контра» шал ымыртта күрсініп ап,
Қайталайды күндегі әңгімесін.

Әбден жауыр бөлса да күнде айтылып,
Айта алмайды дәл ешкім мұндай қылып.





Қаумалайды жас-кәрі ақсақалды,
Саптыаякка тұндырған судай тынып.

Ұмытады сол сәт жұрт шаршағанын,
Шал да ұмытар қартайып, қаусағанын.
Сөгеді кеп орыстың үкіметін,
Қарғысына қалды деп қаншаманың.

Ауып түгел ес-дерті ырықтары,
Әңгімеге берілер құлықтары.
Шал нұсқаса тау сыртын исімен,
Үніледі бастарын бұрып бәрі.

Кеудесіне әркімнің шуақ толып,
Тұрғандай-ақ нобайын шын-ақ көріп.
Тәңірі таудың сонау бір қырқасынан,
Қазақ жері елестер жұмақ болып.

Қоламтасын тарихтың көсеп алып,
Шал жаңылмай толғайды, есебі анық.
Суреттейді бояуын түрлендіріп,
Оралғандай сол жақтан, кеше барып.

2 Әңгіме әлпеті

Тәңірі таудың сыртында отанымыз,
Біз қазақпыз, биікпіз, жоталымыз.
Ұлан байтақ далаға ұя басқан,
Асқақ ұлттың адасқан отауымыз.

Жылқысы көп, құландар араласқан,
Ат үйіріш таба алмай, көп адасқан.





Мыңғыраған ел едік бір заманда,
Қой-ешкісі киікпен қораласқан.

Әскерінің көрмеген басы іркіліп,
Нәсіліміз байырғы асыл түрік.
Бір заманда кентавр атаныпты,
Гректердің тобасын қасым кылып.

Тартынатын кегін де ащы етуге,
Жасамайтын қиянат жас жетімге.
Ойлап тапқан түркілер жазуды да,
Айғағы оның мәңгілік тас бетінде.

«Маймылдардан жаралған жаранбыз», - деп,
Ғылым болжам айтса да бағамсыз көп.
Адам атадан бастап шежіресін,
Қазақ қана отырған «Адамбыз» деп.

Күніне мың Алланы ұлықтандар,
Уақыт жақын кереге, уық қамдар.
Ата жұртқа енетін дәлелдерің,
Баба тілін ешқашан ұмытпаңдар.

Бойда барда қуатым ат камшылар,
Елге оралу бар тілек хақтан сұрар.
Хансулардай балаға шектеуі жоқ,
Қазақ сыймай далаға жатқан шығар.

Жайлы коныс, жайлауы берекенің,
Көрерсіңдер жайдары ел екенін.
Жеті атаны сұраса мүдірмендер,
Білмеу намыс қазаққа көне тегін.





Ат тоздырып қоштасар тағасымен,
Жалпак жонды жазира даласы кең.
Сыйластығы әлемге үлгі етерлік,
Күреспейді жиені нағашымен.

Ашамайға мінгізсе ерке ұлын,
Көкпаршыға қылатын серкені ырым.
Жасы алдына түспейді кәрісінің,
Жолын кеспейді әйелі еркегінің.

Иесіз үйге енсе де ошағы аман,
Аттамайды сәлемсіз босағадан.
Шүршіттердей саусақты шаппаса да,
Жіп жоғалмас құлыпсыз шошаладан.

Көпті көрген көне көз сол ғұлама,
Қол созады содан соң домбыраға.
Көзі түсіп Бенжіңнің тыңшысына,
– Сен де тыңда, - дейді оған, - «Боғды бала».

Іштен мінеп, жас жуып жүрек өңін,
«Бокты хан», - деп кейпіне күледі оның.
Еске түсіп түрмедес Қажығұмар,
Таңжарықтың бастайды бір өлеңін.

Көмекейден ұшырып ала үйректі,
Дауысын қарт бүгін де дәуірлетті.
Қозды арқасы әкеліп көз алдына,
Оспан батыр, қолбасшы Қалибекті.





3 Сүйінші хабар

Тәңірі таудың жайлаған арғы жағын,
Әлде неше суытқан арғымағын.
Қалың жұртты бір хабар дүр сілкінтті,
Желге тосып қалғитын жар құлағын.

Қазақ үшін күйзелген жан-жүйесі,
Мына хабар – хабардың әулиесі.
Қайталашы тағы бір. Не деп тұрсың?!
Айналайын «Азаттық» радиосы.

Мен естідім, бауырым, сен де естігін,
Қазақстан алыпты дербестігін!
Сүйіншіге канекей шаптырындар,
Жалау байлап жалына кер бестінің.

Өлсем енді арман жоқ, құрбан басым,
Көл боп еді жүректі жуған жасым.
Тулат, тулат қазақтың қанын, жанын,
Бұл хабардан біреуі құр қалмасын!

Етегіне деуші едім жетсе қолым,
Енді айрылсам өлгенім, сеспегенім.
Маңдайына ұлтымның жазған екен,
Абылай мен Абайдың көкsegенін.

Қалмай бейқам бей-жай жас, селсоқ кәрі,
Билеп кеткен секілді жер-көк бәрі.
Саған мәңгі қарыздар ісі қазақ,
Тоқсан бірдің жұлдызды желтоқсаны.





Он алтыншы желтоқсан хабаршы күн,
Тәңірі таудың жаңғыртты тәмам шыңын.
Көк нәсер күй шалқыды көкіректе,
Көкке ұшырып көңілдің көгәршынын.

Қасіреттің азабын тартқан халық,
Нәссін аяр бақытын тапқанда анық.
Деді біреу сол сәтте көп ішінсін;
«Сүйінші сұрау керек қарттан барып».

– Ата жұрттан ілескен көне көшке,
Қалған тұяқ тектіден сол емес пе?
– Қалибек пен Оспанның сарбазы ғой,
Өзгертпеген сенімін зор егесте.

– Өсиетті ұқтырған сол емес пе?
– Қасиетті жұқтырған сол емес пе?
– Әңгімеге қандырған сол емес пе?
– Тәрбиеге тән қылған сол емес пе?

Түйісті де жанарлар жалтылдасып,
Солай қарай беттеді қауқылдасып.
Тәңірі таудың баурында ханға тіккен,
Қарт жаппасы секілді алтын лашық.

Сабырлы қарт абдырап бұл әзірде,
Айрылғандай ссінен сірә мүлде.
– Сүйінші, ата!,
– Сүйінші!,
– Сүйінші, ата!,
– Сіз де аман жеттіңіз мына күнге.





– Сүйінші, ата, арманың орындалды,
Көш бастаңыз, тек атқа кону қалды.
Сізге карап, бой түзеп өскен жұртын,
Есігіңнің алдына шоғырланды.

– Сүйінші, ата, үстемдік тізе бүкті,
Енді алаштың ұлы мен қызы ерікті.
Керей хан мен Жәнібек тіккен байрақ,
Тұғырына қайтадан түзеліпті.

– Арманым жоқ, - деді қарт, шырайланып,
Үш қайта айтты бұл сөзді мың ойланып.
Кемсендеді көзінен жас домалап,
Риза еді жарықтық күдайға анық.

Қабыл болып ғұмырлық дұға, амалы,
Осы еді оның ен соңғы жылағаны.
Қаншама жыл күттірген қуаныштан,
Қарт жүрегі жарылды, шыдамады.

Балбал тас

Түркі – қазақ.
Қазақ – түркі, тек қусан,
Екеуін де жоқ қыласың жоқ қылсаң.
Балбал тастар бұлтартпайды тарихты,
Ақиқатқа шындық көкसेп бет бұрсаң.

Өлім – уақыт. Ал тірліктің соңы жоқ,
Тас кейпінде тілдеседі Тоныкөк.
Қанша ғасыр балбал тасқа қарайлап,
Түркі рухы жүрді айналып бөрі боп.





Бұл тас кітап жетпейтұғын құлашың,
Оқып тұрып көздің жасын сығасың.
Тастың тілі талкандайды, жаныштап,
Талайлардың том-том күмән, шүбәсін.

Тас салмағы ауыр. Бірақ ұлы жүк,
Көтер елім бірлігіңмен жұмылып.
Толғанғанын естіді ме Олжастың,
Тас Күлтегін сөз боп келді тіріліп.

Қара тасқа қашап жазған әр әріп,
Сөйлеп жатыр жаңалық боп жаралып.
Қағаз болса күлі қалмас еді ғой,
Тас болғаны неткен ұлы даналық.

Тастың тілін ұқпағандар таскерен,
Таскеренді қайрау керек таспенен.
Тары құсап жатқандаймыз шашылып,
Тасқа карап ойланбасак баспенен.

Көкте тәңір, жерде түркі жұрты едім,
Көк найзаны күн астында сілтедім.
Көк қағазға біздер сатқан жер үшін,
Көк бөрідей жұлысыпты Күлтегін.





Кекіліктегі күйзеліс

Күйреді ұлы мақсат мақұлданбай,
Күйзелді жүрек сенбей, ақыл нанбай.
Шатынап қос жанары хан-Кененің,
Түңіліп шыбын жаннан аһ ұрғандай.

Екі айтпас бір айтқанын ер еді ғой,
Қайғысы бар қазақтың шері еді ғой.
Етінен ет кессе де сыр бермейтін,
Еңсесін езгілейді ереуіл ой.

Не қалды бойын сақтап, жан баққандай,
Қып-қызыл дүниені қан жапқандай.
Қамалап қалың қырғыз Кекілікте,
Басына заман ақыр орнатқандай.

Теңселіп торығады текті Кене,
Кім үшін мұнша азап шекті? Неге?!
Қақпанда бәрі аяғын қалдырғандай,
Дағдартып дулат қолы кетті неге?

Етекпен басу ма еді ергендігі,
Бұл қалай, құрбандыққа бергендігі.
Сыпатай жал-құйрығын күзеп кетті-ау,
Суырып қок семсерді сермер күні.

Суырылса суымайтын қанға батпай,
Сарт етіп сағы сынды-ау шарболаттай.
Күңіретіп Алатауды шарқ ұрады,
Қамшылап құйымшағын қалған аттай.





Мүддесі ортақ еді күллі алашка,
Жат па еді айыр қалпақ тумаласқа.
Қазақты қатын бастап кепті дер сд,
Соңынан қашқан елдің бұл да қашса.

Өлсе де мазаққа қап, өлмек емес,
Жатпайды биік рухы көрде де бос.
Орыстың көптігінен ықпаған ер,
Алдында аз қырғыздың дөңгелмес.

Тік ұстап Кенесары хан тұлғасын,
Имеді кессе дағы алтын басын.
Сүймеді сұлуларын қырғыздардың,
Татпады табақ-табақ әр түрлі асын.

Келсе де келіссөзге манаптары,
Хан Кене біріне бет қаратпады.
Қазақтың торға түскен арыстанын,
Не істерін білмей қырғыз алақтады.

Көзінен кескен бастың ашық қалған,
Кек көріп талай қырғыз шошып қалған.
Орысқа киды сосын..., Бірлігі жоқ
Қазақтың басын жинап машықтанған.





Нөкер қылыш

Қылыш сермей білмегендер қынап тағып жүрмеген,
 Алдаспанның ақиқаты қара жерге кірмеген.
 Ұста соққан семсердің де қан тілсіді тәмірі,
 Құдай ғана күнадан пәк адамша өмір сүрмеген.

Хан билігі ұлы билік.
 Хан халықтың маңдайы,
 Хан маңдайы жарқырамай елдің оңбас жағдайы.
 Кенесары ер еді ғой, ермегендер құртты оны,
 Арыстанның ақырғанда жер жарады айғайы.

Ермей қалған өңшең қортық, кебже қарын, бос өкпе,
 Елден қуса қайтер еді теріс таңып сәскке.
 Сол ашумен шапты ауылын сұлтан Қоңырқұлжаның,
 Ол сасқаннан тастай қашты тоқалын да төсекте.

Жай ұрғанмен тас төбеден кетті Қоңыр құтылып,
 Шала киген кең дамбалын шеңгел ғана сыпырып.
 Еті қызған нөкерлері ойрандады ауылды,
 Емін-еркін қойға шапқан аш бөрідсі құтырып.

Төрені іздеп тіміскіді, туырлықты тілгілеп,
 Тілгіленген тесіктерден ішке қарай ұрды леп.
 Төсегінде бір уыс боп отыр тоқал үлбіреп,
 Сүйрелеуге бірақ оны дауаламас бір жүрек.

Қазан-ошақ төңкеріліп, басқұр, бақан шашылды,
 Шаң-шұң айқай,
 сарт-сұрт сойыл ауыл құтын қашырды.
 Түйе боздап, қой маңырап,
 бала жылап жан-жақтан,
 Үлкен-кіші «Алдиярлап!» хан алдына бас ұрды.





Өр жігіттер лажы құрып, иірілді котанға,
Жан қалған жоқ деген шақта ордада, не отауда.
Қоңыр төре дүрс соғып, тілін кескен тақауда,
Қылыш тиді оқыста бір бсбеу қакқан сақауға.

Сол-ақ екен ойбай салып, ұмтылды әйел тұтқыннан,
Жолын бөгер дәті жетіп, жан болмады түк қылған.
Ащы зардан тау теңселіп, көл шайқалып кеткендей,
Барлығы үнсіз, еш қимылсыз,
дем шыкпайды жұтқыннан.

– Не жазып ең?!

Не жазып ек?!

Құлыным-ай!,

Құлыным!

Саңлағым-ай! Ардағым-ай, сәйкесіндей бұғының.
Қыл бұрауға айналғандай буындырып бұрымым,
Бөлтірігін бүркіт ілген көк каншыктай ұлыдым.

Ел иесі хан – Кене деп жанды ұрып ең белсеніп,
Ажалыңа көрінген-ау, жарығыңа өлшеніп.
Келді міне Кенесарың күтіп жүрген сен сеніп,
Әркім сендей адалдығын дәлелдейтін болса өліп.

Ей, Хан ием-ай,

Қоңырқұлжа тілін кескен сен үшін,
Жалғызымның көрмедің бе камшы тілген терісін.
Қосылмаған бастарына кінәлі ме қарашың,
Үйір қуған сәуіріктердей дай-дай еткен ел ішін?!

Хан Кене тұр түсі қашып, ішін ашып кім қарар,
Хан жүрегін қансыратып кидалады-ау бұл зауал.





Тұла бойы шымырлайды, қос жанары сұстанып,
Қу жалғыздың құны үшін кімнің басын ұйғарар.

Нөкерін бе?

– Жан пида етіп, отқа түсер түс десе,
Қайтеді өйтіп, бір у жұтып, тағы бір у ішпесе.
Кім ереді онда бұған, кім сенеді сөзіне.
Өз үйірін өзі тапап, өзі қуып тістесе.

Түнерген хан бір заматта найзағайдай жарқ етті,
– Босатыңдар!,
– Тарандар!, - деп өктем үні санқ етті.
Сосын қарап басы айтты хан салтымен анаға,
–Ұлың – шаһит!,
Азаматым абайсызда қан төкті.

Опат болған арысынның құнын өзім жүктенем,
Алаш үшін атқа кондым, бір Аллаға нық сенем.
Алтын басым, асыл жаным халкым үшін құрбандық,
Қаһарымды қазаққа емес кәпірлерге тіктеп ем.

Ханның сыры шашылмайды ала құйын көшсе де,
Жүрегiнiң тұс-тұсынан сансыз жебе тессе де.
Енді ананың өз ыркында кешпесе де, кешсе де,
Ханның басы бұдан төмен иілмейді кессе де.

Ханның басы – елдің басы.

Хан біреу-ақ.

Нөкер көп,
Ақымақтан нөкер жиса абыройын стер жоқ.
Қылықтары, былықтары жирендірер солардың,
Қалтақ-құлтақ, жалтақ-жұлтақ,
жалпаң қаққан тепендеп.





Күлсауыт

Мыс мүсінін жолбарыстың атылуға оқталған,
Күлсауытка айналдырып, бүйіріне шок салған.
Көк түтінді будақтатып, отыр маңғаз мырзалар,
Прокурордың құрметіне саяжайға топталған.

Прокурорға стенелер осал емес, бір-бір шын,
Сол шындардың деңгейіне бойын жетпей ділгірсің.
Жолбарыстың бүйіріне шок себелеп, сыздаған,
Олар үшін қандай ләззат бар екенін кім білсін.

Шенді шекпен осыларда дәмелілер көп пішкен,
Күлсауыттың хикаясы жұмбақ емес топқа үстем.
Жоралғысын жасаған ғой.., Жолбарыстың мүсінін,
Бір керемет сыйлапты оған, етсегіне шок түскен.

Күн көзіне шағылады күлсауыттың жылтыры,
Тірі болса бұл жолбарыс не болары күлкілі.
Тірі жатқан хайуанның бүйіріне шок түссе,
Мына отырған мырзалардың шығар еді-ау шыр-пыры.

Жансыз мүсін тірілердің ойыншығы, срмегі,
Ол да мүмкін бір шебердің күн көретін еңбегі.
Қолдан келсе құдай жасап, қуыршақ қып ойнауға,
Құдай өзі құмар етіп, жаратқандай пендені.

Біреу көріп, дәл айтады, Біреу естіп, топшылар,
Ерлік істер қайталанар, бірақ, ұзақ тостырар.
Атылуға дайындалған жолбарысты құйрықтан,
Ұстай алып жерге ұратын жігіт бүгін жоқ шығар.





Күлсауыт

Мыс мүсінін жолбарыстың атылуға оқталған,
Күлсауытка айналдырып, бүйіріне шок салған.
Көк түтінді будақтатып, отыр маңғаз мырзалар,
Прокурордың құрметіне саяжайға топталған.

Прокурорға етенелер осал емес, бір-бір шын,
Сол шындардың деңгейіне бойың жетпей ділгірсін.
Жолбарыстың бүйіріне шок себелеп, сыздаған,
Олар үшін қандай ләззат бар екенін кім білсін.

Шенді шекпен осыларда дәмелілер көп пішкен,
Күлсауыттың хикаясы жұмбақ емес топқа үстем.
Жоралғысын жасаған ғой..., Жолбарыстың мүсінін,
Бір керемет сыйлапты оған, етегіне шок түскен.

Күн көзіне шағылады күлсауыттың жылтыры,
Тірі болса бұл жолбарыс не болары күлкілі.
Тірі жатқан хайуанның бүйіріне шок түссе,
Мына отырған мырзалардың шығар еді-ау шыр-пыры.

Жансыз мүсін тірілердің ойыншығы, ермегі,
Ол да мүмкін бір шебердің күн көретін сңбегі.
Қолдан келсе құдай жасап, қуыршақ қып ойнауға,
Құдай өзі құмар етіп, жаратқандай пендені.

Бірсу көріп, дәл айтады, Біреу естіп, топшылар,
Ерлік істер қайталанар, бірақ, ұзақ тостырар.
Атылуға дайындалған жолбарысты құйрықтан,
Ұстай алып жерге ұратын жігіт бүгін жоқ шығар.



Ну камыстын алаңында. Алакеуім. Күн тұман.
Кенесары теріс карап отыр еді. Сыртынан.
Бір жолбарыс атылуға дайындалған сәт екен,
Созылғанда үйдей камыс жапырылып тұрқынан.

Хан ағасын карауылдап жүретұғын сақ болып,
Сол мезетте Науырызбай үстеріне тап келіп.
Енді-енді қарғығалы оңтайланған жыртқышты,
Айналдырып жерге сокқан құйрығынан шап беріп.

Бір қолында он кісінің қуаты бар жас ұлан,
Жалт-жұлт стіп қос жанары, «не дейді - деп - осыған»,
Ағасына карағанда, мырс етеді хан-Кене;
«Бір мысықты өлтірдім деп, түрін құрысын тасыған».

Кенесары күткен ерлік одандағы зор ма еді,
Неге әйтпесе көзге ілмеді? Аңғартады ол нені?
Жолбарысың жолбарыс кой, мысық мысық емес пе,
Сол оқиға түсті есіме күлсауытты көргелі.

Карап тұрсаң жоны жолақ, тағыл-тарғыл аркасы,
Жолбарыстан айнымайды Қазақстан картасы.
Темекінің тұқылындай бойына у жинаған,
Құлайды оған космостан ракетаның қаңқасы.

Темекінің күлін шертіп, күл сауытқа себелеп,
Саяжайда отыр өңкей, ығай-сығай ең ерек.
Прокурорға сый тартылды. Хан Кененің мүсіні,
Кене ханды прокурорым білмейді екен не керек.

Бұқа мойын бір байшыкеш, күйектегі қошқардай,
Прокурорға тартты сыйын қошеметпен қос қолдай.
Сол бір сәтте тітіреніп, кетті жаным түршігіп,
Кенекемнің басын әкеп тоғышарға тосқандай.



Наурызбай батыр

Қамшының сабындай
Одан да қысқарақ, шаһидтың ғұмыры.
Сытырлап сынды ғой тұғыры.
Нысанбай ысады қобызын. Білеудей сіңірі.
Қарт жырау толғайды даланың қыдыры.
Күй болып саркылдап қайнайды зығыры.
Бозаннан естіліп бозауыз тұлпардың дүбірі,
Келеді кісінеп ақ көбік шығыры.
Иесін іздейді тез жеткен іңірі.
Қара тас қосыла жылайды, адамзат түгілі.
Қазасын кім айтып жеткізер
Қазанда қайнады казактың бір ұлы.

Бозауыз өлсе де өлмепті шабысы,
Наурызбай өлсе де өлмепті дабысы.
Қазанда қайнаған ол емес! – казактың намысы.
Қырғызбен пісе алмай тарысы,
Осылай толғайды Нысанбай кәрісі.
Сатқындық құртты ғой, әйтпесе оң еді хан ісі,
Қан емес ұяттан қып-қызыл Таластың ағысы.
Ішінен іріген казактың қалмады мәнісі.
Қыл кобыз сарнайды,
Жыраудың саусағы қарысып, жылайды кан іші.
Қыршыннан қиылды алаштың арысы
Төсіне қадалған найзаның әр ұшы
батса да бағынбай жүректің қағысы,
–...Әлі де төбеңде тұрмын!, - деп,
құлактан кетпейді дауысы.

Ұранын жаңғыртса даланы шарлатып,
Бетіне бетпе-бет келе алмас жан батып,





Жас Науан өтті ғой, кетті ғой сарнатып.
Қайғысы қасірет, өкініш орнатып.
Ағыбай боздайды көз жасын парлатып.
Боршалап боздағын жалматып.
Сүйекке таңбасы басылды,
Аркадан бұйырмай тар лақыт.
Науан жан!, Науан-ай, жебесін оздырған заулатып,
Жүзіктің көзінсн өткізген жамбы атып.
ұйқыдан безгеннен қабағы сәл катып,
Жүретін оқ бойы алға озып жарағы жаркылдап,
жасағы соңында,
Тәкәппар мінезі хан затын аңдатып,
Тым албырт жаужүрек жатпайтын оң-солын барлатып.
Өйткені хас батыр сөйтеді жалынын лаулатып.

Ағыбай көкірек көзінен сорасын саулатып,
Аһ ұрып күрсінген бакиға аттанып бара жатып,
Тулаған Көкбурыл таскынын, ағызған тасты да аунатып,
Кешкенде бозауыз тұлпарын жалдатып,
Қасында болғаны ажолтай еріне зор бақыт.
Әли мен Мұсанын еш жерін ауыртпай атынан түсіріп,
Жылқысын қуғанда шаңдатып.
Қалдырмай жесірін зарлатып.
Бітімін тапқанда бір істің, түйінін тарқатып,
Қаракозайымның көркін-ай жайнаған дәл жаһұт.
Бауырап әкеткен Науанды лебізі бал татып.
Сол күнді калайша ұмытсын, құдалық қамдатып,
олжа еткен арудың какысын өзіне таңдатып,
калыңдық еткен күн өз малын өзіне сауға қып.
Беу, шіркін, Науан жан! Ханзадам, кеше гөр,
Мен сені кеше алмай, кетіп ем қауратып.





«Аға-ке-е!», деп шыққан дауысын
кұлактан кетпейді жанымды жауыратып.
Есімнен шықпады әр уақыт.

Білекті, жүректі, қайраты бойына сыймаған,
Өнердің не түрін Аллаһым сыйлаған.
Кенекем еркіне жіберіп, еш адам тыймаған.
Наурызбай ханзада өр еді –

пендеден айылын жимаған.

Қырандай кияға ұмтылып, тоятын тілеген киуадан.
Айтқисса сөзінен шөкелеп сан ақын ат-шапан киды оған.
Тірессе тобығы, күрессе талайдың жамбасы қираған.
Бір жерде бір мықты бар десе

тағасын тоздырып атының,

өкпесін соқтырып қинаған.

Не бары жиырма бес жас жасап тастүлек бүркіттей
Жүз жылда жетпейтін кейде адам,
Жеңімпаз биігі тиді оған.

Себебі, ол – батыр, ол – сері, еркіндік рухының киесі
Қазақтың қызарған күнінің

ең соңғы шапағын жинаған.

Бықсыған көк түтін бүркылдап биікті көксейді,

Нәпсісін қоздырған нәсілім – от, - дейді.

Бұлт болып баспаса не істейді.

Ақ бұлттар – шын бұлттар түтіннен жиреніп,

жаңбыр боп құшатын төскейді.

Шоғында жанбаған шаланың тағдырын

аспанда шешпейді,

Жұлдыздар жыласа жұлдыз боп ағады көз жасы,

бірақ та өшпейді.





Күшеніп бағады әупілдек, кол одан көшпейді.
Мыртықты аяйсың ем таппай. Мықтыны кешпейді,
Тарихтың бұйдасы уақыттың қолында.
Уақыттың заманы көп бірақ,
Қай заман орнаса сол билеп-төстейді.
Наурызбай ханзада жасымнан тақымдап
мендегі бесті ойды,
Найзаның ұшында үзілген жанымды
жырыңа қос дейді.
Мен жырлап бағайын, сен үшін толғанып,
жас ұрпақ,
Себепсіз демендер қайғыны,
орынсыз демендер еш тойды.

Әке қуанышы

Асылық айтқызбасын өр көңілім,
Әлемнің бар шаттығы менде бүгін.
Үйленді «ұрпағынды жалғаймын», - деп,
Алланың рахматымен берген ұлым.

Сөкпейді қуануды теріс деп ел,
Қызғанбай қызығымды бөліс те көр.
Жадырап шын күліңдер, шын тілеңдер,
Қуансын бізбен бірге періштелер.

Демендер дарақылық мұнысы бір,
Зер салып, пейіліме дұрыс үніл.
Жайылған алдарыңа ақ дастархан,
Алланың бізге берген ырысы бұл.



Аяйма әке байғұс баладан мал,
Сараңдық жасады деп санамаңдар.
Харамды атын өшкір іздемеңдер,
Асымның адалдығын бағалаңдар.

Ұл-қызым ғаламатым, қанағатым,
Солармен болашаққа барады атым.
Әкесін ертең ұлым еске алсын деп,
Әкемнің орындадым аманатын.

Көңілім-ай, коңырым-ай, нәзігім,
Көк дөненім, жұлқып тұрған қазығын.
Көкжендетім көгін аңсап қамығып,
Көкжиекке қарай-қарай қажыдым.

Боран соқса қайтемін деп бұрқаған,
Дауыл ұрса болмақшы деп кім панам.
Түнілумен тұншықтырып шоғымды,
Неге сонша өзімді-өзім қымтағам.

Кімге керек қалтақтаған қу басым,
Көкірегім тұмшаланып тұрғасын.
Жылдан-жылға менің айдын көлімнің,
Қаз-үйрегін қырып жатыр бір лашын.

Уайымым ұя басып қу талға,
Өкініштің озбаса екен бұлты алға.
Онсыздағы жүрегімді мазалап,
Бұлбұлымды қуалап жүр бір қарға.





Көк дөненді қымтап жабу астында,
Тілерсегін тарткызбайын қасқырға.
Түлкі заман жұмарланған кірпідей,
Домалатып құлатпасын тасқынға.

Өмір өмір болмас күйіп, тоңбаса,
Қолдан келсе өзіңді өзің зор жаса.
Көңілімді еркелете білмеппін,
Қу жанымды қинағаным болмаса.

Кімді сөгем салмады деп көз қырын,
Өтіп жатқан өз уақытым, өз күнім.
Мейлі салқын, мейлі аптап болғанмен,
Осы емес пе менің қысқа мезгілім.

Дала аппак. Қыстың түсі ақ тағы,
Қар астында қара жердің батпағы.
Біліп тұрып астын қазып қайтейін,
Досым қайда менің бала шақтағы?.

Осы қардай ақ еді ғой ол дағы,
Мен білетін көңіл қайда сондағы.
Тым жақындап, тым жақындық күттім бе?
Ойлай, ойлай ақылыма қонбады.

Сол бір ақ түс еріп кеткен қар ма еді,
Әлде оның да астында саз бар ма еді?
Қара шашқа орап қойған сәлдедей,
Ақ қар маған тұспалдайды әр нені.





Ен дұрысы ешкіммен де төс қақпау,
Бүйіріңнің бір түкпірін бос сақтау.
Пәкпін деуің өзінді өзін оспақтау,
Пәктік іздеу өмір бойы дос таппау.

Аппак қыста аппак қарға оранған,
Ақ далада ақ бозым бар жоғалған.
Ақ айдыңға аққулар кеп қонғанда,
Ақ-карасын сұрап көрем солардан.

Кей мінез

Кей мінезім өзіме де тым оғаш,
Сол мінезден не көрмей жүр мына бас.
Түбі әйтеуір бөрілігін жасайтын,
Болтірікпен секілдімін ұялас.

Кей мінезім ақылымнан ұшқары,
Сол мінезім жүрегімнің дұшпаны.
Мені солай жасап қойған жаратқан,
Жаратса ғой соны өзгергер ұстаны.

Кей мінезім көңілімнің шілтері,
Сол мінезім түленім боп тұртеді.
Ханға, құлға қаратпайды қайрап сап,
Жан-жағымнан шаптап тұрған жын-пері.

Кей мінезім дес бермейді есті ойға,
Сол мінезден тапқан жоқпын еш пайда.
Сол мінезден айыл жиған лұшпан жок,
Сол мінезді түсінетін дос қайда.



Арасында мыңдаған жұлдыздардың,
Айдай көркем өзінді туғызған кім.
Тырнағыңа тсеуге татымайтын,
Біреуінен қызғанба бұл қыздардың.

Арасында мыңдаған қызғалдақтың,
Сен ғанасың раушаны иран бактың.
Қызғануға тиісті болса біреу,
Мен өзінді мәңгілік қызғанбакпын.

Қызу каным бойдағы өзін бе едің,
Құшқан сайын қайнаймын, сезінгенім.
Қызыққанын бір жігіт көріп қойсам,
Қызыл шоқтай қызарар көзім менің.

Құмарым бір қанбайтын шырын ернің,
Құрғап қалған құм жсрдей сіміремін.
Құлан иек таң атып, күн шыққанша,
Құрбан болып мың қайта, тірілемін.

Пәк жүрегің тәу етер тобам дейін,
Жақыным жоқ жалғанда одан бейім.
Шексіз бақыт өзіңнің от құшағың,
Бар қызығы ғаламның содан кейін.





Кездесу

Екеуміз кездесуге тиісті едік,
Бөгеді күтпеген жай қиыс келіп.
Асығам арманымның ақ кемесі,
Кетердей эне-міне мүйіске еніп.

Бір ғана үмітімді тебендей қып.
Тән жерде, жаным көкте келем құйғып.
Қалайда үлгеруім керек еді,
Алайда сағат тілі менен жүйрік.

Қылығым жігіт үшін кінә нағыз,
Қырсықпай хал-жайымды ұға ма қыз.
Тек тағы сәл-сәл шыдап күтсе болды,
Үлгерсем сөзге келіп бір-ақ ауыз.

Осы сәт тағдырымды шешетіндей,
Толғанып жүріп едім неше күндей.
Үлбіреп тұратұғын еріндері,
Үкімін бір-ақ рет кесетіндей.

Сол қыздың маған қымбат қас-қабағы,
Дайынмын қандай айып тақса дағы.
Күтеді ол. Бірақ сосын.., сол бір сәттен,
Мәнгілік сұрақ-жауап басталады.





Елестетіп ғажайыпты не түрлі,
Алғы күнге армандаушы ем жетуді.
Туады деп менің күткен бір сәтім,
Әлдеқашан өтіп кеткен секілді.

Таласканның тарысына қарамай,
Мансапты да мәртебе деп санамай.
Ойыншығы быт-шыт болған баладай,
Енді отырмын ештеңеге жарамай.

Барымды да, жоғымды да жерге ұрып,
Тағдыр мені тастағандай жем қылып.
Теледидар тамашалап отырмын,
Терезеге қалған қарттай телміріп.

Мың қайталап қайырмасын ескі әннің,
Абай айтқан «кеш қалдымды» еске алдым.
Тек әйтеуір пыстырмаймын іштерін,
Мүкіс құлак бес кемпір мен бес шалдын.

Қасыма ертіп өңшен жігіт-желеңді,
Кеткім келер кейде аралап ел-елді.
Бірақ, бірақ, бүгінгінің ішінен,
Қолпаштаушы табылмайды-ау мені енді.





Мәселе

Түсінбеймін, түсінгім де келмейтін,
Мәністер көп маған тыным бермейтін.
Қазақ қана жаза алатын дертімнің,
Дауасы жоқ өзге жұртта емдейтін.

Ақыл дейсін, ақыл кейде өтпейді,
Ал, айлаға менің шарқым жетпейді.
Қазақ қана кінәласа кінәлар,
Басқа халық оған бола сөкпейді.

Тілім деймін, дінім деймін шер кешіп,
Сенделтеді сабырымнан сең көшіп.
Қазақ қана ұқпайтындай зарымды,
Өзге жұртта нем бар менің белдесіп.

Қорланамын дуасы жоқ ауыздай,
Қайран сөзім жұртта қалған қобыздай.
Қазақ қана күлсе маған күлгендей,
Қыздың арын қызықтаған хауыздай.

Мансабы жоқ малсақ үйде туғасын,
Мансап сырын ұқпай жүр ме қу басым.
Мешіттегі мұнаралар ықтап тұр,
Министрдің котеджінің мұржасын.

Қол жайған кім?
Қол қойған кім?
Күш кімде?
Ұлттық мүддем аспа көпір үстінде.
Бір қазақтың тілі оңбай жатқанда,
«Пірім» маған сөйле деп тұр үш тілде.





Дабыл каксам дірілдейді дарағым,
Дарағыма төнбесе екен кара күн.
Мұрат емесс, мұрт-сакалмен әуіре,
Мұсылманның өзіндегі сан ағым.

Ана сүті кеппей жатып таңдайдан,
Сары ауыздар ілім әкеп әр қайдан.
«Исламда ұлт жоқ», - дейді леспіріп,
«Мә, саған!», - деп
ұрғым келеді маңдайдан.

Анау бала мақтан тұтқан мектебі,
Талпынады айға, күнге көктегі.
Бар өленін жатка оқиды Абайдың,
Бірақ түрік-лицейіне өтпеді.

Әулет мұнын кімге барып шағармын,
Әуретімді жапқандай-ақ жабармын.
Қазақ тілде сөйле десем үйімде,
Бой бермей жүр бойжеткені ағамның.

Қарсы алдымда қазақ шалы тұр масаң,
Аксақалдық құрар екен бұл қашан.
Келешегің көк мойынның ішінде,
Көпей шалдың көпіргенін тыңдасаң.

Баскаларға шапалақ ұр, «Бәсе!», - де,
Алшан басып жүре берсін көшеде.
Менің мұным қабырғама бататын,
Қазақ қана шешетұғын мәселе.





Үкілі Ыбырай

Қотанына кондырғандай аккуды,
Бұл ауылға бір ғаламат шақ туды.
Ағылды оған айналаның қазағы,
Абылайхан көтергендей ақ туды.
– Кім келіпті?
– Не болыпты себебі?
– Үкілі екен!
– Ыбырай ғой атшулы!
– Бәрекелді! Ол болмаса түрлентіп,
Дәл өзіндей кім шырқасын «Гәккуді».

Ыбырайдай акын-әнші қайда бар,
Бұл хабарын болмады ғой жәй хабар.
Қой, бәйбіше, жина мына шайыңды,
Мен кешіксем малды өзін айдап ал.
Жүр, немерем, өлең тыңда, ән үйрен,
Қу асықтан саған қандай пайда бар.
Көрші ауылға үкілім кеп жатқанда,
Бок дүние нем бар саған байланар.

Асылына алападай үй тігіп,
Төрін берген орынынан би тұрып.
Саптыаяқтар сары қымыз сапырып,
Сыртта қойдың басы жатар үйтіліп.
Құр арғымақ құрықталар жылқыдан,
Аттанарда тарту үшін сый қылып.
Акындарын сыйламайтын қазақ жоқ,
Нәсілінде болмаса бір шикілік.

Көңілінің тапқан жанға таңсығын,
Дүние-мал опасы жоқ қаңсығың.





Ыбырайдын көмейінен шыққан үн,
Өмірінің арттырғандай мән-сырын.
Төніректің түгел жұрты осында,
Бәрі осында әу дейтұғын әншінің.
Біреуі отыр қолқа салып «Толқынға»,
Біреуі отыр қалап «Әнін аңшының».

Үкілі Ыбырай сал-серінің кенжесі,
Оны көрсе кімнің қозбас делбесі.
Сол еді ғой көзі Ақан, Біржанның,
Сол еді ғой Құлагердің көмбесі.
Сандыбайдың саңылақ ұлы болмаса,
Кім жарайды пір тұтуға елге осы.
Солай дейтін Сарыарқаның қазағы,
Соны айтқанда биіктейтін кеудесі.

Үлде-бұлде масаты мен мауытыға,
Бөленбей-ақ мәшһүр еткен даңқына.
Ат мінгізіп, шапан жапса мырзалар,
Бұрынғының салтқа айналған шарты да.
Көкесіндей Меценат пен Нобелдің,
Жеткен кім бар сол байлардың парқына.
Керейдегі Лашын, Тұрсын мырзадан,
Сондай сыйлық алған жоқ па «Шалқыма».

Үкілі емес Ыбырайдың аты жәй,
Еркелеткен Қарауыл мен Атығай.
Сәкенше айтсақ Шаляпиннің өзі де,
Қалар еді қапталына татымай.
«Қалдырғанын» Сұрағанға тапсырып,
Тілін сұққан ГПУ-іне сапыдай.
Елдің пірін «халық жауы» дегенде,
Еңіреген етпетінен жатып Ай.





Сол Ыбырай айдалыпты сексенде,
Аямапты ГПУ жаза кескенде.
Құлап кеткен құдығы да белгісіз,
Зираты оның табылмады еш жерде.
Туған жері Айыртауда десек те,
Жетім руһы жәутендейді Көкшемде.
Ей, бауырым, абайлашы кабірін,
Басып тұрған жоқ па екенсің өкшенде.

Намысыма айналып ең нар бабам,
Әнің барда сені ұмытпас бар ғалам.
Басқа сабап жатса да әлі шөккен жоқ,
Нар намысым көзден жасы парлаған.
Таудай одақ талқан болды бір кеште,
«Спасиба көменес» деп қарғаған.
Сарыарқада құлпы тас та жоқ саған,
Сақалыңнан ұялатын бар ма адам?!

Үлпілдеген шок үкісін от қарып,
Айдалыпты абыз акын сотталып.
Құланыңды жыққан орға көміпті,
Қыраныңды қарға-құзғын топталып.
Ең болмаса Жалғыз таудың тасынан,
Жарықтыққа бір ескерткіш соқпадық.
Сөзімізге ешкім құлақ түрмесе,
Амал қанша бізде осымен тоқтадық.
Ыбырайша боктай жаздап оқталып.





Дүние-ай

Дүние-ай, иландырдың сенбегенмен,
Жалғансың шаттық, шерді теңге бөлген.
Кей күні карық қылған қуанышың,
Тасындай шахматтың жемге берген.

Қызығам қызықтырсаң ынталанып,
Ыстық ой мұзды мұнды жылытары анық.
Сырт көзге төрт құбылам түтелдей-ақ,
Мамықтап жауған қардай ұлпаланып.

Кеудемде бір дем жалын, бір дем боран,
Күлдіріп біреулерді, күлген болам.
Тауына талабымның тырмысамын,
Өмірге өзімменен бірге орнаған.

Дүние-ай, алданамын нанбасамда,
Аптығып болмашыдан мән жасауға.
Беймезет басқа түскен қиындықтың,
Артында бір қуаныш бар қашанда.

Торыдай күн құрғатпай малға мінген,
Құр босқа жүргендеймін жан бағумен.
Айтпады деп ойлама, бәрін тастап,
Қайтсем де кашам бір күн арманыммен.

Тұтқын қып көңілімді күпті мұнға,
Тығылып тас кесек жүр жұтқынымда.
Мен сенен қу дүние безген жерде,
Әкесін танымайды тіпті ұлым да.

Қайтсейін жалған саған бас ұрмас ем,
Алданып түн ұйқымды қашырмас ем.



Алланың аз күн ғұмыр сынағында,
Амал не досым да сен, қасым да сен.

Бәз біреу күйттеді дер бастың қамын,
Дүниеқоңыз емес қасқыр-жаным.
Бай болсам бай шығармын «Шашубайдан»
Өлгенде түгендерсің бәс қылғаның.

Өзіңе

Өзіңді ғана, өзіңді ғана даралап,
Өмірдің бағын келеміз бірге аралап,
Өзгелерге де ұрлана бір сәт қарап ап,
Өзіңе қайта ғашық боламын жаңалап.

Өзіңді ғана, өзіңді ғана еректеп,
Өркендеп өстік бір-бірімізге медет боп.
Өмірде мынау өзіңдей жылытар мені от жоқ,
Өзіңді құштым тек өзің маған керек боп.

Өзіңді ғана, өзіңді ғана кымбат қып,
Өмірді сүйіп, қуандық, мұңға бір баттық.
Өзіміз туған ата-анамызды ұлығат қып.
Өзектен жарып ұрпағымызға үн қаттық.

Өзіңді ғана, өзіңді ғана мақтан қып,
Өмірдің тойын достармен бірге атқардық.
Өзенде жүзіп, орманды кезіп шаттандық,
Өгей көзі жоқ өлкеге мәңгі жатталдық.

Өзіңмен ғана, өзіңмен ғана, өзіңмен,
Өмірде мына бақыттың барын сезінгем.
Өкінбейтінім оқыдым соны көзіңнен.
Өз жүрегіммен, өзімнің ғана көзіммен.





Өлеңмен мұңдасу

Көз жазбадым, ой бөлмедім басқаға,
Содан мүмкін әлі күнге жарлымын.
Кекселендім. Жаным сол бір жас бала,
жүрегiнiн бұлжытпайтын жарлығын.

Тұрмыс мені талай байлап, сабаған,
Кiмге ұнасын мендегi бар еркiндiк.
Азабымды ұққан емес жан адам,
Бас тартпадым, бой бермедiм. Сертiм нық.

Қажетi жоқ бұйымындай ескiнiң,
ескерусiз қалдым қанша. Сол батты.
Мақтауды да қисыны жоқ естiдiм,
Күткен сөзiм күттiрiп көп толғатты.

Күндерiмдi қайыра алмай жүргенде,
Айларымды бағындырды жыл қанша.
Мен өзiннен күдер үзсем бiр жерде,
Тумағаным жақсы едi ғой туғанша.

Қүдiреттi таң қыла алмас құл тосын,
Ақын болып мүмкiн едi тумауым.
Сенi маған коса алмайды бiр досым,
Менi сенен бөле алмайды бiр жауым.

Бұл қоғамда қалмағандай ешкiмiм,
Крузодай аласталған кемеден.
Қабағына зәру болам естiнiң,
Аякасты тастай алмай сенi өлең.

Өтiп жатқан түрлi-түрлi сынақтан,
Қыңк етпеуге серттескендей кессе етiн.





Құла шөлде бірін бірі жұбатқан,
Екеуіміз секілдіміз қос жетім.

Жарқылдаған найзағайдың астында,
Қымтанамыз ақ бұлттарды көрпе қып.
Батыс жақтан төпелсген тасқынға,
Аласұрдык елден бұрын өртеніп.

«Ұр тоқпақтар» есіреді төбе ойып,
Ақын бар ма өлмей жағы қарысқан.
Билеп жүріп өлетіндер көбейіп,
Өлетіндер аз қалғандай намыстан.

Біздің ұрпақ кастерлейді көктемін,
Ғашық болса өлең жазған бозбала.
Махаббаттың сол бір қылдай өткелін,
Жалғайтұғын жырға айналған сөз ғана.

Қыз жүрсгі неткен нәзік сол күнде,
Өлең шіркін сезімдерге патша еді.
Қара көзі жайнап, оттың өртінде
қызарқтап қалатұғын ақша өні.

Бір шумак жыр арнап жазсам атына,
Бастық біткен болып шыққан жақыным.
Бас кессе де тіл кеспейтін хақыма,
Пысқырмайды қазір менің әкімім.

Көктем келсе орап жасыл желекке,
Күмәнімнен арылар ем нұрланып.
Өлең жазам, бірақ соным керек пе?,
Болашаққа қайтар ма еді бір барып.





Асыққандар

Әлде қайда жатқандай сыйлық бөліп,
Бәрі асығыс.
Бәрінде жүйрік көлік.
Сәл кідірсең жан-жақтан киіп-соғып,
Басып өте жаздайды құйғып келіп.

Бірі анда жүгіріп, бірі мұнда,
Дамылдауға уақыт жоқ тірі құлға.
Асығады барлығы әлде неге,
Асықпайды Аллаға жығылуға.

Дүбірлеген дүние бәрі асығыс,
Жер бетінен таппайсың қала тыныш.
Жарылқауға өз-өзін жанталасқан,
Жаратқанын ұмытқан жаратылыс.

Максат емес салт сақтау, ғұрып тану,
Шыңға өрмелеп, тырмысып биікті алу.
Бүгінгі арман секілді суық қару,
Мініп қалу, немесе киіп қалу.

Билейтіндей мұншалық құйын желік,
Көк есектің қай күні миын жедік?!
Асыққандар көбейді пайыз төлеп,
Қарыз алып, кепілге үйін беріп.

Тосырқайды Жиреншем лашығына,
Ібілістің сөзі өтіп жасыды ма?
Сол дүние айналып аждаһаға
Жалт бұрылса мүмкін-ау кашуы да.





Еліктірсе дүние ырықты алып,
Құтқаратын иесі ұмыт қалып,
Асыққандар артына қарамайды,
Қайтып кірер есігі құлыпталып.

Есіл дерті талайдың «құр қалам ба?!»,
Абыр-сабыр сол үшін бұл ғаламда.
Тағдырыңды күн бұрын шешіп қойған,
Асықпайтын тек қана бір ғана Алла.

Ақ қайыңдар

Саясы самал ескен ақ қайыңдар,
Ақ кербез ақ балтырлы патшайымдар.
Қалың мұн қыр сонымнан қуып кеп тұр,
Құтқарып қалам десең лап қойыңдар.

Қамаған қалың мұнға төзе алмадым,
Аша гөр құшағынды, гөзэлдарым.
Мен де бір бұлбұлыңмын, қысылғанда
Ұшып кеп паналайтын өз орманын.

Шошыған қыр астынан еліктейін,
Қалың мұн қуып келді мені иттейін.
Қаланың ырду-дырду даңғазасын,
Тезірек жасырыңдар, ерітпейін.

Төгілген күннің нұрын күміс табак,
Сүзіп бер кезек-кезек уыстап ап.
Жүрегім тынышталсын, құшағыңнан,
Шығайын дүниеге дұрыс карап.





Ойымнан ақыл безіп, тентіреді,
Бойымнан күшім қашып, еңтігеді.
Сүйеніп қарт қайынға дамылдайын,
Ақ білек жас қайындар желпі мені.

Қайтемін әлде кімді тәуіп қылып,
Қайтқанмын талайына барып, күліп.
Ақ апа, ақ әулие ақ қайындар,
Емдендер мені әбден сауықтырып.

Ақ қайың ауылымда тербеледі,
Мұң басар ақ қайыңсыз жерде мені.
Бір күні мәңгілікке қосылатын,
Бауырың мен шығармын пендедегі.

Жас ақынға

Шаттығым да, мұңым да кара өленде,
Қара көзбен караймын бар әлемге.
Қалдыратын мұрам да карапайым,
Қара өлеңнен басқа жоқ дәнсемем де.

Қалың жылкым жатқандай өріс кернеп,
Алшаң басам. Жұрт ойлар мені іскер деп.
Бар қазаққа жолдаймын өлең қылып,
Құлағыма не айтса періштем кеп.

Менде нең бар, өзінше жаз карағым,
Қара ошақтан тұтанып, маздағамын.
Өзге халық ұқпайтын өлеңімді,
Мақтаса да бір қазақ мәз боламын.





Тағдырымнан жоқ басқа еншім алған,
Енді маған өзгеру ерсі, қарғам.
Ескішелеу болса да өзімдікі,
Өлен менше сөйлсіді мен шығарған.

Сан өзгертер замандар шаһар атын,
Жол жаңарар, жөн қалар апаратын.
Өлеңімді өлтірмес деп сенемін,
Қазағымды жырлатқан махаббатым.

Акынбыз ғой басқа боп көргеміз жоқ,
Тұмай жатып тигендей кеудемізге оқ.
Тыныш өмір сүрсең кой пендеміз деп,
Біз сен емес. Жырлама сенде біз боп.

Елу жас

Еседі алдан жеңіл леп,
Қалайсың бүгін, серім!-деп.
Баламның мұрты тебіндеп,
Қуантты үйге келін кеп.
Тірліктің нәрін теріп жеп,
Елуде тұрмын ерулеп.

Бойдағы қуат-күш толық,
Тұрғам жоқ сыртқа іш беріп.
Бойжеткен қызым жұп болып,
Қияға қонды құс болып.
Өліара мезгіл тұс келіп.
Елуде тұрмын түстеніп.





Алдымнан алпыс айғайлап,
Артымда қырық пай-пайлап!
Құдаммен бірге той тойлап.
Құйрық-бауырға кол майлап.
Кететін жандай тау жайлап,
Елуді тұрмын шаужайлап.

Токтай ма уақыт – тақсырын.
Кісінсйді көңіл – жас құлын.
Көргеннің бәрі әс бұрын,
Орындап жатқан дәстүрім.
Қалайсың дейді, қасқырым?!
Қырық тоғыздағы жастығым.

Жиырма бес жасым соқталдай,
Өкпем жоқ саған ешқандай.
Отызда жарап октаудай,
Қырықтан астым тоқталмай
Тойласам ба екен ес қалмай,
Елуге жеттім кеш болмай.

Алпыстың мұрты жалбырап,
Жетпістің ұрты салбырап.
Сексеннің көзі жаудырап,
Токсанның бойы салдырап.
Жүз калар ма екен қалжырап,
Елуге келдім ал, бірақ.

Туған күндердің тосына,
Ән шырқаушы едік қосыла.
Сол қалпы көңіл қошы да,
Қалкатай, бекер шошыма.
Қараймын сынай досыма,
Елу дегенің осы ма?!





Ақ шағала

Толқын ұрған теңізден тас жағада.
Қарсы алады алдыннан ақ шағала.
Сүйкімді ғой бәтшәғар су бетінде,
Қалқып ұшып, қанатын қақса ғана.

Көлбеп ұшып биіктеп, төмендеген,
Ақ шағала керемет дегенменен.
Ақ көйлекті жемқордың ындынындай,
Жемсауы бар оның да еленбеген.

Көзің көрмей көңілің тоқысын ба!
Шағалалар қаланың қоқысында,
Арланбайды тұмсығын бокқа былғап,
Қоқыс үшін таласып шоқысуға.

Үйіндінің бұрқылдап күлі, шаңы,
Жапырласып өзді-өзі жұлысады.
Шағала кеп жеміне шүйілгенде,
Жемтігінен құзғын да жылысады.

Жемтік көрген тажалда тізгін бар ма,
Тартып жейді тамағын құзғыннан да.
Ұят жайлы ұқпайды ақ шағала,
Тазармайды тұмсығы ындын барда.

Неге құмар болды екен төгіндіге,
Шоқып жатыр қайтадан боғын міне.
Ақ шағала қыранның баласы емес,
Ұясында не көрсе соны ілді ме?.





Толқын ұрған теңізден тас жағада,
Ақ кемені күтіп жүр ақ шағала.
Ақ кемемен келеді талай кокыс,
Ол риза тамағын тапса ғана.

Ақ кемелер келеді каншама әлі,
Ақ шағала бәрін де карсы алады.
Жемкор үшін бәрі бір, мынау әлем,
Кір-коқысқа көміліп калса дағы.

Шалқар

Алтын арай алқа тағып нар тауға,
Бұйдасынан бекіткендей Шалқарға.
Алашымның айыр өркеш киесі,
Жағалауда шогіп жатар әр таңда.

Қалың орман мәуесімен төгіліп,
Тау жатады көлді бойлай керіліп.
Шалқар айдын тау етегін жиектеп,
Кете алмайды ол да алыстап шегініп.

Кезек-кезек ай менен күн тауды асып,
Ақ айдынды аймалайды алмасып.
Бір-бірімен Шалқар көлде табысып,
Айрылмасқа серттеседі сан ғашық.

Шалқар көлде Айыртау бар тұлғалы,
Айыртауда Шалқар көл бар сырғалы.
Таңғажайып таусылмайтын сртегі,
Сыбдыр-сыбдыр, сыңғыр-сыңғыр сырлары.





Қыс келгенде қар басса да тау басын,
Көк мұз бүркеп, құрсаса да арнасын.
Шал-кемпірдей жатады олар жұптасып,
Әңгімелеп ертегінің жалғасын.

Жаз бен қыстың алмастырған не бірін,
Ойлантады бұл тау, бұл көл өңірін.
Арман бар ма дәл осылай жалғасса,
Өзіңменен бірге өткізген өмірім.

Зеренді

Зеренді-деп ем сліктің неден,
Бір себеп бар-ау берік күрмеген.
Зеренді деген зерлі бір мекен,
Зсргердің өзін зеріктірмеген.

Көңілді тербеп көгілдір белең,
Аңсатып жүр ме өңір гүлдеген.
Мөп-мөлдір суын сағындын ба әлде,
Зеренді көлде шомылдым деп ен.

Қарағайлары бермейтін өңін,
Жұпары дәру смдейтін оның.
Зеренді жерін көрмеген болсан,
Бір бакыт сенде кем дейтін едім.

Кешкұрым самал өрде соғады,
Көлеңкесін тау көлге салады.
Бір арманына жетпепсің дер см,
Зеренді жерін көрмесең әлі.





Зеренді көлде ай да жүзеді,
Бармаған адам қайдан біледі.
Көрінер судан аккумулярдың да,
Біріне бірі жайған жүрегі.

Зеренді қоймас елікпесіңе,
Гүл термеймісін қонып төсіне.
Өзіндей сұлу арулар ғана,
Айналар көлдің періштесіне.

Езулерінді күлкі гүлдеген,
Көрсем ғой сонда. (Мүмкін үлгерем).
Зеренді көлдің мөлдір моншағын,
Іліп алғанда кірпігіңмен

Көкшенің көгіндегі,
Көгінің төріндегі,
Көп жұлдыз күрсінгенде,
Көк стім сөгілгені.

Көкшеснің басындағы,
Көк мұнар ашылмады.
Көп тастар бүркесе де,
Көк тастар жасырмады.

Көкшенің қиясында,
Көк қыран ұясында.
Көк көзді жылан жатыр,
Көксем-ау, қиясың ба?.





Күміс көл

Күміс нұрын күн шегелеп,
Күміскөлге қадайды.
Күміс судан бір керемет,
Күміс күлкі тарайды.

Күміс шашу көл бетінде,
Күміс табак аспанда.
Күміс әуен тербетуде,
Күміс перне басқанда.

Күміс толқын дірілдейді,
Күміс толы айдында.
Күміс сырған бүлінбейді,
Күміс үшін қайғырма.

Қыс

Арызын кәрі қыстың ғарыш тындап,
Әкетті жаз жылуын алысқа ұрлап.
Күн бізбен суық қана сәлемдесіп,
Тұр бүгін қабағынан қар ұшқындап.

Сол кабақ енді сезіп жылымасын,
Суыққа сыр бермеуге шынығасың.
Ашуын артқа сақтап тұрған қыстың,
Амалсыз дегеніне жығыласың.

Шараң жоқ шыдамасқа, төзбесіңе,
Сен түгіл түк қыла алмас өзгесі де.
Ешкімнің балдызына айналмайды,
Ешкімнің бола алмайды жездесі де.





Алмайды тығып берер паранды да,
Ұқпайды өссек-аян, жалаңды да.
Кетпейді күндіз қуып бақырсаң да,
Саспайды зікір салсаң қараңғыда.

Із тастап сықыр-сықыр басқан жерге,
Бір күні жүздесесің ақпанмен де.
Тұрады қасқыр ұлып, боран ұрып,
Қарысып қалың күртік қатқан белде.

Бұрқанса бұлтын сілкіп көк-төреміз,
Қасқырды қанжығаға бөктсереміз.
Өтксереміз қысты да, (Бірінші емес),
Үйренбей тұр әзірге тек денеміз.

Қатал қыс қаһарланып қысымға алса,
Бүрісіп ұнжырғанды түсірме онша.
Қазақтың қайсарлығы қыңқ етпейді,
Сабыры одан да зор мұсылманша.

Қыс келсе келе берсін мезгілімен,
Оның да өз мәресі өз күнімен.
Соғымын сойып алған біздің ауыл,
Май тамып мәре-сәре кездігінен.

Қыс қатал құпия емес сыры бізден.
Сібірше сырласамыз тілімізбен.
Арқаның алты ай қысын азынаған,
Шығарып саламыз-ау жылы жүзбен.





Елудің өркелігі

Аманбай Ахметовке

Өмірдің өзі сызған соқпағында,
Өткен күн барады еніп көк сағымға.
Елуде ебін тауып, мал жиғанмен,
Қиын-ау енді жаңа дос табуға.

Тоқталмай өтерсің-ау тосқауылға,
Сыймайды әттең бойың жас қауымға.
Қия алмай қырдың қызын жастық дәурен,
Қалғандай айналсоқтап басқа ауылда.

Талай жыл от пен суды араға сап,
Жетіппіз жерортаға шамаласак.
Жастықтың енді бізбен жұмысы жоқ,
Біріміз бірімізге карамасак.

Әжімсіз сүп-сүйкімді әдемі едік,
Ұл-қызға соның бәрін кәделедік.
Бір кезде бұлаңдаған бойжеткендер,
Жабысты қолтығыма әже болып.

Болғанмен жастық дәурен масаттырак,
Шебінен өте алмаймыз жасақ құрап.
Сонда да қызды көрсек елсңдейміз,
Аншының тазысындай шашак құлак.

Бір кезде ұлан едік, қыран едік,
Ілетін жылт сткенді шыға келіп.
Келіңдер кане, достар, би билейік,
Қартайып қап жүрерміз тұра беріп.





Нұрының ақбел аты

дастан

Біздің казак мақтанбайды бетімен,
Мақғанса да мақтанады ретімен.
Бас басына ақындығы бір төбе,
Керек десең батыр болған шетінен.

Амал бар ма сондай болып туса егер,
Жаралдың деп жаралғанды кім сөгер.
Ойлаңдаршы кімнен қалған мұнша жыр,
Айтыңдаршы кімнен қалды мұнша жер.

Біздің казак анығында нар халық,
Қызы да оның жау түсірген аударып.
Үш белгісі үш негізі елдіктің,
Құралғанбыз камшы, найза, қауға алып.

Атам казак, анасы оның көк бөрі,
Көк бөріге бәлкім жауы өкпелі.
Батырлыққа мақтан бола алмай ма,
Алтай, Арқа, Алатаудың бөктері.

Сонау жатқан Ор бұлақтың өр тасы,
Мынау жатқан Арал, Каспи, Балқашы.
Алдындағы сансыз өзен, сансыз көл,
Батырлық пен ақындықтың арқасы.

Дастан, жырлар тарих құптап, қуаттар,
Бәрінде оның елдік дейтін мұрат бар.
Ауызының дуасы бар заманнан,
Жеткізді оны бізге құймақұлақтар.





Алтын жетпес бағасына құндасақ,
Жырлар бізге мирас болған мың жасап.
Аталарым домбырасын күйлген,
Бейбіт күнде қылыштарын қынға сап.

Асылыңды арзандатып батпандай,
Ақылыңды тозаң басып жатқандай.
Ат-тоныңның ажары жоқ, бауырым,
Ақ сауытты атаңды айтып мактанбай.

Көштің көркі нарқоспағы шудалы,
Аңыз да жоқ атсыз қазақ туралы.
Ол мінетін ат та туар дейтін ел,
Рас болса алаштан ұл туғаны.

Қазақ үшін ердің сәні сәйгүлік,
Баласы оның ержетеді тай мініп.
Ойындағы арманына аттанған,
Бойындағы бес қаруын сай қылып.

Алашымда ардақталған тарлан көп,
Тарлан тері төгіледі маржан боп.
Атам қазақ -«Атын кім?»-деп сұрайтын,
Атсыздардың атауы да қалған жоқ.

Халқым, маған керек емес ат-тоның,
Қиярмысың жүрегіннің қак төрін.
Шат болар ма әруағы бабамның,
Жырға қоссам Нұры атамның ақбелін.

Жаттағаның кетпейді екен жыраққа,
Жадындағы айналады бұлаққа.
Бала күнде әкем айтқан әңгіме,
Ұмытпастай сіңіп қалған құлаққа.





Тарихтың текке лайлап сырын тұнған,
Аулақпын шежірені шұбыртудан.
Шұбарды коньыс етіп, ұрық шашқан,
Есенбай Шұңғыршадан Шұғыл туған.

Ол күнде ел бастаған Абылай хан,
Қалмақтың Абылайдан бағы тайған.
Қаймығып қалың қытай етек жинап,
Қазаққа заман туған мамырайқан.

Қол бастап хан-Абылай ат арытты,
Қазақты талай жауға апарыпты.
Бес жігіт сол заманда найза ұстаған,
«Шұғылдың бесқаскасы» атаныпты.

Көжеман бесқасқаның бірегейі,
Татыған даналыққа сүбелі ойы.
Дәулеті көк алалы көп жылқысы,
Өзіне жетерліктей түйе, қойы.

Найза ұстап такымында ат ойнаған,
Қалмаққа «Қарақайлап» атойлаған.
Шұғылдың бес баласы бес бөрідей,
Болмаса «Бесқасқа» деп атай ма хан.

Шегініп қырық мың шүршіт шүрегейі,
Қазаққа қайтарылған Іле бойы.
Жоңғарды жер бетінен тып-тыйпыл қып,
Қоканның құйрық қысқан дүрегейі.





Ханының тыс қалмаған назарынан,
Қас батыр көп қой шыққан қазағымнан.
Көжеман соның бірі дүние салған,
Тояттап өмірдегі базарынан.

Естіпті Абылайдың аһ ұрғанын,
Сағынып орта жүздің батырларын.
Басынан - «Бұл қалай?», - деп Бұқар кайтқан
Алашқа арзу айтқан ақылманым.

Сол бір дерт Көжемандай қартыңа ауған,
Ханды ойлап қиялданды жалқы қалған.
Кәбіріне зираг етер шамасы жоқ,
Кәрілік күш-қайратын сарқып алған.

Алқымнан ажал келіп шын қысқанда,
Аһылап ақтық демін қылғытқанда.
Нұрыға өсиет қып тапсырыпты,
Жерле деп мені апарып Түркістанға.

– «Ал, ұлым, өшкелі тұр аян жарық,
Ел үшін жауға шаптық, аянбадық.
Мақшарда ғазиз жаным тыншымайды,
Жатпасам хан иеме таяу барып».

Әкенің ақтық сөзі ұлға намыс,
Түркістан шаһар еді тұрған алыс.
Шығынын мал-мүліктің айтпағанда,
Бұл жолда сарып болмақ бір шама күш.

Нұрыға ақыл-қайрат біткен ерек,
Тұрады ісі сөзін нық шегелеп.





Әкнін аманатын орындауға,
Бәйгеге мал мен басын тіксс керек.

Сыйлаған Көжемандай шалға тәңір,
Төрт ұлы; Нұры, Бүркіт, Саржан, Шағыр,
Артында әр атаның ұрпақ калып,
Қазақты казак еткен қарға тамыр.

Нұрының өзі сері сегіз қырлы,
Өнері бір басында түрлі-түрлі.
Жарк етіп жұрт алдына шығады екен,
Жалтылдап жай оғындай көзі нұрлы.

Белінен түспейді екен шарболаты,
Серігі астындағы ақбел аты.
Ақбел ат шапса алдына мал салмайтын,
Нұрының болған сән мен салтанаты.

Қырандай сыпырылған томағасы,
Төрт ұлдың ең үлкені ол ағасы.
Нұры үшін ата дәулет, мал мен мүлік,
Ақбелдің болмақ қайдан баламасы.

Жай жылкы желіп ерер аяңына,
Қуғанда бой жаздырмас саяғыңа.
Көрген жан көзін сүзіп тамаша етер,
Әскерше әсем басқан аяғына.

Мойны ұзын салақұлаш, жалы жібек,
Оскырған үркек емес тағы жүрек.
Шоқтығы жаясынан сүйсм биік,
Тұяғын қанша шапса қалмас тіреп.





Тесігі танауының қос апандай,
Мінезі жай тұрғанда қошақандай.
Keң қолтық, омырауы кебежедей,
Талтайған тілерсегі ботақандай.

Мандайы кереқарыс, мүсін бөлек,
Ондай мал мың жылқының ішінде жоқ.
Бұлшық ет денесінің бәрі сiнiр,
Ақбелден озу үшін ұшу керек.

Қосса да қай бәйгеге топ жарады,
Дәмелі небір жүйрік дағдарады.
Тұрқында көзге ілінер нысанасы,
Белбеудей беліндегі ақ жолағы.

Күнінде ойына алған Нұры аттанды,
Қалың ел бұл сапардан құлақтанды.
Сүйегін Көжеманның шығарып сап,
Көз көрген туыс-туған жылап қалды.

Әкесін нарға жүктеп Нұры аттанды,
Төрт ұлдың үшеуі қап, бірі аттанды.
Баласы төрт момынның қоныстаған,
Туған ел, атамекен жырақ қалды.

Қыс қыстау шүйлі шұбар қойнау қалды,
Ашылы-Жекебояқ жайлау қалды.
Жөнелді ақбел атпен Нұры батыр,
Айдатып нөкерлерге малдан малды.

Алысқа ат жарай ма құм жілікті,
Жалдарын доғадай қып құр мініпті.
Барғаны, қайтқаны бар, белін шешпей,
Нұры-атам сол сапарда жыл жүріпті.





Түркістан бар қазаққа киелі орын,
Сан шебер сарып қылған ұлы өнерін.
Сол жерге тамам түркі тәуәп қылған,
Тәңірден алатындай тілегенін.

Шақырып бұлғағандай алыстан қол,
Түйіскен тарау-тарау шаңы ұшқан жол.
Түсінде талайларға аян берген,
Түркістан түркі рухы табысқан жер.

Көк күмбез күн нұрына шағылысқан,
Сол жерде мазар-шәріп кәбірстан.
Қасында Қожа-Ахмет Яссауидың,
Абылай дамылдаған қанды ұрыстан.

Салдырған Ақсақ-Темір кесенеде,
Жерленген жаны ардақты неше дене.
Сол жерде Абылаймен бақұлдасқан,
Жазылған хандық тағдыр пешенеге.

Ақынға әлмиссақтан дара қарап,
Сиынған әулием деп сағаналап.
Басына Әзірет-сұлтан жұрт шұбайды,
Сапарын қажылыққа баламалап.

Ұлықтап бір Алланы дана өлеңмен,
Жырлаған пайғамбарын бар өнермен.
Басына Яссауидың келген жұрт көп,
Талайдың қайғысы ауыр кара жерден.





Жол алыс. Жолшыбай бар ұры-қары,
Әйтеуір түк қылған жоқ бірі дағы.
Аркадан ат арытып, келіп жеткен,
Аманат жеңіл емес Нұрыдағы.

Алдымен шырақшыға жолығыпты,
Жерлеуге кімді қайда сол ырықты.
Шырақшы сырт айналып, суық сөйлеп,
Сызданып жылымапты өңі тіпті.

Қожекең кабак бермей пәрменденді.
Көрсетіп кесенеден әрмен жерді.
Жат елде мысы құрып Нұры-батыр,
Қырандай қатуланды қан шенгелді.

Ұсынған мал-мүлікке пысқырмайды,
Тартты-ау деп жол азабын іш бұрмайды.
Киелі жерде қылыш қандай алмай,
Нұрының көзінде ашу ұшқындайды.

Шешуін өзі айтпаса кім бар оқыр,
Ойында шырақшының жұмбақ отыр.
Көкейін тесіп тұрған бір дәме бар,
Сол үшін рұқсатын құндап отыр.

Кісіге ұқсамайтын киген кебін,
Нұрының жан емесін білген тегін.
Ақбелге дарбазада көзі түскен,
Келтіру бар мақсаты соның ебін.

Ақбел ат сұғанақтың көздегені,
Соны алса ымыраға тез көнеді.





Әдейі әкілігін жасап отыр,
Қайтсе де болу үшін өз дегені.

Көнбеске лажы қалмай әуресіне,
Нұры отыр түсірс алмай тәубесіне.
Ерлігі еркі болса жетер еді,
Кетуге буындырып сәлдесіне.

Ашылды ішкі сыры акырында,
Акысы- деді- әкеңнің тақымыңда.
Басқанды басыбұлды атай көрме,
Келсең де ырысыңды сапыруға.

Сыр тартып мысық көзін сығырайтып,
Сұрады Ақбел атты, зілі қайтып.
– Құны егер бір жылқыға татымаса,
Әкеңнің не қыласың жырын айтып.

Мұны естіп Нұры көңілі шерленеді,
Жат жерде қай мұсылман дем береді.
Дұғасы тис ме деп үміт артқан,
Бұл сопы атын киса - көр береді.

Кете алмай қолын бір-ақ сілкіп, сермеп,
Қиналды жон арқасы шылқып терлеп.
Ақбел ат ер жігіттің қанаты еді,
Сопы отыр қанатынды қырқып бер-деп.

– Әй, Әке-ай, мен бір қабылан жебе тиген,
Бұдан да – «өл» – деп айтсаң өлетін ем!
Бермесем сүйегінді салдырлатып,
Қайтамын Сарыарқаға не бетіммен.





Жер таппай Көкшетаудан бір-ак аршын,
Ұлынды неге бұлай сынағансың.
Ақбелден елде біреу – «түс» - деп айтса,
Басында ойнар еді мына қамшым.

Тұрғанда шыбын жаны кеудесінде,
Әкесін айдалаға жерлесін бе.
Аманат ауыр міндет, ал, арғымақ,
Татыйма таразыда теңдесуге.

Аузынан зорға шығып солғын үні,
Беруге сәйгүлігін көнді Нұры.
Аяулы асыл тұяқ ақбел атын,
Қия алмай көкіректе толды мұңы.

Ор қылып тұрған жерін қазған тарпып,
Ақбелден жылқы жоқтай жалғанда артық.
Шырақшы жетелеп ап жөнелгенде,
Жүрегін ыстық жалын қалған шарпып.

«Кеш мені, хош, жануар», - деді Нұры,
Сенімен кетті иеннің сері күні.
Шашаңа шаң жұқтырмас шабысынды,
Көкшенің ұмыта алмас өрі-қыры.

Тақымым енді толмас басқа ат мініп,
Дұшпаным масайрайды-ау сақ-сақ күліп.
Өзіннен қалған мына ер-тұрманды,
Қай атқа жарастырам шап-шақ қылып.

Көрғұлы, Рүстем, Зарап тірілсе де,
Тұрқыңнан мін таба алмас үнілсе де.





Есіме сен түсерсің әлі талай,
Мінген ат астымдағы сүрінсе де».

Әкесін жерлеп Нұры, дұға қылды,
«Өзіңе қалдырдым - деп - пырағымды».
Аттанды кейін қарай, мінәжат қып,
Өткізіп жамағатпен жұма күнді.

Ақбел ат шырақшының белдеуінде,
Нұрыға оқыранды көргенінде.
Жер тарпып, аласұрып кісінейді,
Ауылға кетемін деп мен де бірге.

Иесі мәпелейтін жаны қалмай,
Неліктен бүгін соқыр, саңыраудай.
Басында бөтен жүген, бөтен нокта,
Бауырын бөтен айыл қарығандай.

Байлаулы аласұрып қалды артында,
Сезімін тілі жетпей аңғартуға.
Нұрының іші ашып, қан жылайды,
Жүрекке қадалғандай қанжар тура.

Мұндайда болмақ қайдан салқын қанды,
Жануар қара терге малшынған-ды.
Шыңғырып шұркыраған жан дауысы,
Көмекке шақырғандай марқұмдарды.

Бұл дауыс елендетіп сан қырканы,
Түркістан төңірегін жаңғыртады.
Үркітіп киіктерді өрісінен,
Құланды қыр асырып қаңғыртады.





Жыл асты Нұры елге кеп жеткелі,
Қыс өтіп, көктем келіп, жер көктседі.
Апшылы-Жекебояқ жайлауына,
Көш түзеп, малын айдап, ел беттседі.

Кез еді көш қызығы басталатын,
Күн қызған жаймашуақ шақ болатын.
Қазасын әкесінің ұмытса да,
Нұры жүр ұмыта алмай акбел атын.

Жұмысы не істесе де мандымайды,
Есіне акбел түссе абдырайды.
Тоқымын тері сіңген төсеніш қып,
Жастанып ертұрманын маужырайды.

Қарайлап ағасына інілері,
Түрінен түсі кашқан түніледі.
«Ел көпті. Қозғалмасак болмайды», - деп,
Алдына кезек-кезек жүгінеді.

Ел көшсе көшу керек жалқы қонбай,
Бұл үрдіс орындалған талқыланбай.
Былтырғы Түркістаннан оралғаннан,
Нұры жүр ештеңеге зауқы болмай.

Қорқаудың айналдырып жемтігіне,
Қалдырып кеттім-ау деп жер түбіне.
Қайғысы басын қысып ауыртады,
Жәумітше қаптағадай елтіріге.





Қайғыдан ашылмады қалың қабак,
Көңілі көншір емес малын санап.
Ойлайды Түркістанға қайта барып,
Акбелді әкелсем деп барымталап.

Жүрісін тұлпарының көкссейді көп,
Әкетсем сопы маған не істейді деп.
Әйтседе әкесінен именеді,
Онымды әруағы кешпейді деп.

Бір кезде құлағына дауыс келді,
Сол дауыс елендетті намысты ерді.
Өзіне өзі сенбей күмәнданды,
Не болмақ Нұры естен ауысса енді.

Не болмақ шынында да шалық тисе,
Батырды жынданды деп халық түйсе.
Жындының хәлін кешпеу мүмкін бе еді,
Көкірегі күніне мын жанып-күйсе.

Бір жылқы күлдір-күлдір кісінейді,
Бұл ояу. Өңін қалай түсі дейді.
Бұл дауыс басқаға емес бұған таныс,
Абыржып ештеңеге түсінбейді.

Бұл дауыс таныс дауыс, Акбелдікі,
Апырмай оралды ма бак пен құты?!
Шырақшы Түркістандық кожа еді ғой,
Адасып қайдан келді жат жердікі?!

Ақыры шын дауысқа анық сенді,
Жүгірді дауыс беріп дауысқа енді.





Кісінеп ақбел тұлпар келе жатыр,
Сағынып туып-өскен таныс жерді.

Бұдан соң енді қалай ес қалады,
Нұрының арайланды қас-қабағы.
Кісінеп шапқан аттың тұяғында,
Кісеннің сылдырлайды қос балағы.

Бекітіп ұстаған соң сопы тастай,
Аз күнде болған ақбел қотыраш тай.
Жерсінбей Түркістанды қашып шықты,
Жем-суы, жоңышқасы тоқыратпай.

Алдынан жол кессе де шеп тізіліп,
Біріне бой бермеді текті күлік.
Пәрменмен бүктетіліп жазылғанда,
Кісеннің шығыршығы кетті үзіліп.

Жылқы да жаратқанның қамқорында,
Пендені мәжбүр етті сан соғуға.
Аспаннан құйын түсіп көтергендей,
Бүрк етті жануардың шаң соңында.

Ақбел ат атқан октай зырылдаған,
Кетті! - деп қуғыншылар шырылдаған.
Жаралған жаннан зият жануарым,
Жалтарып алған беттен бұрылмаған.

Күн ұзын бой жасырып кеш туғанша,
Елендер жат дыбысты ести қалса.
Ақбел ат көз ұшында жоқ болады,
Көрген жан назар салып, ес жиғанша.





Жүр еді қылған ісі қырын кетіп,
Қуанды арманына Нұрын жетіп.
Сыртында Тасбикенің Киікбайды,
Келеді ақбел тұлпар дүбірлетіп.

Созылған салқар дала, сары жазық,
Ақбел ат шауып өткен арып-азып.
Құс канат, болат тұяқ жануардың,
Адамның баласынан жаны нәзік.

Сол нәзік жанын ұғар Нұры ғана,
Нұрыдан басқаға Ақбел бұрыла ма.
Ұмтылды бір біріне екі мұңлық,
Малынып алтын шапақ шұғылаға.

Ырсиып қабырғасы, бұраудай боп,
Үстіне қатқан көбік қыраудай боп.
Әл кетіп буынынан, шайқатылып,
Келеді эне-міне құлардай боп.

Сезіліп өкпесінің қабынғаны,
Денесі тұз артқандай ауырлады.
Шалынып бір аяғы бір аяққа,
Жануар тәлтіректеп адымдады.

Алқынып еңтігеді Нұры асығып,
Пендедей елес қуған қыр асырып.
Жүрісі алға қарай бір өнбейді,
Мұхитта малтығандай құлаш ұрып.





Мөлтілдеп көз жанары толған ақық,
Сығады омырауға сорғалатып.
Табанның астындағы жерді біреу,
Жатқандай әрмен қарай домалатып.

Даланын иді бұлақ төсін сауып,
Сағыныш бола ма деп осыншалық.
Адамның баласынан кем деймісің,
Оралған есті тұлпар иесін тауып.

Ақбел ат жете құлап тізерледі,
Нұры да мойнын құшып жібермеді.
Елжіреп мұны көрген күннің көзі,
Даланын еміренді жібек желі.

Туғандай бір әке мен бір анадан,
Қос жүрек бірі жылқы, біреуі адам.
Екеуі құшақтасып табысқанда,
Толғанып жан қалмады жыламаған.





Кавказ оқиғасы

Әке өліп, Асылмұрат өсті жетім,
Сол өлім тұтандырған кектің отын.
Тағдырын талқан еткен қанішерден,
Кегімді алмай қойман деп жүретін.

Тау ұлы кек қайтармай тыншымайды,
Тау заңы қанға қанмен күн сұрайды.
Жер басып ата жауы жүрген кезде,
Тап бұған тумак қайдан күн шырайлы.

Кек барда қыл үстінде ер беделі,
Қорықса қатын болып көрге енеді.
Қара дақ қанмен ғана жуылады,
Қан жара қанмен ғана емделеді.

Ержетіп бекігелі буындары,
Бір сәтке қайнаған кек суынбады.
Көшеге шықса дағы саныз көздер,
Күткендей кек алуын мұның бәрі.

Бақиға аттандырмай қанішерді,
Фәниде тыншымайды жаны шерлі.
Бойдағы ыстық қайрат бұрк-сарқ қайнап.
Қажайды жатса тұрса жадысы ерді.

Бір күннен бір күн озып жан кемірген,
Түндерде тәтті ұйқысы сан бөлінген.
Бір күні таңмен талас тасырлатып,
Шабарман жетті шауып әлде кімнен.





Ойнакшып астындағы ат тік секірген,
Шабарман хат тапсырды бүктетілген.
Орнынан шыр айналып қайта шапты,
Тіс жарып, сырын ашпай ішке түйген.

Жазылған хат мәтіні қысқа ғана,
Ұқсайды әрбір сөзі ұстараға.
Бөгелсе бұдан кейін мәңгі-баки,
Тағдыры таба болмақ күстанаға.

Әлдекім хабар салып; – Қамдан! - деді,
«Жауынның мәлім болды алған жөні.
Алшандап ол антұрған жүретіндей,
Әкеннің қаны сонша арзан ба еді.

Тапталпа намысыңды дұшпаныңа,
Жиып қой бар ісінді тысқарыға.
Бұдан соң сірә сенің кім сенеді,
Кіжініп алақанды ысканына.

Ал дағы қаруыңды ұмтыл бүгін,
Кешіксең көк тиындық қу тірлігің.
Қарасын батырмакшы қас дұшпаның,
Бұл сенің қайталанбас мүмкіндігің.

Тұп-тура сағат тоғыз шамасында,
Күтіп ал қос жартастың арасында.
Дұшпаның сол шатқалдан әрі асады,
Мүлт кетсең одан кейін аласұрма.»

Семсердей суыт хабар қабылданды,
Ат ерттеп, Асылмұрат қаруланды.





Ширықты қос жанары ұшқын атып,
Құртуға жер бетінен жауын мәңгі.

Сол сәтте тағы келді бір шабарман,
Бет аузын шүберекпен тұмшап алған.
Қолына хат тапсырып, кері шапты,
Бұл жолғы белгілі еді жұмсаған жан.

Хат жазған сүйген қызы жасы парлап,
Жатыр деп заманакыр басыма орнап.
Әкесі бүгін зорлап ұзатпақшы,
Құда мен күйеу кепті тасырандап.

«Ешкімді ұнатқам жоқ сенен бұрын,
Рас па мен сендікпін дегендігің.
Күтемін сағат тоғыз шамасында,
Келмесен шыннан құлап өлем бүгін.

Сүйіктім, тұйықталды жолдың бәрі,
Өзіңсің алғашқым да, соңғым дағы.
Алмасаң арашалап амалым жоқ,
Тағдырдың жазуына көндім дағы».

Хатты оқып Асылмұрат абдырады,
Толғантып жар тағдыры жанды ұрады.
Жатқандай кеудесіне уын төгіп,
Кіріп ап Қап тауының бар жыланы.

Жауынан бел буғанда кек алғалы,
Көңілдің отқа оранды көк орманы.
Атпай ма өз жүрегін қоса көздеп,
Асыл жар ажал күшса не болғаны?!.





Басына бір мезетте нелер ой кеп,
Күй кешті тасқа соққан кемедей боп.
Дұшпанын көз алдына елестетсе,
Тұрады қыз бейнесі көлегейлеп.

Жауына қан жұтқызып өлтіргенмен,
Кегімді қайтардым деп желпінгенмен.
Аркалап өтетұғын өмір бойы,
Қайғының күш табар ма дергін жеңген.

Сол кезде бір шабарман тағы келді,
Жүрісі тым асығыс әбігерлі.
Хат беріп ол да орнынан қайта шауып,
Қолатқа қас қаққанша барып енді.

Табанды тасқа орнатқан бағанадай,
Ер жігіт алған беттен ауа ма оңай.
Амалсыз Асылмұрат хатты оқыды,
Жүрегі тұрса дағы дауаламай.

Жауына қайраулы еді алдаспаны,
Жары өлсе қара түнек мәңгі аспаны.
Жетпесең бүгін кешке болмайды деп,
Шарт қойып, шақырыпты жан достары.

Хаттағы қорғасындай сөз салмағы,
«Жет - депті - арғымаққа ер сал дағы.
Тоғызда бүгін кешке жиналамыз,
Кешіксең кешірмейміз өлсең дағы.

Келмесең сені дос деп санамаймыз,
Санаттан атың өшіп, қалады айғыз.





Қанша жыл бірге жүрдік, енді соны,
Бүгінгі бір сынақпен бағалаймыз!».

Үш хаттын үш қиянда діттегені,
Бір күнде бір уақытта жүктегені.
Толғантқан таңдау біреу, талап үшеу,
Біріне қаға алмай тұр мық шегені.

Достары бала жастан сыралғы еді,
Белгісіз меңзегені бұған нсіні.
Дос безсе нар көтермес қайғы арқалап,
Қайысып салмағынан сынар белі.

Ертеулі тұлпарынан маза кетіп,
Тарпиды тұрған жерін тозаң етіп.
Көктегі күнмен бірге қашқан уақыт,
Сәскенің қазығынан барады өтіп.

«Кек қайтпай әке рухы жайлана ма,
Жер басып жүре алармын қайда ғана.
Аманат, абырой мен намыс жайлы,
Тік карап сөз айтармын қай балама.

«Жаным!», - деп мың айтса да жаңылмаған,
Сүйіктім қосып еді жанын маған.
Мен үшін мендік жүрек құрбан болса,
Жастығым өшкені ғой жалындаған.

Бай едім, бақытты едім достарыммен,
Қамалдай берік еді қосқан іргем.
Бармасам шақырғанда қастарына,
Қалам-ау иттей ұлып босқа жүрген.





Ойлары түйін таппай сан сақтағы,
Қиналды, жаза басса сан сокканы.
Белдеу мен босағаның арасында,
Бір ізбен ерсең-қарсаң қанша аттады.

Тар кезең тас өткелдей таға сынған,
Тап болып тығырыққа аласұрған.
Жас ақыл жарып өтер жөн таба алмай,
Іздеді ақырында жанашыр жан.

Жок емес дана іздесе ел ағасы,
Тым алыс аз уақытқа жер арасы.
Ең жакын кім бар бұған ақыл берер?
Әрине, шын жанашыр тек анасы.

Анасы тындап ұлын; –Балам,-деді,
Әкеннің маза бермес саған кегі.
Ажалы сенен болса сол жауыздың,
Түбі акыр өзі айналып табар сені.

Сүйгенің сендік болса жаралғаннан,
Шырақты кім өшірер саған жанған.
Тағдырда Алла қосқан айрылмақ жок,
Бұйрықты кім бұза алмақ адамдардан.

Достарың шақырғанда бармай қалма,
Бас тартпа бастаса да қан майданға.
Жақсы дос туысыңнан бұрын жетер.
Жұлдызың қорғалаған жағдайларда.

Достарың көп күттірме шақырғанда,
Құлыным, соларға жет ақылды ал да.





Сүйейтін қолтығыңнан қыл көпірде,
Жандарды өкпелетер қақың бар ма.

Ақылын анасының қоштады да,
Асықты Асылмұрат достарына.
Тапсырды сүйген кызын бір Аллаға,
Өзгерді жауға құрған жоспары да.

Қарсы алды барлық досы – Жарадың! - деп
Жайыпты мол дастархан, дәм әзірлеп.
Қаумалап сырнай, керней салтанатпен,
Басталды бір керемет дара дүрмек.

Бірі кеп – Жабырқауың жетер! - дейді,
Бірі кеп – Қане, көңіл көтер! - дейді.
Алдында құрақ ұшып барша досы,
Асырып абыройын бекемдейді.

Сонда да көңіл күпті, алаң басым,
Сезбестей басқа мейлі бақ орнасын.
Ұқпайды мұнша байлық кімге шашып,
Сонау бір кімге салған ақ ордасын.

Аста төк бұл ысырап қандай думан?
Сұрақ сол жауабына қанбай тұрған.
Келмесен кетісеміз дегені не?
Осы ма сынақтары дардай қылған?!

Қараса жадыраған кіл қабакқа,
Ұқсайды кара басы дүр қонаққа.
Бұл мұнда ал, әкесін өлтірген жау,
Барады-ау тайраң қағып бұл заматта.





Секілді бәрі осының жалғаншы бақ,
Көңілі жай таппады алдаусырап.
Қалайша той тойламақ, сүйген қызы,
Бұл сәтте кеткен шығар жардан құлап.

Мазалап кездейсоқтау жайы мына,
Жете алмай тойдың ешбір байыбына.
Егесіп өзіменен өзі айтысып,
Тосылды жауап таппай қайымына.

Мәнісін ұқтырмай тұр ешкім әлі,
Тек – «Неге көңілсізсің?» - десті бәрі.
Ақыры ішкі толқу шыдас бермей,
– «Мына той кімнің тойы? - деп сұрады.

Сол сәтте сап тиылды у шу думан,
Ән мен күй шорт кескендей үнсіз тынған.
Сабырдың сары алтыны осы ма еді,
О, тоба, мүмкінсізді мүмкін қылған.

Жалт етті Асыл көзі ақ алмастай,
Ұмтылып, кілт тоқтады қадам баспай.
Шықты әне әкесінің ескі досы,
Талайдан кетіп еді хабарласпай.

Айтатын өкпе назға тұнып жүрек,
Жазғырып жүруші еді ұмытты деп.
Есейген Асылмұрат осы адамды,
Көзіндей әкесінің қылып тірек.

– «Армысың - деп бастады ол, - жаным, балам,
Шүкірән!, Жігіт бопсың жалындаған.





Айыпка бұйырмассың көп күттірдім,
Қайтейін іздегенім табылмаған.

Біраз жыл қарайладым жетілсін деп,
Буыны бекіп, атқа отырсын деп.
Сен қалған жан досымнан аманатсың,
Әкеңмен арамызда шетін сыр жоқ.

Жол шектім жауымды іздеп жарак алып,
Ол дағы жәй жатпапты қарап анық.
Тап болдым тосқауылға жазатайым,
Айрылдым бір қолымнан жараланып.

Мен де әкен орынында шын әкеңнің,
Дос барда кемімейді қуаты ердің
Әкеңнің кеткен кегін өзін қайтар,
Жауынды тізсерлетіп тірі әкелдім.

Аркамда жеңілдесін ауыр жүгім,
Төледім құда түсіп, қалың бүгін.
Салдырдым ақ сарайды саған арнап,
Ішінде күтіп отыр қалындығың,

Жинадым бар досыңды айналадан,
Алдырдым қуансын деп қайран анаң.
Ренжіме сынға салдым ойламаған,
Мына той сенің тойың, тойла, балам.

Ананды әлпештеген енді аяла,
Бөленсін камқорына кең саяда.
Барыңды қолыңдағы бөліп беріп,
Жаныңды достарыңнан сен де аяма.





Досыңды өзін қалай құрметтейсін,
Үйретіп өз балаңа үлгі етпейсін.
Өмірде қияметтік дос таба алсаң,
Дүниеден ізсіз-түзсіз құр кетпейсін»,

Жаратқан жарылқасын құлын өстіп,
Мен саған бас иемін ұлы достық.
Бір сынақ өзіме де болатындай,
Кей-кейде елендеймін дүбір естіп.

Тыныштық

Мен сені тапқан жоқпын. Қиялдасың,
Қиялым иемденген қияндасың.
Басқаға көрмесем де көрдім деймін,
Мысығы қызғаныштың мияуласын.

Мен сені тапқан жоқпын. Арманымсың,
Арманым аймалаған ардағымсың.
Басқаға таппасам да таптым деймін,
Талағы іштарлықтың қақ жарылсын.

Мен сені көрген жоқпын. Құштарымсың,
Қуаттар құштарлықты күш табылсын.
Басқаға көрмесем де көрдім деймін,
Қастығы бізден аулақ тұста жүрсін.

Мен сені тапсам ғана тынышталам,
Жаямын жүрегімді жылы ұстаған.
Әйтпесе әйнектелген бір әлемде,
Түтіктен секілдімін тыныстаған.





Мен сені тапсам түгел мақұлданар,
Айтылған таң ғажайып оқиғалар.
Әйтеуір табатыным анық бір күн,
Мүмкін ол фәниде емес, Баки болар.

Сен ғана

Бұл ғаламда сен ғанасың мен деген,
Кен дариям бакытымды тербеген.
Мендегі бар қуаныш пен шаттықты,
Сенің ғана саусақтарың зерлеген.

Сен ғанасың тірлігімнің меселі,
Өзінменен ырыздығым еселі.
Самал желдей баяу ескен үніңнен,
Тас төбемнен төнген бұлт көшеді.

Мәз боламын айтқанымды құптасаң,
Дос алдында тауалымды жықпасаң.
Өзіме өзім сенбей тұрған жерде де,
Тек өзіңе сенім артып нық басам.

Талайлардан жүрсем де алып ксм баға,
Шын бағамды түсірмейтін сен ғана.
Сен ғанасың жастығымның шабыты,
Қарттығымның қуаты бол сен ғана.





Әйел патшалығы

Сан соғарын сөзбеді ме, сезді ме?!
Алтынынан айрылғандар жезге ие.
Таң ғажайып әйел патшалығында,
Еркектердің ерсктігі езгіде.

Шар болаттың бұрынғы жоқ меселі,
Жасық темір қияр ғана кеседі.
Ұлан-байтақ әйел патшалығында,
Еркектіктің енді соры бес слі.

Гүлді биік дәріптеген қас тұлға,
Қалды еленбей құмыраның астында.
Матриархат әйел патшалығында,
Ерсктігін қош көргендер қашқында.

Жоғалғалы боз даланың бөрісі,
Түлкілерге қорым болды қонысы.
Еркек үшін әйел патшалығында,
Әйелдердің жүріп жатыр соғысы.

Әлсіздікті тәлкек етіп, табалап,
Иықтарды барады езіп ала қап.
Еркектер жүр әйел патшалығында,
Бір әйелден бір әйелді паналап.

Бүркіт қия қырандардың мскенін,
Абыройдан жұрдай етті көкегің.
Түсінбейді әйел патшалығында,
Еркектің де құқығы бар екенін.

Еркек болсаң атқара алған өз ісін,
Құрбандыққа туған қошқар-қозысың.
Ең жаманы әйел патшалығында,
Сотталасың «қатын» деген сөз үшін.





Қазақ келеді

Қазақ келеді шапаны оқаланған,
Алшаң басқан жазылғай сапары оннан.
Ата жолын ұрпаққа жалғастырып,
Аман қалған не зұлмат топалаңнан.

Қазақ келеді құндыздан бөрік киген,
Өз қолына азаттық, ерік тиген.
Аптап еніп ғасырдың босағасын,
«Ассалауы» жер жарып, еліктірген.

Қазақ келеді кісесі күмістелген,
Үзеңгісі қағысып ырысты елмен.
Түп-тегіңді таратып, сұрай-сұрай,
Тамырыңнан тартып ап туыс көрген.

Қазақ келеді балағы оюланған,
Бар ғаламға ақ жолы мойындалған.
Баласының көксейді ол болашағын,
Бабасының арманы орындалған.

Қазақ келеді аяқта саптамасы,
Ешкімге жоқ жаулығы, бақталасы.
Күлтегіннен бері қарай таска түскен,
Қолтығында тарихтың хаттамасы.

Қазақ келеді салты мен дәстүрімен,
Шаңырағы, уығы, басқұрымен.
Қазақ келеді алға ұстап ар-намысын,
Арпалысып ақпарат тасқынымен.





Қазақ келеді мың жылдық шежіресі,
Таң мен кешті теңгерген жер иесі.
Абай әнін ғарышта тамылжытқан,
Таңғалдырған талайды ерің осы.

Қазақ келеді даңқымен ту бастағы,
Жырауларын тірілтіп мың жастағы.
Төр билеген тектілік қанында бар,
Төр сұрамай әлемнен тұрмас тағы.

Қазақ келеді атасы Алтын Адам,
Аузын ашса жүрегі жарқыраған.
Шүкірінен жазбайтын мұндай халық,
Жұмаққа да жақындау жарты қадам.

Қазақ келеді Қорқыттың қобызымен,
Домбырасы олжалы «тоғызымен».
Түйдек-түйдек ойлары оймақ алтын,
Сөйлейтұғын сөздің де семізімен.

Қазақ келеді қыранды байрағымен,
Бәз баяғы жағасы жайлауымен.
Өгейсімей досынды өзіндей күт,
Шатастырып алмандар қайдағымен.

Күрсінісі, күлкісі кезектескен,
Өмір осы сан қилы мезет кешкен.
Жүйрік уақыт көзді ашып-жұмғанынша,
Жүйткіп өте шығады тежетпестен.

Өмір осы тіршілік қарбаласын,
Бір күні аптап, бір күні қар борасын.





Өзге түгіл білмейсің өзін дағы,
Енді тағы қанша күн бар боласың.

Өмір осы бүгінің, кешегіңмен,
Ертеңгісі тысқары есебіңнен.
Болатыны болжаусыз ғайыптардың,
Алла ғана жұмбағын шеше білген.

Өмір осы білгенің, танитының,
Арасында көргенің әр ұйқының.
Ұйықтап тұрып, қайтадан ұйықтайсың,
Тең жартысы ұйқы екен налитының.

Өмір осы мансабың, байлығың да,
Баттың қанша сол үшін қайғы-мұңға.
Бәрі соның қалады-ау түкке тұрмай,
Фәни менен бакидың айрығында.

Өмір осы күресің, тайталасың,
Ақыры бір жеңіліп, жәй табасың,
Мойындайсың бір ғана ақиқатты,
Жығылатын жерінді байқағасың.

Дүние қызылды, жасыл қалмаған кімнен,
Сонда да көңіл бөлмейсің, аңдағаныңмен.
Қаласың қара шоқының басында түнеп,
Қоштасып бұйдасын үзген аруана күнмен.

Балалық баға жетпейтін қалмаған кімнен,
Жолдаймын сағынышымды салған әніммен.
Алаңсыз ондай уақытты, сондай бақытты,
Таппайсың жаһанды кезіп, шарлағаныңмен.





Ержеткен бозбала күнді бойжеткен білер,
Жатталып жүректе қалар сол көп белгілер.
Қайтарып ала алмайтұғын қазынаң ол да,
Берсең де бар байлығыңды қол жеткен түгел.

Жылдарға ай-күні толып, жаятын құшақ,
Тағатсыз асығасың-ай кеп ой-ақылды сап.
Арманның соңында өтеді есіл-ғұмырың,
Кызыкқа эне-міне бір тоятын құсап.

Шұңғырша

Табаны ма өзеннің, тармағы ма,
Бейтаныс жер айналған арманыма.
Бір заманда жартысы біздің елдің,
Ауды дейтін Есілдің ар жағына.

Ауды дейтін екі бай келісе алмай,
Бір қыстауға таласып, бөлісе алмай.
Содан бері ұрпағы бір атаның,
Жатқа айналған бір-бірін көрісе алмай.

Неге олар өйтті екен эттеген-ай,
Өткен іске әрине қап деу оңай.
Армандаушы ем бір барып таныссам деп,
Тәубе, тәубе!, табылды-ау сәтке қолай.

Шалқар, Иман көлдерін қоныстаған,
Шүйіншәліде Жаманша ел ұстаған.
Шұңғыршаның шонжары Шөбек еді,
Сені қайтіп сөгермін болыс бабам.





Қолтығына Ресейдің кіргенде ел боп,
Қара шекпен кілемін тілген дендеп.
Шарасы жоқ қазақты шырылдатып,
Шабарманы ояздың жүрген мөрлеп.

Баркыт белді келімсек жайлап алып,
Шулаған ел жүгінер қайда барып.
Орыс қысқан бүйірден екі байға,
Жердің тарлық еткені айдан анық.

Болыстыққа Байсары Шөбек ие,
Сүйенбей ме ояздың көмегіне.
Шұңғыршаның үш көлін доңыз лайлап,
Жаманшаның жұт келді көнегіне.

Орыс мөрлеп қонысты сұрамай-ақ,
Қу даладан құт қашты құлан аяқ.
Мизамынан патшаның үрейленіп,
Момын жұрттың сенгені құран-аят.

Ояз өкім Шөбекке төндіріпті,
Мұжықтарын үш көлге қондырыпты.
Жайлауынан оралса Жаманша бай,
Қара шекпен қыстауға орнығыпты.

Қыстауына ене алмай босқан шұбап,
Жаманша бай қиналып, састы абдырап.
Бар пәлекет өзінен аулақ болса,
Шөбек үшін садақа бастан құлақ.

Казактардың қолында қара мылтық,
Төбелесу оңай ма жаға жыртып.





Қаны қызған ұлдарын қайта-қайта,
Жаманша бай сабырға салады іркіп.

Басу айтып ашулы топқа күштеп,
Бас басына зекіді – тоқта түс! - деп.
Қанталаған көздері көкжал ұлдар,
Ұлтарактай жер үшін отқа піспек.

Аттан десе-ақ Шөбекті шауып алмақ,
Онда ояздың бітіспес жауы болмақ.
Кенесары шабысып шаһит болды,
Қазақ байғұс қалады тағы зарлап.

Өзі барды Шөбекке бауырым деп,
Аждаһадай ол отыр жалын үрлеп.
«Жайлауыңа қайта қайт» дегенді естіп,
Одан бетер күйзелді ауыру боп.

Кескілесе жер үшін, қырғын болмақ,
Әдірем калар онда мыңғырған бак.
Құздан тайып құрдымға құлап кетсе,
Қолын созар кімі бар шылбыр жалғап.

Торықтырып алаштың ақ тұйғынын,
Сахараға жүргізді жат билігін.
Көшті ақыры Жаманша әулетімен,
Кесісті де Шөбекпен ат құйрығын.

Ұлдарының біледі сырын жақсы,
Көп бөгелсе бәлеге ұрынбақшы.
Ұрпағымен Шөбектің сойылдасып,
Мылтығынан мұжықтың қырылмақшы.





Бір бітімге келе алмай қос білекті,
Ат сабылтып арада көп күн өтті.
Ақырында Ащылы-Жекебаяқ,
Ақан таудан әрі қарай бет түзепті.

Ізі де жоқ сол көштің шаңдағы да,
Талданған жоқ себебі, салдары да.
«Бірікпесін басың», - деп қарғағандай,
Іздемепті бір-бірін шалдары да.

Екі жақта ұрпағы Шұңғыршаның,
Арасында Ақан тау – бұлдыр сағым.
Жаманша жоқ бұл күнде, Шөбек те жоқ,
Шұңғыршаны бөлдің деп кімге ұрсамын.

Салқындық

Сүрініп кеттім екен қай арада,
Тым-тырыс өтіп жатыр ай арада.
Өзара әңгімесі таусылмайтын,
Жоқ бүгін баяғы іні, баяғы аға.

Өр мінез алақұйын ырық бермей,
Біріміз бірімізге күліп келмей.
Еңсені қорғасын ой жаныштайды,
Бойымды жаздырмаған суық тердей.

Арамыз алыс та емес, жарты-ақ аттам,
Сұрақпен жазалайды әр таң атқан.
Ұға алмай не болғанын менің ішім,
Ұлиды суық пештей жаңқа жаққан.





Күндер-ай жаяу шарлап жыр қыдыртқан,
Бай еді көңіліміз күллі жұрттан.
Сыртыңнан суылдаған пыш-пыш жаман,
Терістен соғатұғын ызғырықтан.

Ішқұса сен де өкпелі, мен де өкпелі,
Бұл дағы сайтан салған өрнек пе еді.
Тартады екеумізді екі жаққа,
Жабылып барлық пәле жер-көктегі.

Естелік

Өлі, тірі арасын бөліп кемең,
Жақсы менен жаманды көріп келем.
Өмір-мұхит сапары толқындардың,
Жағалауда жарды ұрып көбіктеген.

Жылатқан да бар мені, құлатқан да.
Бәрін соның кешірдім бірақ та, Алла.
Ұмытайын ұмытсам жамандықты,
Жақсылықтан болмайды жырақтауға.

Көкен еді ұстазым, көп ергенмін,
Көз алдында бәрі де көрерменнің.
Жердей жауыр жүрегім жылағанда,
Жетіміндей сезінем кемеңгердің.

Сәкен-сері жан ағам, шыңымдай-тын,
Ол да аттанды сапарға бұрылмайтын.
Сан өнерді көтеріп кете барды-ау,
Мандайына әркімнің бұйырмайтын.





Мұрағаттай мың жылдық алаштағы,
Есағам да сексеннен әрі аспады.
Аурудың жеңсе де жеті атасын,
Езіп кетті-ау кайғының қара аспаны.

Кәрекем де жоқ бүгін елпілдеген,
Кер бұғыдай танауы желпілдеген.
Күй табағы секілді сал-серінің,
Көмейінде әндері төркіндеген.

Ерік-акын тетелес тай-құлындай,
Омақасты құланның айғырындай.
Қалды орыны ойсырап ойда жоқта,
Құсы кеткен Қос көлдің айдынындай.

Ерназардан айрылдым қасқағымда,
Тілі мірдей еді ғой тас шағуға.
Әзіл жазған әдемі кітабының,
Қалды құлап қаламы бас жағында.

Талай жандар айналды естелікке,
Қала бердік бәріне хош дедік те.
Өмір дейтін тағдырлы драмаға,
Қойылады ерте ме, кеш пе нүкте.

Жүз жасасам оны да жарымдадым,
Қанша достың көтерді зарын жаным.
Естеліктер көбейіп бара жатыр,
Қаншалықты білмеймін қалыңдарын.

Сөз береді еске алу жиынында,
Тағдырымның азапты сыйы бұл да.
Аман-саулық тілеймін қалғанына,
Аманаттар ауырлап иығымда.





Жүз күннен кейін

Уа, елім, Көкше өңірі,
Кімің бар оған тең, ірі?!
Жүз жылда толмас орыны,
Біз көрдік Сәкен серіні!

Біржанды қайсың көріп ең?
Ақанға қайсың еріп ең?
Жүз дертін іште жасырған,
Сырластық Сәкен серімен!

Шоқанды дағы шенімен,
Көрген жоқ ешкім беріден.
Жүз қайта келсе жүз түрлі,
Жүздестік Сәкен серімен!

Бай қанша бөкен жеміне,
Айтпаймын, олар теңі ме?
Жүз биге төтеп сөйлейтін,
Ергенбіз Сәкен серіге!

Айтуға несін ерінем,
Бір өзі театр-керуен.
Жүз қызға жүз ән шырқайтын,
Жүрдік-ау Сәкен серімен!

Сиқырды сыбай перімен,
Қолпаштап пірге телімен.
Жүз сексен адам Меккеге,
Барғанбыз Сәкен серімен!





Өмірдің тарқап өрімі,
Ұмыт та болар не бірі.
Жүз күннен кейін сағынып,
Іздедік Сәкен серіні.

Жүз жылдан соң да сағынып,
Іздерміз Сәкен серіні!

Ерік ақынның елуі

Ағалығын, достығын, ақындығын,
Өткірлігін, өрлігін, батылдығын.
Білуші едік біз Ерік Асқаровтың,
Білмедік қой қоштасу жақындығын.

Қырық төрт жас «қанды өзек» тұсы боп тұр,
Мойындадық Алланың ісі деп бұл.
Алтыншы қыс, алтыншы ақпан жетіп,
Иесіз аттай елуі кісінеп тұр.

Ағып түскен жұлдызды жаққан бар ма?!
Ажал-тағдыр адамға ақталған ба.
Алаш саған аманат ақ боз-өлең,
Асқаровты іздетер ақпандарда.

Ерте есейіп жұлде алған жігіттіктен,
Жүрісі де секілді ед суыт тіптен.
Айтқыш еді сөйлейтін биік қарап,
Көнелердің көзіндеі құрып біткен.

Көзге түсіп тайындай арабының,
Мағжанға ұқсатқан даралығын.
Алпыстағы шалдарға бас шұлғытып,
Алты жастан аңғартқан даналығын.





Топ бастайтын алдына жан салмастан,
Қайран ақбас бурам-ай алшаң басқан.
Айтыстарда халықты тік көтеріп,
Жалғыз оқтай заулайтын жалтармастан.

Тіршіліктің түгессең тұзын, дәмін,
Бір секунтқа бөгелмес шыбын-жаның.
Даңғыл жолдың бойында сезбеді ол да,
Тағдырының көлденең сызылғанын.

Қызылжардан қанатын қомдап алып,
Астанаға ұшқанда боздап ағып.
Соңғы өлеңі нүктесіз қалды оның да,
Соңғы сөзі иманы болғаны анық.

Шыңдағы қар

Қ. Аманжоловқа

Шашың қалай ағарған, Қорған аға,
Жакпай жүрме Алматы орда қала.
Күнде кешке қалжырап жұмысыңнан,
Жетесің бе Талғарға зорға ғана.

Көкшетауда қалмадың шетке кетпей,
Қуанып ең төбең сәл көкке жетпей.
Алматы мен Талғардың екі арасы,
Көкшетау мен ауылың Көктеректей.

Саяхатта жолаушы нөпір тіптен,
Сені қалай таниды шопыр біткен.
Ымырт түссе үйіңе асығасың,
Босап шыққан адамдай кепілдіктен.





Жетелеп ең біздерді жаяу жүріп,
Сенің арқаң біздегі баяндылық.
Көлік алып беруге шамамыз жоқ,
Көкшетаудан мінбесең тай алдырып.

Тай мінбейсің, тақымың толмайды оған,
Әттең шіркін кедейлік қол байлаған.
Ақ сисасын атамның тындағанда,
Сен түсесің есіме жол бойлаған.

Өлеңінде жоқ бірақ мұң мен нала,
Әр шумағы нәр алған гүлден ғана.
Әлемдегі бақытты жалғыз сендей,
Алпыс жаста қартаймай жүрген бала.

Сен келді деп Көкшеде жиын сауық,
Бірі жатыр бірінен сүйінші алып.
Құттықтау хат тапсырар әкімдер де,
Тапсырғандай Сәкеннің үйін салып.

Көру үшін Көкшенді жырға құмар,
Келдің. Сені тындаудан кім жалығар.
Күннің өзі шағылып көзді ұялтқан,
Сенің шашың шаш емес, шындағы қар.





Арманға

Ат емес атақ сыйлайды ел,
Атыңды сақта, алданба
Мақтаса мейлі тыңдай бер,
Марқайып бірақ панданба.

Атаусыз қалар атын да,
Ақылды мастық буласа.
Атақ та бекер акынға,
Атақты өлең тумаса.

Мәртебе бүгін ақшада,
Мәшине мінсең мықтысың.
Жұрт ауғыш лезде басқаға,
Жүлдесіз қалсаң бітті ісің.

Жұрт мақтар, бөсіп бой ұрма,
Сол қауым бір күн соттар да.
Жұртты тек сонда мойында,
Жырынды жатқа сокқанда.

Ізбасар едің соңымда,
Алдыма ұстар алауым.
Желбергіш топтың қолында,
Желкілдеп кетпе, жалауым.

Әлі бар. Әлі аман, нық,
Таң қалма саған жүрсе еріп.
Ақанды шалған надандық,
Біржанды таңған дүмшелік.





Жәнібек сал

Жұпары желге ұнаған,
Армысың кенді қалам.
Еркелеп құшағыңда,
Елуге келді балаң.

Тайынан танып едің,
Тұлпарың – Жәнібегің.
Баптадың, бағын аштың,
Көзіндей Әміренің.

Дәстүрін аймағыңның,
Бірі бұл жайған ұлдың.
Құрметте, қошеметте,
Көзіндей Байғабылдың.

Бұрқатып, шашындатып,
Найзағай жасындатып.
Келеді әнші-ғұмыр,
Тұлпардай тасырлатып.

Жарылғап, Мұса туған,
Естай мен Иса туған.
Сарқылмас қара ертістің,
Саласы жыр сапырған.

Сарыарқа сары бел еді,
Кеудесін паң кереді.
Жауырыны жерге тимей,
Жәнібек сал келеді.





Қазақтың бел баласы,
Қаржастың бекзадасы.
Бүйрегі Баянауыл,
Жүрегі кең даласы.

Сыйқыры айғайында,
Сүйкімі таңдайында.
Әлемнің бар шаттығы,
Әншінің маңдайында.

Әншілердің патшасы

Тұрқы дара тұлпар тұяқ тектілік,
Тұғырыңды саф алтыннан соқтырып.
Туған елің тағзым етер тұлғасың,
Әншілердің падишасы деп біліп.

Сал-серінің сертімісің сен, аға,
Сендей ұлды көп толғатар ел-ана.
Кең дауысың бар әлеммен үндескен,
Өрісіңе сызылмаған шекара.

Адалдықпен арқаладың ән жүгін,
Асқақ әнге демін салдың мәңгінің.
Ұлан-байтақ сахарасы қазақтың,
Әнмен жаулап, билік құрған хандығың.

Қайрат десе кең ашылған қақпасы,
Саған ғашық әрбір қазақ отбасы.
Дәл өзіндей тәжін киген халықтың,
Жоқ әлемде ешбір елдің патшасы.





Мұратбек ағаға

Құтты болсы, аға, мына орының,
Бірі емес ең өзін де жәй торының.
Жаугершілік замандар да тусан да,
Басқарар ең бір арыстың жорығын.

Сахнада басылмастан солығың,
Сомдап едің Абылайдың өр үнін.
Өз ағамыз бастық болып келді деп,
Көкшеліктер көкке атып жүр бөрігін.

Қай жерде де төрде еді ғой орының,
Орыныңа олқы сокпас порымың.
Қарағайдың басын шортан шалғандай,
Жетімсіреп жүруші еді көп інің.

Орын-орын, орынтағы айналма,
Оған бола жағаң кетпес жайлауда.
Бұл орынтақ Нұх кемесі секілді,
Зауқың болса ұлттың қамын ойлауға.

Қызметтің болмағанмен ұшпағы,
Бұл да төргі төсеніштің пұшпағы.
Сізге дағы сүйеу керек іштегі,
Бізге дағы тірек керек тыстағы.





Азамат ғұмыры

Қ. Әкімбекке

Артында қилы-қилы қалып күнін,
Алпысқа толдың, аға, анық бүгін.
Бір кезде екеумізді таныстырған,
Жоқ бүгін Сәкен-сері жарықтығым.

Ұстаған қос тізгінді қолға мығым,
Ағаның енді білдік зор қадірін.
Өзіңді құрметтеген Сәкен-сері,
Бір өлең арнар еді-ау ол да бүгін.

Қашанда құшағың кең дарындарға,
Жазбазсың сол мінезден жаның барда.
Толғауы ана тілдің ақындарда,
Қолдауы ақындардың нар ұлдарда.

Тақымы мықтылардың ері аумайды,
Алланың берген бағы тоналмайды.
Бұл күнде билігің жоқ, беделің бар,
Мені ешкім жағынды деп сөге алмайды.

Жан екен адуынды Жәміш анаң,
Бір ауыл бағыныпты бәрі соған.
Әлімнің өсіп-өнген ұл мен қызы,
Мінгесіп келе жатыр әлі саған.

Танылған бала күннен бұлалығың,
Үзгенсің талайлардың бұғалығың.
Бақыттың құшағына бөлеп жүрсің,
Қазақтың Күмісжандай бір аруын.





Иығыңа артып ауыр ерте жүкті,
Таныттың елді бастап серкелікті.
Сәуледен еңбек жолың бастау алып,
Тұлпары қызметтің ерттеліпті.

Сол тұлпар тақымында болдырмаған,
Тасытқан ырысыңды торғын далаң.
Невский, Горковский, Талшық жері,
Шақырып алдан саған қол бұлғаған.

«Қызмет қолдың кірі» дедің деме,
Болғансың аудан әкім Ленинге де.
Ақаев, Бәкиев те патша болған..,
Ұмытсын қадірінді елің неге.

Көкшеде салмағың бар, атың дардай,
Екпінің таудың тасын жапырғандай.
Билярдта ешкімге дес бермейсің,
Рехстагқа ту тіккен Рақымжандай.

Қара сөзге қазақы желгіштейсің,
Қызған сайын құлаштап пергіштейсің.
Микрофонды қолға алып сөйлеп кетсең,
Ерғалиев Хаманнан кем түспейсің.

Ән меккесі емес пе аяулы аймақ,
Көкшетауда адам аз жаяу, жәйдақ.
Қаршығамен сайысқа шықпасаң да,
Домбыра да шертесің, баянда ойнап.

Туған жердің сіміріп бал шырынын,
Орманының сүйесің әр шыбығын.





Депутаттық мандатың болмаса да,
Қасымовтан кем емес әншілігін.

Бұл тірліктің жете алар түбіне кім,
Өнер еді құрметтеп жүгінерің.
Мағауиндей кітапқа жазбағанмен,
«МЕН»-іңізді біледі інілерің.

Өзің салған салтанат сарайында,
Табыстарың айналсын толайымға.
Тас шарларды тесікке тоғыта бер,
Алмас, Арман қол соғып маңайында.

Жүз жасарсың жаратқан жарылғаса,
Ақсақалдық құрудың камын жаса.
Шапай-ағаң басқарған «Ақсақалдар
Кеңесіне» кезексіз қабылдаса.

Дос алғысы

Жандарбек досымның жары – Майраға

Досымның көзіндейсің соңындағы,
Орнында оңалыпты оның бағы.
Нәрестең ержетіпті қолындағы,
Тірінің тіршілігі соның бәрі.

Маралдай маңдайынан бұршақ ұрған,
Өтіпсің небір белең, қырқа, қырдан.
Сақтапсың шыққан ұлды құрсағыннан,
Қыңқ етпей қайысса да қыл қабырған.





Жасында жиырмадан жаңада асқан,
Жарыңды жалмады ажал жаңа отасқан.
Сенің жап-жас жүзіңе карамастан,
Ақ шаштар бұрымыңа араласқан.

Биіктен шыңырауға құлағандай,
Заматта не болғанын ұға да алмай.
Жан таппай уататын, уана алмай,
Күй кештің екен сонда сірә қандай.

Айрылып қапияда жан жарыңнан,
Көз жазып дағдарыпсың бағдарыңнан.
Түндігі отауыңның қан жамылған,
Қазаны ошағыңның қак жарылған.

Жесір ең сүйген ерін жерге берген,
Көріпсің көресінді пенделерден.
Дос қайда? Торғайлар ма жемге келген.
Білмеймін ақталармын мен де неммен.

Ажарлы ақ келін ең қылықты бір,
Жаныңды мұздатты ма суық ғұмыр.
Мені де деп жүр ме едің «ұмытты бұл»,
Жыр оқып жүрегінді жібітші бір.

Салына берме енді сары уайымға,
Разымын ана бопсың нардай ұлға.
Қалыпты қиын күндер шалғайыңда,
Бақытың жанғалы тұр маңдайыңда.
Мен соған тілектеспін әрдайым да.





Қыз қуу

Тістерің ақ маржандай тұнықтағы,
Ақситып сәлемдестің күліп тағы.
Мектепке екінші жыл барғанымда,
Бала едің сен бірінші сыныптағы.

Ол күнде кіп-кішкене бүлдіршін ек,
Секілді балан үйрек, шүлдір шүмек.
Сабактан талай рет күтіп алып,
Үйіңе дейін қуып шыңғыртушы ек.

Балаға қызық – қуу, қашу дағы,
Қыздардан жүйрік едің қасындағы.
Көршінің тентек ұлы еліретін,
Бантигін жұлайық деп шашындағы.

Жетуін жеткеніммен саған оңай,
Жалтарып кетуші едім жанамалай.
Шашыңа саусағымды тигізуге,
Жүрегім қалатұғын дауаламай.

Ақ фартук, кара форма үстіндегі,
Екі түс үйреншікті түс күндегі.
Сондағы сол алғашқы жақсы көру,
Жүрекке түскен алғаш ұшқын ба еді.

Сондағы қайран біздің ескі мектеп,
Қаншама қызғалдақтар өсті көктеп.
Кездессек екеуміз де мәз боламыз,
«Бір кезде есінде ме өстіп ек», - деп.





Әке

Көзіңнің тыс қалдырмай қиығынан,
Өсірдің, Мәртебенді биік ұғам.
Жан әке, құшағыңда қанаттанып,
Мен сенің түлеп ұштым иығыңнан.

Күндерім өте шыққан алаңы жоқ,
Жоғымды әкем іздеп табады деп.
Теңер ем асқар тауға онда бірақ,
Сендегі қайдан болсын дара жүрек.

Мұң көрсен жанарымнан тыншымадың,
Жаныма сыйлағансың күн шуағын.
Дер едім «Алтын әке» бірақ тастың,
Басыңа тең көрмедім жылтырағын.

Пейілі жарқыраған телегейім,
Мен сенің батаңменен көгерейін.
Қаныңнан жаралғаннан болар бәлкім,
Аңсайды құшағыңды өне бойым.

Таудағы түн

*«Түн болмайды еш жерде таудағыдай»
Мұқағали*

Шынымен қоштасамыз. Екі айрық жол алдағы.
Түн ғажап болып еді, күн куә бола алмады.
Ай көрген әдемілік айтуға тіл жетпестей,
Жұлдыздар көрінбейді тамсанған олар дағы.





Қиналдық қоштаса алмай, айнала оянғанда,
Қысылдық әлде біреу жүргендей таяу маңда.
Аң-таң боп күннің көзі қарайды шақырайып,
Қып-қызыл ұят түсіне тау іші боялғанда.

Тәтті ұйқы тауды әлдилеп, кірпігін малды балға,
Бөктерге ымырт түсіп, құстар да қалғығанда.
Бір бақыт екеуара құшқанда ортаға алып,
Көрінер еді сонда қосқандай жанды жанға.

Кітаптың парағындай қызығын сан ашатын,
Сағынып әркім аңсар ғажайып дара сәтін.
Күн дағы көре алмайтын жанарын жалындатып,
Тек тауда қайталанар таудағы тамаша түн.

Келші көктемім

Жабығып жүрмін түк қызық болмай,
Келші көктемім күттіріп қоймай.
Келші көктемім күніңмен күліп,
Жұлдыз сыйлайын түнімнен тығып.

Көңілім көктен айды алатындай,
Кешіксең тоңға айналатындай.
Не деген қысқа қамшының сабы..,
Сондай ғой, сондай маусымым дағы.

Алдияр қыстың несі енді қалды,
Басып жата алмас көшемді мәңгі.
Келші көктемім төрімде гүлдеп,
Суық соккалы керілгенім жоқ.





* * *

Жел айналса тау да болмас ұдайы ық,
Көктен тілеп, күннен жылу сұрайық.
Мұның қалай, мұсылманы аз қаланың,
Мешітіндей неге отырсың мұңайып.

Ер түңілсе, ездін толар есесі,
Мұндай сөзді сен айтушы ең кеше осы.
Бір-бірінің білегіне қарайтын,
Біздің заман мықтылардың көшесі.

Төмен қарап төңкерілген қайықтай,
Мұңаясың қай сорыңнан айықпай?..
Парызыңның бәрін түгел орындап,
Құдай сені қойғандай-ақ байытпай.

Рухпен жүздесу

Әкемді көрдім түсімде,
(Бұзылмаса екен тәтті ұйқым).
Жұмақтың отыр ішінде,
Күбірлеп тартып таспихын.

Келбеті бәз сол қалпында,
Мен болсам жап-жас бүлдіршін.
Еркелейді екем марқұмға,
Рас та шығар кім білсін.

Рас та шығар; Таңымыз
атқанша мүмкін қауышты...
Ұйықтасақ біздің жанымыз,
Кетпей ме шарлап ғарышты.





Әкемнің мұңсыз қабағы,
Алаң жоқ титтей менде бір.
Күс сайрап, бұлақ ағады,
Жемістер тұнған жерде бұл.

Қиялың жетпес бақ биік,
Пейіштің бәлкім төрі осы.
Жарықтық отыр ақ киіп,
Жұлдызға тиіп төбесі.

Жұлдыздар сансыз жап-жарық,
Марқұмның оң мен солында,
Қызықты көзім таңданып,
Болса деп бірі қолымда.

Жомарт қой шіркін құлға Алла,
Жарылқар басқа кім бізді.
– Қолыңыз жетіп тұрғанда,
Әперші – деймін - жұлдызды.

Қайтарсын ұлын неге бос,
Деп тұрмын іштей. Ой бекем.
– Иесі оның мен емес,
Алладан сұра – дейді - әкем.

Пейіште мизам таразы,
Адамды түгел тең көрген.
Тірінің тілі намазы,
Тіленбе - дейді – өлгеннен.





Аллаға мұқтаж дәргейде.
Дүниеден өткен сан асыл.
Берсе сол маған бермей ме?
Әкемнен бар ма жанашыр.

Разымын осы түніме,
Күндерден абзал құр өткен.
Ояну керек тіріге,
Аллаға ғашық жүрекпен.

Сүйемін, Алла, қорқамын

*«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй сол Алланы жаннан тәтті.»*

Абай

Сүйемін, Алла, жаратқан ием,
Жараттың асыл қазақ қанымен.
Жаныма жәннәт жұпарын септің,
Құранның нұрлы парактарымен.

Қорқамын, Алла, күнәм көп пе деп,
Сәтімді ойлап тұрар бетпе-бет.
Күнәм аз ба еді күліп жасаған?
Қинайтын шығар қияметте кеп.

Сүйемін, Алла, көргенім үшін,
Рахымың шексіз терген ырысым.
Етегін қымтар ақыл сыйлаған,
Еркіне беріп пенденің ісін.





Қорқамын, Алла, нәпсіме сенбей,
(Балдай татыған ащы кеселдей.)
Жүрегім кейде сезімге ерген,
Жалпақ шешейлеу басшы көсемдей.

Сүйемін, Алла, әр демім тірлік,
Салтанаттарға сәнденіп кірдік.
Пайғамбарлардың көре алмай кеткен,
Азабын тартпай, дәуренін сүрдік.

Қорқамын, Алла, шындығым мәлім,
Қабыл болар ма құр жығылғаным.
Ғарасат күні ақиқат сенде,
Сапқа тұрғанда күллі құлдарың.

Сүйемін, Алла, сайратқан тілді,
Ниғметтеріңмен ойлантқаныңды.
Кешіріміңнің шексізін білген,
Үмітсіз еттің жәннәттан кімді?

Қорқамын, Алла, бүгінде мүлдем,
Өлімнен емес тірілгенімнен.
Өсім төлеймін тыйым берілген,
Қарызым батып иінде жүрген.

Сүйемін, Алла, қорқамын, Алла,
Сенбеймін ешбір ортағы барға.
Ақиқат өзін, әділет сенде,
Адамға басқа жол табылар ма?!



**Алла жазса**

Алла жазса маған да бұйырады,
Бұйырады өмірден сыйым әлі.
Табанымның астынан бұрқап шығып,
Тас төбемнен нұр болып құйылады.

Алла жазса менің де сыбағам бар,
Сыбағамнан татады шыдағандар.
Иығыма сүйеніп бой түзейді,
Тұғырынан абайсыз құлағандар.

Алла жазса аяқтан нық тұрамын,
Нық тұрғызып ұлтымды ұлт қыламын.
Ұлан-байтақ жерімді қорғау үшін,
Шын қазақты басқаға ұқтырамын.

Алла жазса маған да бақ қонады,
Бақытыма ел-жұртым шат болады.
Ақ бесігін түзеткен алашымның,
Айырында алтыннан сап болады.

Алла жазса маған да жол ашылар,
Жол ашылар пендеге тобасы бар.
Кім жазғырса менің ақ ниетімді,
Арманымды жүзеге сол асырар.

Алла жазса періштем жәрдем берер,
Жаббар ием ескерсе тәубемді егер.
Құлын кокке көтерер құдірет күш,
Ақ пырағым көп күткен таңмен келер.
Аллаһу акбар!, Алла жазса!.





Құранға ықылас

Он сегіз мың ғаламның тіршілігі,
Сансыз жұлдыз, ай – ару, күн – сұлуы.
Бәрі, бәрі Алланың хикметі,
Ей, ақылдың иесі, білші мұны.

Білші мұны, білсін деп уахи еткен,
Пенделерге ұқсамай қапы кеткен.
Құлықсызды құптамай қияметтен,
Үмітсізді тыңдамай ахиреттен.

Нәпсімізді жетелеп құмар-нәлет,
Қайшы келіп жатамыз құранға көп.
Бірімізді біріміз шалып жығып,
Ойламаймыз сұрайды мұны Алла деп.

Раббымыздың бұйрығын қиынсынып,
Қабылдаймыз ең басты сыйын сұлық.
Адам болмай қайтер ең басқа болсаң,
Тұрған жоқ па Жұмақты сүйінші қып.

Жаратса да осынша артық қылып,
Өзіңді өзің жатырсың малтықтырып.
Ойланбайсың, өлімді көз алдына,
Қойса дағы көлденең тартып тұрып.

Қаһарына қорықпай ілінуден,
Бүлінумен келесің, сүрінумен.
Өлерінді қай күні сезбесеңде,
Үмітсізсің мәңгіге тірілуден.





Дүние үшін дінменен қырсығасың,
Тиылмасаң түтінге тұншығасың.
Падишаның көзінен ұялмайсың,
Пендесінің сөзінен қымсынасың.

Алмастырған ғаламда мүлкін барша,
Ол ең жақын. Табасың құлқың болса.
Жақын тұрған сауапты аттап өтіп,
Алыс тұрған күнәға ұмтылғанша.

Жарылқаса сол ғана жарылғады,
Әкең берген жан емес жаның дағы.
Разылығы он есе пендесіне,
Ондай жомарт кімің бар маңындағы.

Сыртқа сұлу көрініп пірәдәрдай,
Біліп тұрып батамыз күнәға оңбай.
Қорықпаймыз қалудан қияметте,
Жануардың алдына шыға да алмай.

Емшіге еріп сайтаннан алған хабар,
Серік қосып, жасайсың жалғанға амал.
Сынақ үшін берілген бұл фәниде,
Сынап жүрген Алланы жандар да бар.

Жаназада ниетті асқа теліп,
Бата қылдық деп жүрміз ақша беріп.
Намазға да тұрмаймыз сауап үшін,
Шарифаттан ісіміз баска болып.

Жақын тұрған ене алмай жәннәтқа ашық,
Әруағын табынған аулақ қашып.





Әлсіреген иманың құтқара алмай,
Күнәләрің кетпесін салмақ басып.

Сан нығымет басыңа сый етілді,
Сүйеді ол да бір өзін сүйетінді.
Құран ғана ашады қалыбыңды,
Құран ғана түзейді ниетінді.

Мәүліт жыры

Пайғамбарлардың соңғысы,
Бірінші мүмін сол кісі.
Дәлелді қажет етпейтін,
Әлемге үлгі болды ісі.

Азабы қалмай шекпеген,
Мінберін алған Меккеден.
Үмбетін ойлап дәл ондай,
Көз жасын ешкім төкпеген.

Дүние-мүлік жыймады,
Таратып, жұртқа сыйлады.
«Алладан басқа құдай жоқ!»,
Байлығы осы иманы.

Жүзінен ғалам нұрланған,
Ол дара барлық құлдардан.
Өзіне дейін туған мен,
Өзінен кейін туғаннан.

Тумастан бұрын танылған,
Зарығып әлем сағынған.





Құрсақта жатып Алланың,
Мейіріміне малынған.

Тәурат, Забур, Інжілде,
Келерін айтқан бір күнде.
Хак пайғамбар әлемді,
Қауыштырды шын дінге.

Құрбанын тартып мықты алған,
Бездіріп жансыз пұттардан.
Аллаһтың ол елшісі,
Адамзатты құтқарған.

Перзентін көзі кимаған,
Тірідей көміп қинаған.
Адаскандармен күресіп,
Қыздарға ғұмыр сыйлаған.

Бермесін басқа сол күнді,
Қашыар еді көркінді.
Мың түрлі қатер төнсе де,
Білмепті Нәби коркуды.

Жеткізіп хабар жәннәттан,
Құранның нұрын таратқан.
Насихат болған ғаламға,
Қадамы оның әр аттам.

Хак жолды тура нұсқаған,
Темірқазыққа ұксаған.
Ахирет, дүние теңдігін,
Теңдестіріп ұстаған.





Жеті қат көктен дарқаным,
Жеткізді жанның дәркәрін.
Иманы кәміл үмбеті,
Тазарту үшін жан-тәнін.

Дүниенің есі жиылды,
Екі ұшы жақтай иілді.
Жер жүзін Алла атымен,
Жайнамаз етіп бұйырды.

Жұмақты ашар кілтпенен,
Анаға парыз жүктеген.
Ұқтырды әйел міндетін,
Бала табумен бітпеген.

Бой тартып кек пен ашудан,
Сабырын әр кез асырған.
Мүшіріктердің өзі кеп,
Кешіріміне бас ұрған.

Тумайды ондай асыл жан,
Үнінен жаһұт шашылған.
Жындардың өзі мойындап,
Кәлима айтып бас ұрған.

Жетімді көрсе жебеген,
Жесірге жәрдем берген.
Аштармен асын бөліскен,
«Кім еді атың?», - демеген.

Мейірі мөлдір тұмадан,
Тумайды ондай бір адам.





Ол кеткенде мешіттің,
Мінбері де жылаған.

Сақабалары қолдаған,
Жанындай сүйіп қорғаған.
Патшалардың өзі де,
Олардай бақты болмаған.

Омар, Оспан, Әли мен,
Әбубәкір фәниден.
Армансыз болып аттанған,
Жүздесуге Нәбимен.

Азаншы өткен Біләлдай,
Пайғамбардан соң күле алмай.
Меккеде өмір сүре алмай,
Мединеде жүре алмай.

Елжіреп күндей сезіммен,
Жүрегі балдай езілген,
Шүкірлік еткен Хадиша,
Көрдім деп оны көзіммен.

Он сегіз мың ғаламнан,
Сан миллиард адамнан.
Артық туған Мұхамбет
Махаббаттан жаралған

Күмәнсіз оның хақтығы,
Кіршіксіз оның пәктігі.
Еркіне мәңгі бұйырған,
Екі дүниенің шаттығы.





Адамзаттың арманын,
Баянды еткен заңғарым.
Үмбетін жақтар сол ғана,
Рахымын сұрап Алланын.

Жәннәттің әсем гүлзарын,
Өзінің нұрлы дидирын.
Көрсету үшін жаратып,
Қуантқан раббым құлдарын.

Жоқ еді оның білмесі,
Ғайыптар оның жүлдесі.
Періштелердің үндесі,
Алланың сүйген шын досы.

Әр сөзі қадис данаға,
Әр ісі ғибрат санаға.
Заманнан заман озса да,
Өң бермес ешбір жаңаға.

Жетімдердің мұндасы,
Тақуалардың сырласы.
Екі дүниенің сардары,
Қиямет күннің мырзасы.

Шапағат оның үлесі,
Ақикат рухтың иесі.
Хақ Мұхамбет-Мұстафа,
Иман мен ардың киесі!.





Ораза, намаз амалы,
Адамның иман қамалы.
Сүйіндер оны жүрепкен,
Сүйгендер жазбай табады.

Шарапат оның жолында,
Шайтанның қалма торында.
Аллаһтың оған сәлемі,
Шапағат соның қолында.

Келетін ақыр күн мәлім,
Жинайды Раббым құлдарын.
Адал бол оған, Алланың,
Көремін десең дидарын.

Зырлаған уақыт Алланың азбас жүйрігі,
Толғантқан талай торсық шекелі милоны.
Бұл дүние қысқа, екінші дүние мәңгілік,
Қайғырдык несін, өлім де оның сыйлығы.

Тәнімнің мынау төркіні қара топырақ,
Топырақ боласың санаулы күнің тоқырап.
Тәнімді қойшы жанымның халін ойлаймын,
Тәңірден түскен құранның сөзін оқып ап.

Азанның үні кетпейді бір сәт құлақтан,
Сапарда жүрмін, баратын жерім бір аттам.
Дүниеде мынау шайтаннан артық түгің жоқ,
Үмітсіз болсаң жұмақта мінер пырақтан.





Мұсылманды сүйемін жылы жүзді,
Кәлимаға келтірген тілімізді.
Тастап кеткен әр жерде ауырсынып,
Көтеріп жүр қаншама жүгімізді.

Күпірлік жоқ олармен алыспаған,
Біріне де бой бермей қарыштаған.
Жалғыздықтан жүрегің үрейленсе,
Шаһадатын қайтала дауыстаған.

Наданы да, ақымақ жарымесі де,
Жармасады сақалы, сәлдесіне.
Ойламайды бірі де зар боларын,
Олар кірер жұмақтың сәулесіне.

Ұзын етек көйлегі дөңгеленген,
Иманы үстем солардың өңгелерден.
Сауабы да олардың шашынан көп,
Бір тал шашын көзіңмен көрмегенмен.

Тілі шыққан құранның аятымен,
Үлкендерге ой салар сауатымен.
Жеті жаста мешітті тапқан ұлдың,
Жетпістегі кей шалдан қанаты кең.

Айдай доспын олармен, күндей доспын,
Ай мен күннен ешқашан жиренбеспін.
Ахиреттің байлығын жинап жүрген,
Тап солардай өмірді сүймейді ешкім.





Өздерінің көксеген ұлы арманы,
Еске салып тұратын бір Алланы.
Жақсы көрем бәрін де мұсылманның,
Жақсы көргім келеді бұдандағы.

Азаншылардың мырзасы

Сахабалар – батырлардың батыры,
Бір-біреуі мың сарбазға татыды.
Екі әлемде бар құрметке лайықты,
Әрқайсысы пайғамбардың жақыны.

Сахабалар – саңлақтар мыңдаған,
Имандарын күреспенен шыңдаған.
Куәгерлер, мұрагерлер – уахиды,
Пайғамбардың өз аузынан тыңдаған.

Сахабалар – жан иесі жәннәттық,
Одан асқан бақыт бар ма әруақтық.
Пайғамбардың жүзін көріп жұбанып,
Сахик сөзін сіңіргендер шәрбат қып.

Бастан кешкен сол дәуірдің сүреңін,
Құлдар қанша, Біләл еді бірі оның.
Қара құлды қараңғыдан құтқарған,
Иманы еді жасытпаған жігерін.

«Бір Аллаһтан басқа құдай жоқ мүлдем,
Аллаһу аһад – Алла жалғыз – деп білген.
Құлақкесті құлын қинап, кожайын,
Таспен басып, жон терісін сөктірген.





– Мұхамбетті датта! – деді зекіріп,
Лат, Узаны мақта! – деді көпіріп.
Біләл байғұс төзіп жатты қорлыққа,
Ең құрыса айтпай қойды өтірік.

Су татырмай ыстық күнге қақтатып,
Жетелетті иттей, арын таптатып.
Есі кірсе «Аһад» деуден танбады,
Жатса дағы күн шыжғырып, тас батып.

Азап берген бас еркі жоқ зарлыға,
Қиянатқа кім шыдасын дәл мына.
Бейшараны Әбубәкір құтқарып,
Алып барған пайғамбардың алдына.

Құл басына мұны – төсек, наласы – үй,
Азап қана арқалаған Хабаши.
Азат болып, азаншыға айналды,
Аллаһ оған нәсіп етті дара сый.

Бір күні бар, бір күні жоқ корегі,
Құл күнінде тірі адамның қоры еді.
Енді азаншы пайғамбардың қасында,
Расул оны бауырындай көреді.

Қара өріктей суын жұтқан бұлақтың,
Қара құлға бітті ғажап қуат тың.
Оған қарап күлімдесе пайғамбар,
Жұпар исі аңқитындай жұмақтың.

Таңмен талас толғатқанда туар күн,
Зор дауысы асқақтайтын Біләлдің.





Сол азанда құдіреті Алланың,
Сол азанда мәртебесі құранның.

Білэл үнін көк аспанға самғаған,
Пайғамбарым өзі ұнатып, тандаған.
Сол дауыстан рахат тапқан Хабибім,
Сол дауысқа балқитұғын бар ғалам.

Ел намазға асығатын тыстағы,
Дұшпандардың басылатын мыстары.
Сол уақытта қағбатулла үстінде,
Зікір айтар Меккенің бар құстары.

Тәж кигендей Хабашидің құл басы,
Атанды ол «азаншының мырзасы».
Сүйсінді оған рахым нұры шаттанып,
Сүйсінді оған бар әлемнің құбыласы.

Енді оған дәті жетіп кім тисін,
Бар мұсылман ғибратынан сыр түйсін.
Осыншалық дәрежеге көтерген,
Алла елшісін дәл Білэлдай кім сүйсін.

Тік карауға жетпейтұғын дәрмені,
Кеше ғана езгідегі зәңгі еді.
Ойланбастан пайғамбардың жолында,
Дәл Білэлдай жан қияр жан бар ма еді.

Пайғамбардың ғұмырында жоқ перде,
Жария еді жер жүзі мен көктерге.
Бәрінен де қатты батқан Білэлға,
Алла елшісі бұл фәниден өткенде.





Алла әмірін бұлжытпастан атқарған,
Рахым нұры шаттықпенен аттанған.
Құран дейтін ұлы кітап толығып,
Сахабалар жүрегінде жатталған.

Пайғамбардың тоқтағанмен тынысы,
Тоқтаған жоқ ғибратты ұлы ісі.
Бара жатты исламды көтеріп,
Мирас болған оның жүріс-тұрысы.

Кесек-кесек секілді алтын құймасы,
Қадистері терең ойдың тұнбасы.
Жүз мыңдаған сахабаның бойында,
Қалды тұтас пайғамбардың тұлғасы.

Шын мұсылман қайғырмайды өлімге,
Пайғамбардың орны бейіш төрінде.
Ал, Біләлді бір сағыныш қинады,
Қалған жандай сахараның шөлінде.

Күндіз-түні тиылмады көз жасы,
Көңілінің ойран болды ордасы.
Тіпті сонау құл кезінде дәл мұндай,
Қиын азап тартпағандай өз басы

Азан айтып енді дауысын созбайды,
Бар төңірек Біләл шерін қозғайды.
Жабырқаулы жазирасы араптың,
Қызыл құмдар қызыл інгендей боздайды.

Атқан ақ таң, батқан қызыл кеші де,
Сафа-Маруа, Минаның кең төсі де.





Мединенің әр ағашы, әр тасы,
Пайғамбарын түсіреді есіне.

Арман бар ма ед Хабибына кетсе еріп,
Жүрмес пе еді қалағанын жеткеріп.
«Әшһәду әннә Мұхамадан... – дегенде,
Көмейіне тас қалғандай кептеліп.

Бұдан әрі тұра алмады аялдап,
Мұңын шақты Әбубәкірге баяндап.
Аллаһ үшін күресуге бел буып,
Біләл мырза Шамға тартты жаяулап.

Аралықта біраз уақыт зырлаған,
Әлде неше жеміс пісті құрмадан.
Шамда жүрген Біләл бір күн түс көрді,
Түс көрген соң көп кідіріп тұрмаған.

Сағынышы елең қылмай қашықты,
Мединеге жету үшін асықты.
Алла елшісі шақырғандай қол бұлғап,
Желе жортқан желмаядай басыпты.

Ет жүрегі шоқтай лаулап оттағы,
Күйді-жанды, өткен күнді жоқтады.
Бір сағыныш жетелейді көңілін,
Біләл бейне нар тайлақтай ноқталы.

Тәтті күндер тамсандырған шырындай,
Көз алдында жылжыды жыл, жүгірді ай.
Барды тура пайғамбардың басына,
Ансарлардың біріне де бұрылмай.





Бейітке кеп жанарына жас алды,
Толкытты оны естеліктер қашанғы.
Сол арада жолықтырды расулдың,
Қос райханы – Хүсәйін мен Хасанды.

Үшеу ара тағыда ұзақ толқыды,
Кейде күліп, кейде көздер көлкіді.
Шерлер тарқап, шемен ойлар жазылды,
Әңгіменің сөгілгенде қолтығы.

Екі райхан қошеметпен ортаға ап,
Білдірді оған мұсылмандық мархабат.
Өтінді олар намаздыгер уақытта,
Біләл азан шақыруын қолқалап.

Расул сүйген «– мен иіскеген райхан!», – деп,
Көнді амалсыз – меселдері қайтар – деп.
Бас тартатын; – «Пайғамбар жоқ, азанды,
Басқа кімді арқаланып айтам», – деп.

Қос жанарын қадап алып аспанға,
Созды даусын естілсін деп мақшарға.
Шалқыды үні жүрегінен, сол үнге,
Ешбір дауыс татымастай астарға.

Өлі дене тірілгендей қан жүріп,
Дүр сілкінді сахараға сән кіріп,
Бар тіршілік елең етті сол сәтте,
Мединенің тау мен тасы жаңғырып.

Күтпегендер өз-өзіне сыбырлап,
Тұр ма, – дейді – құлағымыз шыңылдап!





Кей біреудің алып-ұшты жүрегі,
Кей біреудің кетті арқасы шымырлап.

Алла елшісі оралғандай тіріліп,
Үйдегі жұрт тысқа шықты шұбырып.
Әл-харамға келе жатқан ансарлар,
Баса алмады буынынан сүрініп.

Расул Аллаһ екі әлемнің ардағы,
Біләлді арнап шақырғандай Шамдағы.
Сахабалар үнсіз тұрып егілді,
Көздерінен сағыныш жас парлады.

Сахабалар пайғамбардың досы еді,
Кеуделерін отқа, оққа төседі.
Ең алғашқы азаншылар мырзасы,
Ең соңғы рет айтқан азан осы еді.

Сағыныш

Жел мініп, құйын қуып өткен күндер,
Жадыма күнделік боп беттелдіңдер.
Сыймаған жүрегіме сағынышты,
Сыйғыза алмайтындай көк торғын бел.

Барады сол сағыныш көлемденіп,
Қозғайды көңілімді өлең болып.
Өлең болғым келеді бұл өмірдің,
Өксігі мен қоқсығын терең көміп.

Өлең болғым келеді жалындаған,
Күндей күлген, қара бұлт жамылмаған.





Өлең болғым келеді әрбір жүрек,
Сағынышы секілді қабылдаған.

Өлең болғым келеді сағынышпен,
Сағыныштың адаммын балын ішкен.
Дүбірімді аңсаймын дүниеден,
Арғымақтай байлауда бауыры іскен.

Арқаның әні

Арқаның әні қыранға ұксаған,
Жаратты құдай құмар қып саған.
Арқаның әні Арқада туған,
Ұлытауында ұлар қыстаған.

Арқаның әні жел жетпес құмай,
Басқа әуен мені тербетпес бұлай.
Әнші біткенге әуселе болған
Өнерімдегі Оқжетпесім-ай!

Арқаның әні дүлдүл мен бұлбұл,
Әңгіме-дүкен әрқайсы бір-бір.
Әу десе болды аспанға шапшып,
Кез келген жанға ұстатпас шылбыр.

Арқаның әні салтанат-сәнім,
Шырқалған жерде мархабаттамын.
Арқаның әні әнші талғайды,
Шамаңды байқа ал, қарақтарым.





Асыл-апам

Асыл десе өзі де асыл еді,
Ғасыр-ғұмыр қоштасып бас иеді.
Жиырма бесте сүйгенін соғыс жалмап,
Жарға соққан маңдайын ғашық еді.

Жылдар өтті кідірмей керуені,
Ешкімге де тағдырын телімеді.
Кесенені күзеткен шырақшыдай,
Керегесін түзеткен келін еді.

Тәңір кессе тағдыр да шешіледі,
Жетем деген сертіне жесір еді.
Тарқап кеткен бұйдадай бір үмітін,
Тарамыстай ширатып есіп еді.

Бораздада ізі қап түрен өткен,
Шалғы тартқан өгізге міне кеткен.
Екі бірдей енесін күтіп баққан,
Адуынды бірінен біреуі өткен.

Ұл-қызына караған аманаттай,
Тұрмысы да тас-түйін тоғанақтай.
Әжеміздің өмірі бүгінгіге,
Айтса адам сенгісіз ғаламаттай.

Иіскеп сүйіп шөпшегін-шөбересін,
Өмірімен айшықтап өнегесін.
Бара жатыр бақиға менің апам,
Арқалап ап көненің көп елесін,





Ашыққанда жұбатқан жем қуырып,
Аяулы жан еді ғой ең бір ұлық.
Кемсендейді жиенім жетпіс үште,
Жетімдіктің не екенін енді біліп.

Ұрпақ қалды жалғасып жосындары,
Бақыт екен бұлайша көшу дағы.
Бара жатыр үлгісі махаббаттың,
Шахит кеткен жарына қосылғалы.

Ащылы-Жекебаяқ

Керілген Сарыарқаның кең даласы,
Қыстау мен жайлауының тең бағасы.
Көзіме елестейді көшкен ауыл,
Алшандап келе жатқан желмаясы.

Құлпырған жасыл жайлау жан-жұмағы,
Қызықтың ортаймайтын бал-бұлағы.
Көзіме елестейді көшкен ауыл,
Ойқастап келе жатқан арғымағы.

Дулаған жаз жайлауы көл жағасы,
Қосылған сал-серінің сонда басы.
Көзіме елестейді көшкен ауыл,
Айтысып келе жатқан бозбаласы.

Толғантып самал соқса Ақан таудан,
Кеудемді ән кернейді мақамдалған.
Жабырқап жатыр ма екен, мені күтіп,
Ащылы-Жекебаяқ атам конған.





Кішкентай ханшайым

Тіліңнен айналайын аталаған,
Жанымды жалындатып от ораған.
Мейірім бір канады иіскесем,
Шөліркеп су тапқандай сахарадан.

Үніңнен айналайын бауыраған,
Көрмесем ішім үйдей қаңыраған.
Аузыңнан ата деген сөз шыққанда,
Әлемнің аласарар тауы маған.

Қуанам құлдық ұрып қылығына,
Ұқсайсың біздің үйдің ұлығына.
Қасыңда шыр айналып кала бердім,
Әжеңнің түспей жүр ем құрығына.

Балғат-ай

Арқада Қорғалжың ну жер науаны,
Сонда жүр Қызылжардың кер маралы.
Ауылың Ақбалықтан аттанғанда,
Қия алмай кетіп едім сол баланы.

Балғат-ай, Балғат-ай,
Бала бүркіт арда тай,
Қалауына сайма-сай.

Алқалы думанды ду- ел манары,
Сонда бір дүбірлеттім кең даланы.
Ауылың Ақбалықтан аттандырған,
Сүйе алмай кетіп едім сол баланы.





Алтыбақан

Қызыл іңір қырды құшып, дамылдады күн батып,
Қыздың үйі шамын жақты жас жүректі тулатып.
Қу балалар бара жатыр ысқырынып, үн қатып,
Қотандағы ит біткенді абалатып, шулатып.

Қараңғылық қоюланып, қара барқыт кесе түн,
Қағынады қу балалар қара таппай тисетін.
Қайта-қайта сығалайды терезеден бойжеткен,
Саусағымен сәл сырғытып шымылдықтың бір шетін.

Ауылда тек кеш қана бар, ауылда жоқ дәл уақыт,
Сағатсыз-ақ кеш бататын, сағатсыз-ақ таң да атып.
Сағат тақпай жүретін біз, тағат таппай күтуші ек,
Алтыбақан жақтан сонда от жақанды лаулатып.

Бозбалалар, бойжеткендер алтыбақан тербеткен,
Тербетуге, тербелуге қала жақтан кеп жеткен.
Біздің ұрпақ жұма сайын асығатын ауылға,
Алтыбақан алауына шырпы тасып ержеткен.

Алтыбақан үстіне кеп үңілгенде түндегі ай,
Аппақ сүттей ашық түнде арулардың күлгені-ай.
Топ-тобымен қонақ қыздар келуші еді-ау ауылға,
Қандай жігіт ондай кезде жата алады үйде жәй.

Бізден өткен бозбалалық сондай болған, жігітім,
Біздер көрген бойжеткеннің терең еді-ау сыры тым.
Салқын кеште бойым тоңып, сағатыма қараймын,
Сағындырды сондағыдай ауылдағы жылы түн.





Бәдәуилер

Ливияның берекесі қашқалы,
Бар ғаламнан маза кете бастады.
Мазағы мен қыспағынан АҚШ-тың,
Мұсылман көз ашпады.

Бәдәуилер құм даланың еркесі,
Еркіндіктің солқылдап тұр желкесі.
Қарғыс атқыр қасіреттен қайысты,
Қызыл нардың өркеші.

Америка азу білеп тұр айға,
Қан төгісі «қамқорлығы» сыңайда.
Кімге жұмбақ, құмға жауған бомбаның,
Бар мұраты мұнайда.

Бәдәуилер бәни асфар торында,
Астанасы айналада қорымға.
Судай жаңа қарулары НАТО-ның,
Итәршінің қолында.

Бағзыдағы үндістердің көсемі,
Кешкен сорды Каддафи де кешеді.
Енді қайда шаптырары белгісіз,
Сүндетсіздің несебі.





Айнамкөз ауылдастар

Басыңнан таңғажайып керемет күнді өткеріп,
Жат жерде сапарларда жүрсең де құрмет көріп.
Бәрінен тамаша екен, сол елге ұзатылған,
Бір қызы ауылыңның жүздесе іздеп келіп.

Мың жылдық құдалығы қыз беріп, қыз алысқан,
Қазақтың туыстығы құралған қуаныштан.
Алыста жүргенінде не деген зор ғанибет,
Апа мен қарындасың қарсы алса құрақ ұшқан.

Жолығып бақытына жазылған әуел баста,
Қыз бала аттанады қош айтып ауылдасқа.
Жылуын жүрегімнің жеткізе алармын ба,
Қадірін туыстықтың сақтаған қарындасқа.

Апалар әже бопты мен сәби кезде кеткен,
Қарындас ана бопты бір үйді дөнгелеткен.
Қыздары ауылымның төркінін ұмытпайды,
Біреуді күйеу бала, біреуді жезделеткен.

Қан тартпай қояды ма туысқа тамырдағы,
Жігітті толқытады қыздардың бауырмалы.
Қызығы қимай-қимай қияға аттандырған,
Аядай ауылымның айнамкөз арулары.





Екі мың отыз

Тойлатып әлде неше бесік тойды,
Ертеңдер ертеңдерге кешікпейді.
Кешікпейміз екі мың отызға да,
Қазақ бүгін құлағын тесіп қойды.

Ақын біткен сол жылға жырын арнап,
Тәж кигізді, тағы мен тұғыры орнап.
Екі мың отызыншы жылым менің,
Алла жазса алаштың жылы болмақ.

Адымдасақ ілгері жылдам басып,
Жылдар жүгін артады жылға алмасып.
Екі мың отызыншы жылғы қазақ,
Ел болады ғаламды қылған ғашық.

Келер ұрпақ біздерден асып туып,
Тілдеседі шұғыла шашып тұрып.
Қазақ жаным жайланар сонда ғана,
Мерейімді мың есе тасыттырып.

Кемеліне ойлаған толып халық,
Жаутаңдамас ешкімге өліп-талып.
Қазақ деген ғаламат ұлтқа айналар,
Өзгені де, өзін де толық танып.





Туған жер

Қондырған көңілімнің көк үйрегін,
Тірлікте теңдесі жоқ төрім менің.
Мәңгілік құшағыңда қалу үшін,
Ұшсам да көтеріліп көгіндемін.

Туғалы ұзай алмай жаныңдамын,
Тасыңа сүрінсем де шағылмадым.
Мен саған балаң болып еркеледім,
Сен мені анам болып қабылдадың.

Көз тігіп биігіңнен шалғайларға,
Үйрендім үміт жалғап, алды ойлауға.
Ұғындым жаздың өтіп, қыс келерін,
Гүл солып, жапырақтар сарғайғанда.

Топ жарып, оздырсам да ат бәйгеден,
Еш жерде сендей бақыт таппай келем.
Ауаңа ақ сүтіндей қарыздармын,
Мен саған жанымды да сатпай берем.

Шыңыңа жүзік түйіп, жалау ілген,
Жырымды арнап келем бала күннен.
Сен десе шыбын жаным ұшып шығып,
Кетердей араласып самалыңмен.

Көк орман, гүлге тұнған адыр белім,
Бабамның мұрасындай қадірледім,
Дәулетім жеті атамнан үзілмеген,
Тірлікте түгесілмес нәрім менің.





Аңқыған жусан исі жел шуылын,
Тындайды күйдей ұйып елтіп ұлын.
Ұлысы ұлылырдың жасап берген,
Тынысым тарылмайтын кеңшілігім.

Суың бал тұшындырған таңдайымды,
Шомылсам сергітеді тал бойымды.
Өзінде туғаныма шүкір етем,
Тигізіп топырағыңа маңдайымды.

Әлемнің бар асылы құшағыңда,
Сондықтан асығамын күш алуға.
Тыңдатам жер шарына жүрегімді,
Мен сенің бір тасыңды құшамын да.

Аспанмен мұңдасу

Ей, менің шексіз аспаным,
Мына байтақ даланың аласасы мен асқағын,
Астыңда жатса да аяғыңа баспадың,
Не көрсем де өзімнен өзім көріп қақсадым.
Өзімді өзім шалып ақсадым.
Қалпақ кигеннен қысылып, тұмағымды да тастадым.

Ей, менің заңғар көктерім,
Мына алтын таулардың бұйраты мен бөктерін,
Үстінде тұрсаң да шетіне тиген жоқ қолың.
Өзім жасық нашармын, өзіме айтам өкпе мұң.
Ішім бөтен, менікі тек бет терім.
Шанышқыдан қысылып,
асап жейтін ауызымды шектедім.





Телмірем қасқырдың көзімен,
Ұлуға ұялып қаңғырған төбеттің өзінен.
Уақыттан жаңылған қораздай сөйлеген сөзіммен
Бүгінгі қоғамға жараспай мәтелім, жүрегім езілген.
Беріскім келмейді тырысып төзіммен,
Айтысып, тартысып ақ көбік аққанша езуден.

Күннің де, айдың да сәулелі
тұрағы өзінде. Сондықтан зор шығар пәрмені.
Солардан көне жоқ. Мәңгі ғой сонда да дәурені.
Кәрі аттай кірпігім салбырап, ұға алмай әр нені,
Жүрегім кан жылап, миымның сыздайды бар жері.
Өз итім қабады, өзгенің шәу етсе кандені.

Ей, аспан, қиялдай қиырсыз,
Бұлттары мамықтай шашылған жиюсыз.
Сендегі қозғалыс бір заңға бағынып
жылжиды буынсыз.
Мендегі қайшылық жыныссыз баладай
ақылға сыйымсыз.
Жүз заңға бас шұлғып,
шайқалып отырмын тұғырсыз.
Омырткам салдырап әр жерде қалғандай жұлынсыз.





Гүлфураз

Туфлиңнің біз өкшесімен жер тесіп,
Мен тұрған жерде сен тұрсың бүгін жол тосып.
Жүрегімді де айқара ашып тоқтадым,
Аз болса егер көлігімдегі төрт есік

Өзінді көріп, көтерген қолын жәй батпай,
Жалт етті көзім бұлтартпайтұғын айғақтай.
Біздің ауылдың жан-жаққа кеткен ұл-қызын,
Шығарып салған осы жер құтты айлақтай.

Көп күттің бе екен тағатың әбден таусылып,
Тұратын едім мен дағы талай сарсылып.
Тұратын едім аяздан бойым бүрісіп,
Тұратын едім жаңбырда суға малшынып.

Жусанның исін, жөргектің исін сезіндім,
Балалық шағым алдында ойнап көзімнің.
Әндетіп келем, кеудеме кіріп алғандай,
Жастықтың оты орнымда қалған өзімнің.

Бойжетіп қапсың әжеңнің қызы ең, Гүлфураз,
Төркін жұртыңды ұмыттырмасын бір сырбаз.
Тоқтады аған, тоқтамайды екен тек уақыт,
Біртінде біртін барады-ау өтіп шіркін жаз!.





Шешен қырғыны

Ұлтарактай жер үшін,
Ұлт азаттық соғысын.
Шеңгелінде Ресейдің,
Шешеннің қантөгісін.

Дерін бар ма бұл қалай,
Ей, Алланың құлдары-ай!.
Қияметтің күнінде
Ақталады кім қалай?

Қап тауының дөй ұлы,
Тентек еді, мойыды.
Аз халықтың арманы,
Үлкен елдің ойыны.

Ұлы мұрат шоқтықты,
Тоз-тоз болды, сот бітті.
Ичкерия басшысы,
Жәй бір сотқар боп шықты.

Индескен жоталы,
Имам Шәміл отаны.
Күні тағы тұтылды,
Күніреніп Жохары.

Біреу зарын татады,
Біреу кару сатады.
Сайқымазақ, қан базар,
Саясаттың шатағы.





Шешен деген ұлт еді,
Жамылғаны күрік еді.
Сырттан шеңгел бүргенде,
Іштен намыс түртеді.

Тауға кетті тау ұлы,
Тауда тоспақ Мәдіні.
Таудан Мәді шығады,
Тарыққанда қауымы.

Азаттық деп әр күні,
Шырқалатын ән-жыры.
Кішкене ұлттың апырмай,
Неткен ауыр тағдыры,

Тас бұғаудан бұлқынып,
Босай алмай ұмтылып.
Еңірейді ерлері,
Ел бола алмай ту тігіп.

Орманы отқа оранған,
Ордасы күйреп, тоналған.
Шешен халқы шерменде,
Құтыла алмай боданнан.

Токтай тұршы әй, бала, қайда асықтың,
Жалаң аяқ жүгіріп қайда шықтың.
Айтамын-ау, әй бірақ сендей кезде,
Жүрді дейсің аяғын жәй басып кім?





Уақыт таппай сәл ғана бөгелуге,
Қашқақтайсың, «қуып жет!» дегенің бе.
Шабан емес едім ғой мына сенен,
Шамам болса жасымды шегеруге.

Шегермейін, бұл жасым менің жасым,
Әркім өзі өз ісін орындасын.
Менің басым мыжылған тау-тастарға,
Сенің басың тек қана соғылмасын.

Ауынап тұрып жығылсаң бір домалап,
Жүгіре бер қайтадан тұрма карап.
Бір тартып ап мұрынын бара жатқан,
Сүп-сүйкімді, тентегім, кір-қожалақ!.

Шәкірттеріме

Мен сендерге басқышпын, баспалдақпын,
Шамам жетсе келеді аспандатқым.
Көзім жеткен кеңістік сендердікі,
Өзім өткен жолдарға ақ шам жақтым.

Таппадым ба, таптым ба баптарыңды,
Жаздырмауға тырыстым саптарыңды.
Даңғылымды сыйладым жүріп өткен,
Баспасаңдар болғаны батпағымды.

Ұсақ емес теріндер кесегімді,
Бересіндер халыққа есебінді.
Жаңалықтың бәрі де болашақта,
Бөгелмеңдер қызықтап кешегімді.





Өлең жазсаң екінші ғұмырым де,
Ғұмырынды жасайсың бүгінде.
Жараланбай қоймайды ақын жүрек,
Бірақ оны кірлетсең құрыдым де.

Сараның елі

Жетісуға аттанам – Сараның елі,
Біржан әні көтеріп барады мені.
Ерқаптағай елінде той бар екен,
Ешкіөлместен ескен жел хабары ма еді.

Ерқаптағай қыздары Ләйлім кілең,
Ақсу аққу сыланған айдын білем.
Тұрысбектің тұқымын дүрліктіріп,
Азынатып астыма айғыр мінем.

Бір ұрпағы Біржанның барса бедел,
Сара жоқ қой, Қапалдан Ханша келер.
Ақ сапырып, ақ боз үй тікпейді ме,
Ақындарын баяғы аңсаған ел.

Тұғырлы орнын төрдегі байқатуға,
Тыныш жатпас, келеді Айтақын да.
Балғынбек те жетеді. Бұлар жоқта
көк серкесі кетпей ме әр тақымда.

Біржан барып, тағы бір бара алмаған,
Айбозымдап арманмен ән арнаған.
Кімдер құмар болмаған Жетісуға,
Жерұйыққа айтыстың тағы орнаған.





Сара!- десе қыздары жалт қараған,
Сара апамның ауылы жат па маған.
Біржан!- десе мен дағы Біржан болып,
Танымастай өзгерем тапқан анам.

Кел- деп жатыр шақырып Сараның елі,
Кім жолымнан кескестеп, қағады кері.
Жетісу мен Көкшені қосып кетті,
Екі жақсы екі елде жаралып еді.

Сал-серінің ұрпағы думанға асығар,
Сара сұлу айтыста Біржанға сыңар.
Кел деп жатса аттанам Жетісуға,
Маған лайық бір қызы туған да шығар.

Екі мұғалім

Екі мұғалім – екеуін ел сыйлаған,
Екеуі де жоқ бүгін. Сол қинаған.
Барған сайын ауылға қамығамын,
Қамығамын, тектен-тек толқи ма адам.

Екі мұғалім жеті жұрт қамын жеген,
Ондайлар жоқ бұл күнде. Ауыр шемен.
Жеті жұт кеп соққандай ауылымды,
Күні батқан секілді дәуірлеген.

Екі мұғалім – шежіре, тарих тұнған,
Екі шамдай бір үйді жарық қылған.
Біздің ауыл серкесіз қойға ұқсайды,
Жар басында жамырап қалып тұрған.

Екі мұғалім – іздеймін екеуін де,
Екеуі де мәңгілік мекенінде.





Екеуіндей бір ғана қартым болса,
Қамықпас ем ауылдан кетерімде.

Сағынышым көп болғаннан, көңілімнің тойы кем,
Сағынғандар сағынғанын іздейді екен ойымен,
Сағатқа ұксап тоқтап қалған отырғанда мелшиіп,
Сағынышым бара жатар қара жолдың бойымен.

Сағынышпен күндер өтіп, күндер туар жаңалап,
Сағыныштар сарғаяды қалың мұнды сағалап.
Сансыз орман, сазға біткен сары қамысты аралап,
Сағынышым бара жатар өзен бойын жағалап.

Сағындым ғой, сағындым ғой сезіміммен бал бұлақ,
Сарыарканы шыр айналып таппай жүрмін, абдырап.
Сағыныштар ұмытылмайды сағынғаның шын болса,
Сағынғандар сағынуын тоқтатпайды қалжырап.

Пай-пай, шіркін, қандай көрік,
Қарамасқа қалмайды ерік.
Көзіммен-ақ ләззаттанып,
Жұтынамын балдай көріп.

Жалт-жұлт еткен жанар қандай,
Тоқ боп ұрып, қадалғандай.
Қарай бердім, қарай бердім,
Қарамасқа амал болмай.

Кер маралдай керімін-ай,
Арбай да алмас пері бұлай.





Көз алдыма сынау үшін,
Шығарды ма сені құдай.

Жүрісін-ай, тынысын-ай,
Қиылғаны-ай жылы ұшырай.
Жігіт қайтсін сені көрген,
Бір суынып, бір ысымай.

Ақын жүрек жазалы ма,
Арнап жазған ғазалына.
Жаралмасаң жарар еді,
Жүз жігіттің азабына.

Кіммін дейін сонымен,
Не бітіріп, тындырдым.
Жігіттіктің колымен,
Жілік ұрып сындырдым.

Кіммін дейін расында,
Кімнен озып, асыппын.
Көрмегенді жасымда,
Көру үшін асықтым.

Еліктірген сән қанша,
Желіктірген күй қайда.
Ойнап ойыным қанғанша,
Самай толды шимайға.

Енді қалдық епсіздей,
Қолдағыны қасықтап.
Жердегісі жеткізбей,
Көктегісі қашықтап.





Үнді киносы

Түрленіп көз алдында Бомбейдің гүлді алаңы,
Үндінің киносында махаббат жырланады.
Тағдыры ғашықтардың толғантып, тебірентіп,
Көзіңнен төгіледі сезімнің тұнбалары.

Кетесің елтіп еніп, бойыңнан еркін қашып,
Лаулаған сезіміңнің көр енді өртін басып.
Қыз кетер биін билеп сариі тарқатылып,
Жігітім жігітім-ақ, ол емес сенсің ғашық.

Айрылса екі ғашық қайғысын сен кешесің,
Кезесің аласұрып Деллидің кең көшесін.
Қарғысың биіктікке, сүңгисің тереңдікке,
Досымен тізе қосып, жауымен белдесесің.

Қашады үнді кызы сариі мың құбылып,
Қуады үнді жігіт соңынан зыр жүгіріп.
Ән шырқап кезек-кезек, айналып шырқобелек,
Жіберер көбелектің өзін де жынды қылып.

Қылтада ғашықтардың тұратын жолын бөгеп,
Үндінің киносында сотқар мен содыр да көп.
Жылайсың жиі-жиі, күлесің әлсін-әлсін,
Кәдімгі кино екенін білесің соңында кеп.

Бомбейің басқа қала, Делли де Үндістанда,
Бізде жоқ махараджа, ежелгі құрлыстар да.
Қуар ем бір сұлуды ән салып, биін билеп,
Әкетер басқа жаққа, арналған «қуғыштарға».





Кинода бәрі әдемі жатады қиысып-ақ,
Жүрейін өз жерімде даламның иісін ап.
Қазақтың жігіті де қыз қуған. Бірақ атпен.
Қазақтар өсе берсін қазақша сүйісіп-ақ.

Қоштасу

Мен сені сүйе алмаймын енді өлердей,
Қасыңнан өте шықтым көрмегендей.
Біріміз бірімізге міз бақпадық,
Айрылған жадысынан пенделердей.

Құралған сұрақтар мен жұмбақтардан,
Сыр дәптер ашылмады бір жапқаннан.
Жүрегім саған деген селт етпейді,
Балықтай жағалауда қурап қалған.

Жолықсақ сен тұнжырап, мен түнеріп,
Жадырап жанымызды желпімедік.
Соғылып бір жартасқа екі айрылған,
Екеуміз бір арнаның толқыны едік.

Алыстап бара жатсың, не қылайын,
Мен сені көрген түсім деп ұғайын.
Сол үшін менің күнім тұтылса да,
Оңынан тусын екен сенің айың.



**Айтыстың әлқиссасы**

Өлең алып өзіңнен, өлең беріп,
Өнегенді уа, халқым, келем көріп.
Жылдан жылға барасың тереңденіп,
Күннен күнге барасың көлемденіп.
Сенің үстем мерейің медеу болып,
Келешекке караймын кемелденіп.

Жанған сайын марқайып ізгі үмітім,
Шуағыңа шомылдым, сызды ұмытып.
Қабағыңнан көшіріп мұнды мұқым,
Қазаныңа қайрылып тұнды құтың.
Қалай-қалай арқамды қоздырады,
«Қара жорға» билеген қыз-жігітің.

Қазағыммен қарсы алып, ырымдаған,
Қуаныштың бәрі де қыдыр маған.
Қара өлеңім қырандай тұғырлаған,
Қара арғымақ секілді жығылмаған.
Құдай деген халықтың ақынымын,
Құбыладан маңдайы бұрылмаған.

Айы туған оңынан мұратыңды,
Айуан ғана көксейді құлатуды.
Айт пен тойы ұласқан мына күнді,
Жырла жылда туғызып мың ақынды.
Сонда жырлап бітпестей тағдыры бар,
Жеңген елсің қаншама сұрапылды.

Болашағың қол бұлғап айқын алдан,
Еркіндігін есейді қайтып алған.
Бой тіктеді Жиделібайсын орман,





Алпамыс кеп түскендей байшұбардан.
Алтын басың әлемге қадірленді,
Астанаңа ту тігіп алтын ордаң.

Дидарына халықтың қарап алып,
Дәрежесін заманның бағаладық.
Айтып қалдық шындықты қадап анық,
Содан кейін ешқайда жарамадық.
Білмейді ғой, білмейді кейде халық,
Ақын жүрек қалғанын жараланып.

Бұралаң көп арнадай ағыс бұрған,
Арда жұрттың аяғын шалыстырған.
Саналының сайғақтай жаны ышқынған,
Сансыз дерт бар бойыңа жабыстырған.
Абай ақын жырлаған ұлттан туған,
Нағыз қазақ жүрегі намыс қылған.

Озды заман аңыздан, ертегіңнен,
Орын алды экран оң төріңнен.
Қалды елеусіз арғымақ жер тебінген,
Тапты тақымартарын ер темірден.
Жылдан жылға сиырың пұлға айналып,
Билік кетіп барады еркегіңнен.

Қара кылды қақ жарар сот іздейсің,
Сол соттаса соттасын, өкінбейсің.
Пара бере білмесең жетілмейсің,
(Тас дәуірден тап болған өкілдейсің).
Тәуелсіздік туралы ойлағанда,
Соның бәрі түк емес, не тұр дейсің.





Ағайынның көргенде оралғанын,
Табылғандай қуанам жоғалғаным.
Бұдан жақсы болған жоқ бодандағым,
Коммунизм үшін де тоналғамын.
Бабам бұрын баспаған төрге шықтым,
Сол емес пе озғаным, оналғаным.

Бәрі осының қазақтың халқы жайлы,
Сан сұрақ бар бір жауап қамтымайды.
Парламент те бармайтын тақырыпты,
Парасатты ақындар талқылайды.
Орынтағын төңкеріп тастайтындай,
Айтыс десе билік те қалтырайды.

Түбі терең тіліңнің бастауында,
Қуатың бар қайралған тас жаруға.
Дүрсілдеген жүрегі бар қазақтың,
Бір шумаққа сыяды қас қағымда.
Бұйырмаған құдірет еш халыққа,
Айтыс деген ұғымның астарында.

Ақмолаға арнау

Ақмола жетпіс жылдық кемелінде,
Кемелдік тойланса екен тек елімде.
Мөр басқан облыс деп ақ патша да,
Дерек бар екен сонау көне күнде.
Төскейін Кенесары дүбірлеткен,
Ізі бар Қоңырқұлжа төренің де.
Тарихын Есенберлин тізген өңір,
Шабытпен айшықталсын өлеңімде.





Бүгінде ұлан-байтақ жазирасы,
Қосылған үш қиян жер көлемінде.
Кезінде Абылайды хан көтерген,
Қонысын орта жүздің бөлемін бе.

Сарыарқа өркеш-өркеш төбесі көп,
Көненің көз тартады елесі боп.
Көкшетау, Ерейментау, Сандықтаулар,
Жерімнің жырға қосам өресі деп.

Өзені- Есіл, Нұра, Құланөтпес,
Суалып сағасынан сірә кеппес.
Сілеті, Жабай менен Терісаққан,
Шапқан ат ағысына қуа жетпес.

Сарыөзек, Қылышақты, Шағалалым,
Балқұрақ, тал көмкерген жағаларын.
Тасқынын бұрқыратып, сарқыратып,
Піскендей күмпілдетіп сабаларын.

Бурабай, Зеренді мен Ақтайлақтан,
Халқымның шипасы жоқ таппай жатқан.
Қорғалжын, Теңіз, Мамай, Керей, Қыпшақ,
Ел осы қаз-үйрегін аттай баққан.

Көргенде дәл осындай жер төресін,
Уақыттың елерсің бе ерте-кешін.
Түймесін өңіріңнің ағыта сал,
Самалы біздің жердің еркелесін!.





Ақмола-ару аймақ арайланған,
Ән шалқып аспанында, бақ айналған.
Жерінің асты алтын, үсті бидай,
Ен жайлау табын-табын мал айдалған.

Сүйеніп жетпіс жылдың шарбағына,
Көз салсам көл-дария ар жағы да.
Түсіндей хан бабамның тоз-тоз болмай.
Жетіппіз Абылайдың арманына.

Атасы- ер Жәнібек, қарт Бөгенбай,
Жапырған жаудың мысын ақ борандай.
Саққұлақ, Үмбетәлі, шешен Қанай,
Әр сөзі алтынменен аптағандай.

Етекбай, Байдалы би саңылақтар,
Өлмейтін сөз қалдырған әруақтар
Киесі құт боп қонған бабалардың,
Ұрпағы Мәлік, Талғат, Сағадаттар.

Айтқанда Ғазиз, Қайып, Құлтуманы,
Балуан Шолақ, Иманжүсіп шың тұлғалы.
Алдында қай арыстың мақтансам да,
Балта кесе алмайды мұртымды әлі.

Арғы атам Біржан, Ақан, Үкілі-Ыбырай,
Өзім де жан емеспін жұпыны жәй.
Сан заман сақарға сап қайнатса да,
Азбайтын асылдардың тұқымын-ай!.

Кешегі Көкен, Сәкен қандай дарын,
Талайлар қағушы еді-ау таңдайларын.





Жанайдар, Еркеш, Илияс, Ес-ағандар,
Жүрді ғой жарқыратып маңдайларын.

Елдікті Ерекендей ойлаған кім,
Ұқпады-ау толғанысын бойлап әркім.
Алашқа аңыз болған ардагердің,
Қалғандай әр ізінде оймақ-алтын.

Көріктей көмейлері жалын бұрқап,
Әр қайсы әр мақаммен әнін шырқап.
Соңынан Төлегеннің жер солқылдап,
Келеді толқын-толқын дарынды ұрпақ.

Айналып Астанасын алқаға алған,
Ақмола ата жұртым арқаланған.
Сен барда сөзім қалмас орта жолда,
Басындай құлагердің балта жарған.

Мысы бар баса алмайтын дұшпан оңай,
Киелі – кепиеті ұстарадай.
Ақмола – Көкше, Торғай сыйған өлке,
Мінгескен бір түйеге үш баладай.

Ақмола – ақ бураның шөккен жері,
Қол бастап Абылайдың өткен жолы.
Тұлпарлар оза шауып, олжа салып,
Құйғытып қолтық етін сөккен жері.

Бел мынау боз жусанды, бетегелі,
Ел мынау бір-бір тарлан, жеке бөрі.
Осында Ақмоланың ағалары,
Осында Көкшетаудың көкелері.



**Абылай хан алаңы***арнау*

Әу бастан ат тұяғы тай аманда,
«Абылай» десе казак аянар ма.
Атынан орыс шошып, қытай үріккен,
Атамыз Абылай хан жәй адам ба?
Алланың арсысынан түсті ме екен,
Алаштың жаны алқымға таяғанда.
Аспанның астындағы дүниеде,
Абылай алаңындай сая бар ма?!
Құдайдан құран-қатым түскен жердей,
Қазақтың бар баласы аялауда.

Шарышқа қан жұтқызған жанқиярың,
Оятқан ұлы рухын мәңгі ұяның.
«Абылай!», «Абылай!» - деп атой салып,
Жаңғыртқан Аңырақайдың әр киянын.
Қазақтың селдей аққан қан, жасына,
Қалмақтан кек әперген алдиярым.
Ұл туса хан-иеннің атын қойып,
Ел едің үкілеген әлди-әнін.
Бабалар бізге сөйтіп мирас еткен,
Айналған Абылайға бар киялын.
Сол киял ақиқатқа айналғанын,
Бұл күнде мойындады сан зиялым.

Алаңы Абылайдың ырысты алаң,
Тәңірім таумен қоршап құрыштаған.
Хан мінген Дәулетбайдың шалқасқасы,
Қай жерде жатыр екен күміс таған.





Бишігін іздеп тұрмын билерімнің,
Ұлтымның тағдырындай уыстаған.
Оқжетпес ақын келсе елендейді,
Бар ма деп жырауларға жыры ұқсаған.
«Ясная поляна» боп аталғанда,
Төсінде тас қалды ма құрыспаған.
Тамылжып тәуелсіздік таңы атқан соң,
Зікірден қашқан жындай жылыстаған.
Бұл күнде иран-бақтай иман тұнған,
Азаттық ауасымен тыныстаған.

Ақ жолы Абылайдың киелі жол,
Қазақтың хандарына тиелі жол.
Артынан шаң бораған сан ғасырдың,
Азабын арқалаған түйелі жол.
Бастаған Керей хан мен Әз Жәнібек,
Жалғасқан Нұрсұлтанға иелі жол.
Көк бөрі, жолбарыстар жортып өткен,
Ақ барыс қарғып басқан жүйелі жол.

Асуы Абылайдың алапасы,
Айбыны Алатаудай – тау атасы.
Басатын жаудың мысын аттаттырмай,
Көлденең жатып алған қара тасы.
Шебінен Абылайдың шегінбеген,
Шетінен батыр болған бар алашы.
Ханымен қалың жауға қатар шапқан,
Қазақтың кімге иілген қара басы.
Ханы үшін жанын пида етуге әзір,
Халқының болмапты аш пен жалаңашы.





Қаласы болмаған соң көшпенді елдің,
Аз емес ұмыт болып өшкен белгің.
Ат қойған атам қазақ талайына,
Тағдырын қанды жорық шешкен жердің.
Тарихы хатқа түспей, жырмен жеткен,
Лебімен сахарада ескен желдің.
Павлодар, Петропавл деген аттар,
Таңбасы бізге қарашекпендердің.
Өз қолың өз аузыңа жеткен жоқ па,
Жұртым-ау, енді сені өктемдер кім?!

Әр төбе, әр қыраты тұнған аңыз,
Батырлық дастаны ғой бұл даламыз.
Азаттық бұйырмайды рухымызға,
Аталмай «Абылай хан» бір қаламыз.
Петропавл орнына Абылай-деп,
Неге айтпаймыз, қарыспай жұмған ауыз.
Ақ үйі ханымыздың тұрған жоқ па,
Несіне дәйек іздеп зыр қағамыз.
Тіпті қатын патшасын ұлықтаған,
Қабағын көршілердің құр бағамыз.
Тебен ине секілді тесіп өткен,
Темір жолын Ресейдің бір қараңыз,
Асқақтап айбынымыз тұрмайды ма,
Шекарада тұрғанда бір бағамыз.





Наурыз

Салтанатым, шаттығым, Науырыз күн,
Ақтығындай пәктігі сары уыздың.
Құшағыма құлашы қыздай жайнап,
Биігінен сырғанап тауымыздың.

Тойға сайлап алдыңнан бар даланы,
Сумен шайып, жолынды қар барады.
Хабар жетіп жалаң бас төбелерден,
Сай ішінде сілкініп тал қарады.

Көже қамдап әжейлер таң арайдан,
Асыр салып жүр деп пе ең бала жайдан.
Ормандағы ақ қайың сыланады,
Енді сұлу болам деп карағайдан.

Мәрттігіне халқымның таңдай қағып,
Күн жылжиды сәскені маңдайға алып.
Өлі жүнін түсіріп жабағылар,
Аунап тұрып, шабады тайға айналып.

Сәлемдесіп жолшыбай кәрі-жаска,
Жақсылықтар тілейсін жаны досқа.
Құс ұясы көлдегі күннен ыстық,
Қамыстың да сызылтқан әні басқа.

Науырызда кабыл боп ақ тілегі,
Бақ тілеген бар адам шат күледі.
Жолы болған бойжеткен сырға тағып,
Жолы болған бозбала ат мінеді.





Тағы да ояу жатырмын ұйқым келмей,
Кірпік ілсем ішімде ит үргендей.
Бүркеп алып басымды дөңбекшимін,
Ішімде өлсін сол итім, сыртымда өлмей.

Көз ілмеймін ендеше қаш, қаш ұйқым,
Ішімде өлсе ешкімді қаппас итім.
Күннен күнге барады миым ашып,
Қорда болды сұрақтан бас саситын.

Итімменен алысып майдан құрам,
Иістенген миымды айран қылам.
Ақырында өзімнің сұрағыма,
Өзім жауап қайырып, жайландырам.

Ақынжандылар

Күзеткен даналықты шырақшыдай,
Сендерде – рас Иман, рас Құдай.
Ұғымды халық деген қасиеттеп,
Ұрпаққа табыстаған құрақшыдай.

Өмірге тусын қанша ғұлама адам,
Ел керек кеудесі сау, құлағы аман.
Өлең де өздеріңсіз күңіреніп,
Қанырап қараң қалар мына ғалам.

Сендермен дүниенің жарық төрі,
Бағында шаттық толы, сауық толы.
Құрдымға тағдырымды тастатпаған,
Халықтың қарапайым әліптері.





Аңсаған сөз сайысын, жыр кештерін,
Армысың сырластарым, үндестерім.
Сендерсіз қанатымнан қайырылып,
Сыпырып кара жерді жүрмес пе едім.

Даламның көрнектері, сергектері,
Елімнің маңдайлары, келбеттері.
Жаныңа сиып жатқан ақындықты,
Ала алмас ажалдың да жендеттері.

Алындар ашылайын, шашылайын,
Қашанғы басылайын, жасырайын.
Мені де бір байқандар, тасымайын,
Қағыс қап сарғаймайын, ашымайын.

Төкпе толғау

Желісті жылдар,
Жемісті күндер,
Жетеле мені биікке.
Желмая жылдар,
Жеке көш сырлар,
Жеткізбей қашшы күйікке.

Жентіндей тойдын,
Кентіндей ойдын,
Кеменгер сөздер кез келіп,
Жебедей борап,
Желкендей орап,
Игілігімді алшы иіт те.





Қарманар талым,
Қамданар таңым,
Ту етер түпсіз тірлікте.
Жамбыдай ілген,
Жаңбырдай тілген,
Шабытқа дүлдүл міндік пе.

Қайнардың көзін,
Қайраттың өзін,
Қара кілеммен тұмшалап,
Асылық етсем,
Жасырып өтсем,
Теуіп бір түсір кіндікке.

Құлаштап жүзіп,
Қомақтап сүзіп,
Моншақтай тізіп маржанын.
Табиғат пірдің,
Тәңір ақ күннің,
Табынып, ұқсам бар заңын.

Оқтай боп ұшып,
Оттай боп ысып,
Олжасын бөлген өмірім,
Садақтай серпер,
Сағақтай шертер,
Садаға саған мал-жаным.





* * *

Адаммын мен,
Адаммын,
әлі Адаммын.
Он сегіз мың ғаламды талағанмын.
Құдай ғана көзіме түскен емес,
Құрсағынан шыққалы Хауа-анамның.

Құстардан да биікке ұшу біліп,
Табиғатты сорлаттым ұшындырып.
Тесіп өтіп азонды айға бардым,
Тек құдайға жетпедім мысым құрып.

Жазмышынан жалығып жаратқанның,
Жан түршігер қарумен жарақтандым.
Құдайды да қадірсіз ету үшін,
Өзімді өзім жасауға жарап қалдым.

Бұлт тасалап сырғиды бұқпалап ай,
Күн де суық тартады тік қарамай.
Енді өзім жасаған адамдарға,
Өзін-өзі өлтіру тіптен оңай.





Ұлу жылы туыппын,
Шілде айында.
Шығарып ал жасымды жыл қайыр да.
Құдайға құл,
Әкеме ұл тапты анам,
Жарығымды жалғанға бұлдайын ба.

Мектеп білім,
Ал, өмір арман берді,
Соның бәрі жасымда арзан келді.
Жұлып берер жүрегін әкем де жоқ,
Сығып бере бастады Аллам да енді.

Күле күле күлкім де күйіп тынды,
Сүйе-сүйе бездірдім сүйіктімді.
Бақыт деген сөз дағы керек сәтте,
Аузыма алуға биік тұрды.

Жазда туғам.
Жаздаймын, жылы райым,
Жылуыма жылынсаң суымайын.
Адамдарға қасірет әкелгенше,
Құшағыңнан тіршілік жұлынайын.

Жазда туғам.
Жаздаймын жаңбырым бар,
Жаңбырыма шөліңді қандырыңдар.
Қанады деп бір адам қарғыс айтса,
Қара жерден қарамды аудырыңдар.





Мен қалай отыз беске толып қалғам,
Аулақпын толғаныма торыққаннан.
Әй, осы кеше емес пе еді, кездеріміз,
Қыздарға он бестегі өліп талған.

Иә, бәсе, кеше еді ғой, жиырмам да,
Үйленем деп жүргенім жуыр маңда.
Зымырап өте шыққан жылдарым-ай,
Апшыңды уақыт сонша қуырған ба.

Қой, кеше жиырма бесте ғана емес пе ем,
Жайқалған тал шыбықтай жағада өскен.
Жүргенім ойға-қырға алабұртып,
Тұсауын жас баладай жаңа кескен.

Рас, рас отызға да толғаным бар,
Көндім, көндім не шара болмадыңдар.
Жазира сайран бақтан шығарып сап,
Есігін неге артымнан торладыңдар?!

Әлі де жанарымның жарқылы бар,
Жайым жоқ үмітімді жарты қылар.
Жайнаған көздерден тыс қалмайтұғын,
Қайнаған қайратымның сарқылы бар.

Отыз бес, отыз бес деп ырықты алма,
Құлшынып қайтесіндер құрықтауға.
Маған олай болмайды жуықтауға,
Қашан гонг ұрғанша қырық балға.





Толқымай той үстінде тұнғыығым,
Түбінде тұнып жатсын мың күйігім.
Сұлулық атаулыға сүйсінуге,
Көзімнің қиындаршы бір қиығын.

Көп жазыппын,
Алайда мандытпаппын,
Сонша несін сандықта шандып бақтым.
Құрай берген екенмін әр немені,
Тек әйтеуір ойымды қалғытпаппын.

Шықпай жатып жеңінен кең тұлыптың,
Қолды сермеп кеудемді ерте ұрыппын.
Сөйте-сөйте ширығып серпіліппін,
Бәрін соның бауырым, бергін ұқтым.

Онда да елім «ақын» деп қолпаштаған,
Сонда қандай артыма жол тастағам.
Ұят-ау кімнің алдында ойқастағам,
Несіне олар соншама қолпаштаған.

Жалында жырым, лауылда,
Жан аман, деннің сауында.
Салмақтар сөзді сана бар,
Қаумалап тындар қауымда.
Балалар бар ма нәр алар,
Бабалар шыққан ауылда.
Туу да бақыт, мақтаныш,
Қазақтың Көкшетауында.





Өнеге көрдім, үлгі алдым,
Тамырым жайдым, бүр жардым.
Айрауыққа омалдым,
Шырмауыққа шырмалдым.
Ақыл мен қайрат, сезімге,
Қанағат іздеуді ұйғардым.
Ұрандас досы болайын,
Ұясы түзу ұлдардың.

Жомарттыққа да ден қойғам,
Жоқ еді әттең кең қоймам.
Қиялға еніп қаперсіз,
Көңілге салғам мен де ойран.
Терусіз қалмас маржандар,
Төгілсе адал тер бойдан.
Бата бергенде ел-жұртым,
Ақын деп маған қол жайған.

Айналып жеткен жылменен,
Айрауық жазда гүлдер ең.
Сол шақта туған ұл мен ем,
Гүлінді жинап үлгерем.
Әкеле жатқан бағымды,
Өмірге мына дүрбелең.
Шағала таулар басынан,
Шағылған шыңға күн көрем.





Ғасырлар тоғысқанда

Ғасыр өтіп барады жүз жасаған,
Жылнамада ғұмыр бар біз жасаған.
Ғұламалар өлмейтін сөз қалдырып,
Ұлы ағалар өшпейтін із қашаған.

Ғасыр өтіп барады ғаламат бір,
Алғаныңды дүние қанағат қыл.
Өмір-анам мені де жетелеп ап,
Болашақтың қақпасын сабалап тұр.

Қарсы ал мені жас ғасыр қақпаңды ашып,
Қазынаңды қайтейін жатқан басып.
Жайлауыңда жайылып жүр мекендеп,
Қиялымнан қанатты аттар қашып.

Ғасыр өтіп барады көне көзді,
Өрге асырып апарып өнеге ізді.
Жаңа отауға енердей әбігерміз,
Жаңа өмірге көрсетіп төбемізді.

Ғасыр өтіп барады Абай көрген,
Жамбыл көрген,
жүлде алып талай жерден.
Қызыл этеш шакырып,
Қызыл пәле,
қызыл атпен күрзісін сабай келген.

Ғасыр өтіп барады әкем көрген,
Әкем көрген сақтасын қатерлерден.
Қасіреті қайтпайтын қиянат көп,
Әділетін соттасып әпергенмен.





Ғасыр өтіп барады шешем көрген,
Арыл заман адасқан кеселдерден.
Жаңа қоғам құрылып, бәрі өзгерді,
Қызыл шекпен жамылған көсемдерден.

Ғасыр өтіп барады хош дегізіп,
Тай-тай жүгін тарихтың көшке тізіп.
Асуларға алдағы алабұртып,
Асығамыз ертеңге өкше қызып.

Қазақпын, тәуелсізбін, туым бар көк,
Азатпын, азат егті пірім жар боп.
Тарихым қазған сайын байй түсті,
Айтпаған, айта алмаған бұрын дәлдеп.

Хан дедім, төре дедім, сұлтан дедім,
Онда да белгілі екен шырқар жерім.
Алпамыс асық атып, доп қуып жүр,
Түсінде тәж көреді Ұлтанбегім.

Табылды алтын адам, күміс аттар,
Мақтандық жасады деп мұны Сақтар.
Шырқайды бәни асфар елдің әнін,
Арғы күн, бергі ғұн мен қыпшақтар.

Сөйлеген тарих кеше тұспалдап тек,
Танылған бәрі бастан ұшқан бақ боп.
Ұлтшыл бол, ұлт жанды бол мейлі бүгін,
Ал енді кім айтады «ұстап жап» деп.





Ашылған көзі жаңа ақ бұлақтай,
Ақтарса әркім ойын тоқыратпай.
Қорқамын саясы жоқ қандасымнан,
Түбірге жатып өскен жапырақтай.

Атқан таң сахараға рең беріп,
Ширығам өзіме өзім жігер беріп.
Алаштың аспандар ма абыройы,
Түркінің түп атасы түгенделіп.

Тіл

Жаныма нұр құйған жөргектен,
Бағымда әлдилеп тербеткен.
Көктер мен жердегі ғаламда,
Адамдық хақымсың қол жеткен.

Адамнан адамға –
жаратқан
жүректің жылуын таратқан.
Тіл – сенсің құдайы құдірет,
Тірлікті аузыма қаратқан.

Тіл барда сөйлейді сағатым,
Қаным да жырлайды ...ағатын.
Ұлт деген ұямның ішінде,
Үнімсің үндесін табатын.





Адасса кімге қонбас алдамшы бақ,
Қонса да, ұшса дағы қал жан шыдап.
Күйігін, қуанышын бірдей татқан,
Жүректі мазалайды алуан сұрақ.

Ойласан адам да бір жаздын құсы,
Соңында сайраған із – аз күнгі ісі.
Көргенін, естігенін білгенім деп,
Көңілін келеді екен мәз қылғысы.

Байланып кімге тұрмақ ғұмыр мәңгі,
Айналып азап бағар жұмыр жанды.
Жалғыздар қайыра алмай болады әуре,
Бұршақтай бет-бетімен шұбырғанды.

Осы ма есейгенім, ес білгенім,
Таппастай дерт жалғанды еш күнде емін.
Таңымды тасқа тіліп шарқ ұрамын,
Толтырсам тояттар ем көштің кемін.

Мен сірә дәл осындай шалағай ма ем,
Қармасар қауқарым аз Қарабаймен.
Тасқа ұрып маңдайымды мен отырмын,
Алаңсыз – қатын шаймен, бала жаймен.

Біржан – кім?
Ақаның – кім?
мына мен бе?!

Құдай-ау күлкі етпеші ұлы әлемге.
Жаз киген қыс киерін жарлы басым,
Жарбиып қалай мінем Құлагерге.





Ағылшын аттары

Аттары ағылшынның таза қанды,
Шапқанда қылады екен разы адамды.
Аздырған тұқымымды өздерің – деп,
Қазаққа қара арғымақ назаланды.

- Шыдатпас тұлпар екен қызса андағы,
Деп-ақ ек қарагерге біз сондағы.
- Бәтір-ау!
- Құртты «ағылшын», құстай ұшты,
- Шаң қауып бос тер болды-ау жүз сан жабы.

Құйғытып аламанның алдын бермей,
Жөнелді ол оқтай зулап жамбы ілгендей.
«Ағылшын» адырнадан атқан жебе,
Сан торы тапырақтап қалды үлгермей.

Дәл сол сәт тұр ем намыс-шоғымды үрлеп,
Айта алмай қарагерді «шобыр» бұл деп.
Иесі «ағылшынның» масаттанып,
Мырс етті:
– «Қазақыңды» соғым қыл - деп.

Ол мені жай кетпеді мысқылдады,
Қанына қазақының пысқырмады.
Ордаңдап «ағылшынға» мінген қазақ,
Шертіп тұр жалғыз түйме ышқырдағы.

Қазанат, қазақы қан қанаттанып,
Қайтарған бабам кегін сан аттанып.
Жатсаң да жарып шықшы, Жануарым,
Жеті кат жер қыртысын қабаттанып.





Қайда екен Толыбайдай кәрі сыншым,
Сынына тай-құнанын бәрі ұсынсын.
Садаған кетпес пе елін, Сандалкерім,
«Қанына тартпағанның қары сынсын».

Тау

Танисың ба мені, тау шырақ,
Танымайсың ғой өр неме.
Иілсең етті хал сұрап,
Жел біткен екен кеудеңе.

Өзенің анау, ну мынау,
Қарың бар тіпті жазда да.
Бәрі де сенде, сұмдық-ау,
Бөліссең қайтеді аз ғана.

Мұншама жерді басып ап,
Етегіңді неге жимайсың.
Аспанды жеке ашып ап,
Күнді де бөгеп, қимайсың.

Жаһанда жалғыз тақсырдай,
Көкірегінді керіп, кебесің.
Жайымды айтсам жақтырмай,
Түнеріп қоя бересің.



**Отан**

Ес кірді маған Отан – деп,
Өсірді, қақты ботам – деп.
Таныдым оны әкем – деп,
Таныдым оны атам – деп.

Айнала орман, тау мен көл,
Өмірлер, гүлдер, дәурендер.
Сіңірген маған сәулең мол,
Әр сағат, әр сәт, әр демдер.

От десең – мені жалын де,
Көп десең – сүйем бәрін де.
Құл дағы болам дәуірге,
Солай қып жазса әуелде.

Жайылған жазық, шалғындар,
Жалаңаш қырлар, жал құмдар.
Қалаң бар, шалғай ауылың бар,
Байың бар, бақсыз жарлың бар.

Аңы да, құсы, балығы,
Өзені, сайы, арығы.
Мұнары, бұлты, сағымы,
Қараңғысы мен жарығы.

Барлығың тұтас бір дене,
Бірің де күйреп, кірлеме.
Аунап құмға, гүлге де,
Жапырып босқа жүр деме.

Күніне қунап ақ таңның,
Тілінде сырымды ақтардым.
Тыйылмас жыры Отаным,
Бұйырған түгел шақтардың.





Көкшетау

Көкшетау жер үстінде тұнған жұмақ,
Жұмақтан жан қайтпайтын тұрған жырақ.
Шашып ап, жұлдыз жуған айдындары,
Ай, күнді алмастырған жылдам құрап.

Керілген кең төсін-ай күнге албырап,
Кете алмай келген бұлттар тұр балбырап.
Жел қақса жеңгесі кеп жүр-жүрлеген,
Қалқадай дөңгеленер құр жаудырап.

Көкшетау найза шындар, нар төбелер,
Сыймаған сексен көлге дәу кемелер.
Шалынған жау көзіне дулығалар,
Көрінген дос көзіне сәукелелер.

Күйдірген, жандырған да бұл от дала,
Шалдырмас шалғайымды бір оққа да.
Қарыз боп қаламым тұр қағаз тарпып,
Мазасыз бәрін ұққан жүрек кана.

Алтын сандық

Беті ашық әлмисақтан алтын сандық,
Асылын бойға таққан халқым сән қып.
Көтеріп көшке тендеп кете алмаған,
Көшсе де нелер заман артын шаң қып.

Сексен көл сол сандықта түгел сыйып,
Аққулар ұзын мойнын жүзеді иіп.
Таулары нуға оранып, буға маңып,
Ұқсайды тастағанға кілемді үйіп.





Өзендер ернеуінен асыла еніп,
Өтетін сай-салалар қасына еріп.
Шашатын уылдырық жылда келіп,
Балығы бауырын басып, тасын еміп.

Бұлбұлдар бұл сандықта энге басып,
Оятқан түн пердесін тербеп ашып.
Қырандар аспанында шыр айналса,
Жортқан аң бара жатқан жерде қашып.

Қарағай, қайың, терек, тал аралас,
Бір орман бір орманға жанамалас.
Бауырында сал-серілер сайран құрып,
Ел үшін ерлер өткен жан аямас.

Сөгілді алтын сандық жақтаулары,
Төгілді тауы, көлі, бақ-баулары.
Бөлінді, екі айрылды қайран өңір,
Ешкімнің жетпей қалды сақтауға әлі.

Құтым ең алтын сандық, кием едің,
Тарихын төрт момынның тиеп едім.
Айрылды кең шарбағым қадасынан,
Аллам-ау, енді қайда сүйенемін.

Ғұмырым ұзақпысың, келтемісің,
Қызғыш құс, оят маған көл перісін.
Баламның баласына байғыздай боп,
Жырлайын алтын сандық ертегісін.





Астана,
Астанасың,
Астанасың,
Алладан бағынбайсың басқаға шын.
Тапсырған тағдырларын тату ұстап,
Алаштың бауырыңа бас баласын.

Каспий

Ұлы Каспий,
Қарт Каспий,
Қиыры шалғай,
Қиырлар мен қиыр тұр қиылыса алмай,
Көк етегін аспанның қапсыра ұстап,
Тартып алып киюге тырмысардай.

Ұлы Каспий, армысың су – анасы,
Сақтай, сақтай сарғайған сыбағасы.
Келмей қалғам келем деп көп жыл бұрын,
Мен айтпайын, сен соны сұрамашы.

Тілдесейін теңізбен шуылдаған,
Шежіре ғой көмейі буылмаған.
Шуламаңдар жігіттер, көпсінбендер,
Бақыт сыйлап тұрғанда ғұмыр маған.

Пай-пай, шіркін! - теңіздің тарландары,
Жұрттан сәлем жеткізген әрмандағы.
Жар аузында секіріп тұр энекей,
Тоқпақ жалды толқынның арландары.

Теңіз даусын тілдескен құрлықпенен,
Естімеген адаммын тірлікте мен.





Балиғатқа толғандай болдым жаңа,
Ғаламатқа жолығып бір күтпеген.

Енді қашан келермін, қай жылдары,
Көрмеппін ғой дәл мұндай айдынды әлі.
Үйірлерін қызғанып, көкке шапшып,
Тістесіп жүр ақ көбік айғырлары.

Таңырқауым тамсанып шындық, көкем,
Керек десең дәл қазір сүңгіп кетем.
Каспий деген қайнаған нағыз өмір,
Жалған деген жалғыз-ақ кұрлықта екен.

Архара

Тайғаны аралаған мың бұралып,
Күркіреп Амур жатыр бу бұланып.
Архара күре өзеннің бір саласы,
Ұры өзек содан шыққан Кундур ағып.

Тұңғиық жап-жасыл ну шет-шегі жоқ,
Қайтатын жел де ене алмай өкпелі боп.
Күн өтпес жынысында ненің бары,
Жұмбақтай жұлдызға да көктегі көп.

Сол өңір маған таныс қиырдағы,
Тойлаған он тоғыз бен жиырманы.
Апарып шағала-ұшақ тастап кеткен,
Іліп ап көбелектей құйындағы.

Есімде тас қараңғы тонельдер де,
Кәдімгі жүргендейсің триллерде.





Составын салдырлатқан паравоздар,
Өкіріп қоя берер кірер жерде.

Ылғи жас не көрсек те бірге көрген,
Ешкім жок тілге бөлген, түрге бөлген.
Қайда екен тягачь мінген солдат-достар,
Көздері шаң мен майдан сүрмеленген.

Плацты сартылдатып керзі етікпен,
Қатырып буынымды, бел бекіткен.
Көгінен хош айтысқан көгалыма,
Оралғам сол өлкеден ержетіп мен.

Жанды аңсап маған барын үйіп-төккен,
Еріксіз кейде жасым иіп кеткен.
Сырлары сағыныштың хат боп жетіп,
Әкемнің құс жастығын биіктеткен.

Жүргендей жанын сақтап маған арнап,
Кәрі әкем жалғыз мен ем қалаған бак.
Вокзалдан күтіп-күтіп қайтады екен,
Ақ тоны, ақ пимасы ағараңдап.

Архара, Кундур, сонау Қиыр Шығыс,
Қиыр шет, қиыр өлке, қиыр бұрыш.
Өкпем жок болды маған сыйың дұрыс,
Жадымда шүйделі – жаз, бүйірлі қыс.

Архара арқыраған, сарқыраған,
Кейде асау, кейде жуас жарқыраған.
Жалынан толқынының сипағанда,
Ақ бозым, аманбысың тарпымаған.





Ефим қарт

Түкпірінде тайганың,
Жел өтпейтін сыналап.
Жортқан не бір хайуаның,
Әлді әлсізді қуалап.

Иіндесіп тұтасқан,
Қарағай мен шыршалар.
Қашқанға да қысастан,
Құтылуға мұрша бар.

Ну орманның мүлгіген,
Ортасында тып-тымық.
Алаңқайда тұрды кең,
Бір үй, бір от ықтырып.

Бұлақ аққан қасында,
Үйді айнала гүл өскен.
Орыс шалы осында,
Талай жазды түгескен.

Құдай деген жан еді ол,
Қатты сөзге әсте жоқ.
Ашуланса ал егер,
Дейтін сөзі «бас керек».

Ара балын жинайтын,
Гүлге жайып не түрлі.
Түгел Хутор сыйлайтын,
Омарташы – Ефимді.





Қайтар шақта демблге,
Әдей келіп сол жақтан.
Көмекшіге ол бірде,
Сұрап алды комбаттан.

Қалың тайга. Шытырман,
Биік-биік қарағай.
Алыс жатқан Хутордан,
Жол табатын шал оңай.

Омарта – жүз елудей,
Құжынаған гулі ара.
Ергежейлі еліндей,
Өз алдына бір қала.

Қарт барар да бал алар,
Бетін, қолын жаппайды.
Ашуланып аралар,
Еш біреуі шақпайды.

Таниды екен олар да,
Жем жегізген иесін.
Бөтенге оқша борар да,
Қатырады сілесін.

Бар екен – деп – ұғымың,
Үйретті Ефим қыр-сырын.
Бал ағызғыш күбінің,
Бұрап тұрып ұршығын.

Судай ағар сұйық бал,
Шегенді ағаш шелекке.





- Іш, қанша ішең құйып ал,
дер шал сол бір мезетте.

Жүректі алар сұйық бал,
Су емес іш кептірер.
Сөзге сараң, тұйық шал,
- Шелектеп іш – деп күлер.

Бал іздедім кенеттен,
...балын мақтап тұрды әркім.
Кетті елестеп сол өткен,
Көз алдыма күн жарқын.

Ақша жоғы себептен,
Суға кетіп тұр салым.
Бал жұтқызған шелектен,
Қайда қайран жүр шалым.

Рахман қайнары

Табиғат әсем, тау іші,
Талмаурап атқан таң мезгіл.
Адамның зәру дәрісі,
Ауада түгел бар кез бұл.

Күркірей құлап өзендер,
Жаңғыртқан тауды жарғылап.
Жарлауыт, өрдеш кезендер,
Тұманда қалған арғы жақ.

Тұманда қалған бұлдырап,
Қауымшыл қалың нулары.





Бұлақтар жатыр сылдырап,
Бұрқырап бұғып булары.

Қанағат күйді кешетін,
Алтайдың асқақ айбары.
Күн тоқтап сәлемдесетін,
Жарықтық қандай жайдары.

Бұл жерде ыстық су емі,
Дертінді барсаң шайғалы.
Осындай екен киелі,
Шипагер Рахман – қайнары.

Оқжетпес

немесе Мағжан рухына

Оқжетпес от тіліндей лаулап қатқан,
Ошақтай тау ішінен аумақ тапқан.
Тіріде бір тоймайтын адам көзін,
Суырып шарасынан баурап тартқан.

Немесе сұқ саусақтай нұсқап тағы,
Ескерткен ұлы күшті ұшпақтағы
Бәрібір тәуелдіміз төбемізге,
Әлемді әуіріммен құшсақтағы.

Қалмақ қыз орамалын ілді.
Аттырды...
Нысана нояндарға қымбат тұрды.
Жақ-жақ боп дай-дай шулап жатқан қазақ,
Қадірін ұкпаған ба тулақ құрлы.





Еркектің қошқары да, құлжасы да,
Өлердей өршеленген ұрғашыға.
Жау жанды қыздың бәлкім селт етпеген,
Дәл сол сәт жүрек тұрмақ, сырғасы да.

Хал нешік Адақ егер қапы қалса?..
Ел ойсыз – таңдайға әбден татығанша.
Өз шыңын оққа байлап, жаралаған,
Қандай мәз қарын тойса, қатын алса.

Оқжетпес ойға шомған еңсем бе екен,
Ол қанша басын шайқап теңселді екен.
Жер басып тірі жүрген шындар аз ба,
Өрлігі әзер сыйған өлшемге кең.

Тозаңды сілкетуғын санадағы,
Оқжетпес ескерткіштей жағадағы.
Көздері ашыла ма көпшіліктің,
Көрмесе өз шындарын арадағы.

Жуан төбе

Жай ғана қарапайым бұл төбені,
Ес көріп, тауға балап тұр көлемі.
Жазыққа жата кеткен жарықтығым,
Бабамның бабасынан үлкен еді.

Жалықпай үдіреткен сан заманды,
Біледі ол жасағанды,
жалмағанды.

Таниды ол жиһан кезіп шарлағанды,
Таниды ол халық болып қарғағанды.





Тапжылмай алмасса да сан ғасырың,
Томсарып ашпапты әлі жанға сырын.
Дәуірлер ақиқатын құпиялап,
Астына қаттай берген жамбасының.

Аталған жуан төбе қашанғыдан,
Тегінде түйір тас жоқ жасандыдан.
Бұл төбе менің алғаш көрген төбем,
Биік бар демегенмін асар бұдан.

Кезгенмін Алатауды, Алтайды да,
Шындары еңкейді де, шалқайды да.
Жол тосып Жуан төбе қалады ылғи,
Сағыныш қайта оралмай тарқайды ма.

Білмеймін – көзі қайда, аузы қайда,
Білмеймін – алды қайда, арты қайда.
Менің де бір қажетім бар адамға,
Оның да бір керегі бар құдайға.

Селт етпей дүрбелеңге тапырлаған,
Бүлк етпей найзағайға сатырлаған.
Мінекей, шартарапқа сәлем жолдап,
Жантайып құшақ ашып жатыр маған.

Аралға

Арал, қайда барасың, Арал қайда,
Кетпе, кетпе, Аралым, жағанды ойла.
Кебіндеген мәйіттей тұзбен бүркеп,
Кете берсең барлығы жоғалмай ма?!





Қыздай сыңсып қыймаған төркін жағын,
Бара жатыр алыстап толқындарын.
Бай ауылдың шайқалған ырысындай,
Баяғыдай арнанды толтырмадын.

Сылбыр ағып Сыр қалды сырласа алмай,
Сыр сарқырап ақпаса, құр бос айғай.
Кемелерің қайырлап құмға батты,
Белі кеткен түйедей бір баса алмай.

Айналайын Аралым, аялаған,
Қайырылар екенсің қай арадан.
Арал кетсе, келеді ақырзаман,
Адам түгіл қалмайды шаян аман.

Балық жатыр желпілдеп желбезегі,
Су тілейді өртеніп шөлге өзегі.
«Балық бастан шіриді» дейді дағы,
Балық өлген жағаңнан ел безеді.

Сілетінің баласы

Көріп ем Сілетіде бір көк өскін,
Ескеріп елемеген мүлдем ешкім.
Қой жайған, кітап оқып жапан түзде,
Көзіме елестейді күнде достым.

Сол бала жолға жомарт, жөнге жетік,
Ысылған қаршадайдан еңбек етіп.
Қарт зергер айрылған тайтұяқтай,
Қалыптан қотарғанда дөңгелетіп.





Сәлемі саңқылдаған жаңғырығып,
Бауырады пейілімді тәнті қылып.
Сол дауыс төрт тарапты елендетті,
Мен түгіл тоқтатқандай ханды бұрып.

Сол бала сол баяғы Сілетіде,
Қақталып жүр-ау тағы күн өтіне.
Ал, аға, бір бас мүжіп кетпейсіз бе,
Деп тұрған риза едім ізетіне.

Атыннан айналайын қара бала,
Сіңірген дала салтын шаранада.
Тұрады күлім қағып көз алдымда,
Қоштасып кеткендей боп жаңа ғана.

Қайда екен қаршадай ұл балғын жүзді,
Қолтықтап кетті ме екен жәудір қызды.
Мен де бір бас тартсам деп ойлап жүрмін,
Тағы да жолықтырса тағдыр бізді.

Қап тауында

Қап тауында қан төгіс.
Жаралы шың.
Жаралады таудың да қарақұсын.
Бауырында сау жер жоқ оқтан аман,
Иілмесе басын да аламысың.

Қап тауында қасірет.
Нахак өлім.
Өлген таңдап тұра ма жатар орын.





Шыңның басын жұлуға асығады,
Жұмсағандар зеңбірек батальонын.

Қап тауында зор майдан.
Ызалы кек.
Айқайлайды тіріміз біз әлі деп.
Олар өлсе өледі өз тауында,
Қасіретке сөзі өтпей құлағы жоқ.

Қап тауында қара бұлт.
Айықпай тұр.
Басқыншыға іш тартар халық қай бір.
Генералға қарап ап,
тілшілерге,
Өз әкесін амалсыз айыптайды ұл.

Түтін шықса селк етіп атарқадан,
Әйел алаң тау жаққа,
хат аңсаған.
Шешесінің сығалап етегінен,
Бала көзін алмай тұр тапаншадан.

Батырлары шешеннің Қап тауында,
Кінәсі жоқ олардың ақталуға.
Қиянатқа төзгендер қияметтің,
Қатар түзеп тұрады ақ таңында.





Қоскөл

(Әні бар)

Қоскөл-ау,
құсың қайда кеткен ауып,
Қамысыңды сыңсисың бетке жауып.
Жалаңаштап ел безді жағалаудан,
Ауаң неге бұзылды өкпе қауып.

Қоскөл-ау,
Қамысыңның үлпегі-ай,
Суыңнан құс үркеді-ай.
Айналып өтіп барамын,
Айналаң ойын күлкі еді.
Қоскөл-ау, қоскөл, қоскөл-ай.

Қоскөл-ау,
Көпсінген кім көздей жерді.
Өзің жоқтап өкисің өз бейнеңді.
Қызғыш байғұс қорысын несін енді,
Сері түгіл жын-пері не іздейді енді.

Қоскөл-ау,
Қамысыңның үлпегі-ай,
Суыңнан құс үркеді-ай.
Еркесі иісі қазақтың,
Сері Ақанның жұрты едің.
Қоскөл-ау, қоскөл, қоскөл-ай.





Қара арғымақ

Аманбысың, жануарым,
Келдің қайдан жайылып.
Жүгеніңмен төбет байлап,
Темір жидық,
Байыдық.
Кісеніңнің кілтін іздеп ақтарайын сандықты,
... Мاستығымнан айығып.

Құр жануар,
Айналайын, қазір, қазір,
Сәл шыда,
Қырсыққанда жарық та жоқ,
Жағар май жоқ тамшы да.
Иттің бәрі шабаланды-ау
Үре берсін абалап.
Үйрендік қой даусына.

Кісеніңнен азат етем,
Аралаймын, лақгырам.
Бір қора итті қуам түгел.
Кетпегенін аттырам.
Кешір мені қара арғымақ,
Құндыз жабам арқана.
Бар темірді саттырам.

Қара арғымақ жануарым,
Жалың майда жібектей.
Төрт аяғын тең басылған
домбырада тиектей.
Тарқамастай тақсіретің
дүбірлетпей даланы.
...тастарды үгіп құм етпей.





Әзілдескім келеді күліп кейде,
Күлкі мұнды сейілтiп, сiлiкпей ме.
Жалғыз қайдан күлесiң, жақтыра ма ел,
Жалғыз маса кеткендей кiрiп бейне.

Күлiп тұрып қажытар қайғыны да,
Күлкі де оңай көнбей жүр қайыруыма.
Мейлi өтiрiк тағы бiр қуантшы өмiр,
Мастанайын әй, бiрақ қай буына.

Үңги-үңги сананы сенделедi ой,
Тасым өрге неге тұр дөңгелемей.
Әжуалап қайтесiң бұл күйiмдi,
Мықты болсаң қанекей, сен бере ғой.

Қалжындайын, қызығым қайда қашқан,
Айтшы маған ай дала, айнала аспан.
Басым бункер секiлдi күңгiр-күңгiр,
Iшiм соғыс секiлдi найзаласқан.

Сүр соққандай сүлдерiм сүргiнделдi,
Сүзiп-сүзiп, менi де сырдың ба ендi.
Сары суды көбелеп кетсем бе екем,
Сандырақтап, сақылдап күлгiм келдi.

Күлгiм келедi iшiмдi босатқанша,
Қып-қызыл жас көзiмнен жоса аққанша.
Қан ақпайды одан да жас ағады,
Менiң ғазиз жүрегiм қасап болса.





Жан айқай

Түйе мінген қазақтың,
Түйесі үркіп безгендей.
Тұтқынында тозақтың,
Тұқыл шайтан сезгендей.

Салдыр-күлдір бұл да күй
Түп-төркіні даңғаза,
Қызда ес жоқ,
 ұлда ми,
Итең-итең «ломбада».

Жалаңаш тән жалтылдап,
Арсыз нәпсі емінер.
Қос емшегі салпылдап,
Секеңдейді перілер.

Етек кетті, ес кетті,
Ұят қайда паналар.
Батыс бізге не істетті,
Ойлаймысың даналар.

Көзіне әс көрініп,
Мәңгірген қыз,
 мас ұлдын,
Құйрық-жалы төгіліп,
Кісінеуін қашырдың!.





Кемпір мен кептер

Көк кептер тұқыл тырнақ, тобан аяқ,
Қауқарсыз көлден ұшқан қоғадай-ақ.
Құйтындап шыны жинап жүрген кемпір,
Қағады қоржын түбін оған аяп.

Көк кептер қанатынан қайырылған,
Толмай тұр жемсауына әлі бір дән.
Кетпейді көзін сатып айналсоқтап,
Кемпірге қамқорынан айрылған.

Тәңірі қырын алса қылмас қандай,
Тілдесіп екі шерлі мұндасқандай.
Кемпірге қайыр берсең қанағат қой,
Кептерге нәпақасын кім шашқандай.

Көк кептер көктен тілеп мол қоқымды,
Кемпірден көре алмай тұр өңге «пірді».
Шынысы нанға жетсе, сүтке артылмай,
Телміріп кемпір байғұс ол да отырды.

Босаған шыны тапса іші жылып,
Өз-өзін қалатындай кісі біліп.
Мұртынан күлгендерге мұңаяды,
Мұрнынан су кеткенше мысы құрып.

Аяйды жарлы кемпір жануарды,
Қасына қабын қағып тағы барды.
Түскен жоқ қырсыққанда түйір қоқым,
Қысылды көк кептерден кәрі жарлы.





Қоқым жоқ қап түбінде қармап алар,
Кемпірде басқа қандай таңдама бар.
Көзіне тікенектей қадалады,
Ілінген көше бойы жарнамалар.

Дұшпаным әлі әйтеуір жоқ деп келем,
Өштесіп кіммен сонша көкбеттенем.
Қылышы кектілердің ұзарғанмен,
Ешкімнің көсегесін көктетпеген.

Қарғысқа ауызымды былғамаппын,
Қастықтан тәубә, тәубә туғалы ақпын.
Жауым жоқ деген нұрлы пікірімді,
Келмейді тірі адамға бұрмалатқым.

Жанында жоқ дейсіндер сызат кімнің,
Қашырған тәтті ұйқысын ұзақ түннің.
Пернемді кесіп кеткен пендеге де,
Ешқашан келген емес тұзақ құрғым.

Өзімде жоқ жат мінез жұртта бар ма,
Жұртымнан қайда кетем сырттағанда.
Құдайым, күйін жазба кейбіреудің,
Судан да сактанатын ұрттағанда.

Мейлің мен мұнаяйын, ренжиін,
Құбылмас қара түске күрең күйім.
Түйілген қабағыңнан сыз қайтқанша,
Бүйірден түрткілеген түлен қиын.





Тоным да, шапаным да, күпім де елде,
Үйреткен халқым мені шүкір деуге.
Жатсынбай жақындасқан жарандардың,
Жарармын бір жыртығын бүтіндеуге.

Жаңа күндер қабағын ашсын дәйім,
Көңілімнің күйлейін саз сырнайын.
О, тәңірім, басыма қонған бакты,
Сен көпсінбе, мен дағы азсынбайын.

Қабыл болған тілекте қанағат бар,
Қақты қанша сорымды қара қатпар.
Сілкіп, соғып келемін қалса екен деп,
Етегіме жабысқан лағанаттар.

Таңдар атар, күн батар қалпы ауыспай,
Дүние аман тұрса екен қалпағы ұшпай.
Аласа үйдің шатырын ойнақ етіп,
Алпауыттар есіріп арпалыспай.

Айға иелік жасауға, күнді еншілеп,
Табалдырық болмасын үйген сүйек.
Желпуіші жұқарған Жер-Ананың,
Кеудесінде үрейлі күйген жүрек.

Жаңа ғасыр, жаңа жыл аяулы аппақ,
Босағамнан еңбекші таяу шақта-ақ.
Мынау ойран дүниеге болашақ та,
Дүрбісінен қарайды бойы аулақтап.





Шомылма жүрек, арылма текке
жуыларсың да кірлерсің.
Қиналып жасып, жүдеме бекер,
соңыра мүмкін гүлдерсің.
Тозаңы жолдың тоспадан бұрқап,
ауырлау соғып тұр дерсің,
Жайланып барып, ойланып, қанып,
«үф» деп бірақ үрлерсің.

Көңілім көптің көлі күн шомылған,
Толқыны тау мен тасқа мың соғылған.
Бетінде алтын қайық жүзбесе де,
Мөлдір деп қайырылады ел бұл не қылған.

Тамсанып кәусәрімнан әркім татқан,
Талайды мен бір жомарт салқындатқан.
Кей жаман кірін жуып кетсе дағы,
Кендігім лайланбас шалқып жатқан.

Абайсыз шаң мен тозаң үрлесен де,
Қаталап келерсің-ау бірде сен де.
Мейірің қанған күні мойындарсың,
Сыртымнан қанша даттап күндесең де.

Көңілім көптің көлі ашық айна,
Сол шіркін кейде толқып тасымай ма.
Шалқыр ол қашан қалың мұз түскенше,
Әй, досым, ақылға сал, осыны ойла.





Мезгіл көктем қашықтады.
Жаз жауынсыз,
күн ызғар.
Қараңғы үйден мені таппай,
Үңіледі жұлдыздар.

Бұл неткен жаз, мұз қатырды.
Күзден қорқам,
қыс тұйық.
Өзімді-өзім ерте жерлеп,
жатқандаймын қыш құйып.

Жазым жайсаң болады деп
Асығып ем көктемнен,
Көтемімдей қайдан болсын,
Көктем маған от берген.

Үйіріп мені толқындар алып жөнелді,
Алқынба жаным, ағысын бөлеуді.
Қайық бермеп ең, карап қал енді, ағайын,
Қай жағаға лақтырар екен денемді.

Қылғып ап толқын бүркеді қайта сұлдемді,
Тынысым ептеп тұншығуға да үйренді.
Соққан жүрегім тіршілігімді батырмай,
Барамын ағып үш бөліп жұтып бір демді.

Жалғанның мына жазмышы озар ма шын менен,
Жұлдызым аман көңілімді сонарға сүйреген.





Жағаны бойлап жарысып бірге келеді,
Ғайып ерен көк есегімен,
Әзірейіл көк арбасыменен.

Аударып көрсін толқындар жуып денемді,
Шыдай гөр жаным, әуресіне көн енді.
Таныса халқым қол созар өз жаманым деп,
Қасқыр тартқан қасқадан қалған төбелді.

Арба жеккен асаудай алып қашып,
Заман кайда беттеді дөңгелетіп.
Қалталылар лезде қалыптасып,
Өзінікін әкетті өрмелетіп.

Ләйлөк түйе лақтырып құмалағын,
Былш еткізіп түкірді басын бұрып.
Үйшігінен иттің сығаладым,
Сонда кіріп кетіппін сасып жүріп.

Төсегімнің астынан қазған аңға,
Түтін қойдым, табайын не басқа амал.
Түлкі қашты, енді ұстай жаздағанда,
Мүңкітті де жіберді, о пәтшағар.

Түлкі ішікке оранып шалқақтамай,
Ұры көзін сүздіріп ұлықтардың.
Төбет қосып артынан айтақтамай,
Топырақты уыстап тұрып қалдым.





Масахана

Т.Қажыбаевқа

Аңқаусып көз алдында қасақана,
Айнала бергеніңде тас атады, ә,
Алаңсыз ажарлы өмір сүру үшін,
Бізге де қажет білем масахана.

Қылп етіп қылығына тұрады ішің,
Көзіңді көріп қойған жұмамысын.
Ашырқап арақ алсаң мәз болғандар,
У ішсең қайда қояр қуанышын.

Қаумалап қарға құсса қалтамызға,
Аттарын шалдырып жүр арпамызға.
Сүрінсек сүйемейтін «сүйкімділер»,
Жығылсақ жусан үйер арқамызға.

Сыйысып сұм дүниеге сыналасып,
Сылтаумен сыйласамыз сыбаға асып.
Сайтандай сылқ-сылқ күліп, саңылаудан,
Сынасып отырғаның сығаласып.

Суықтан болмаса да аса пана,
Шіркейге шақтырмайды масахана.
Адамға жасап келген жақсылығың,
Адамға кейде сондай жасатады, ә?!





Алты қырдан алаулап асау арман,
Енді жете бергенде қашады әрман.
Әуестеніп әр неге, әуейі боп,
Әурем де аз емес жасап алған.

Әбігермін әйтеуір несі керек,
Өміріме өкпем жоқ осы бөлек.
Орда бұзып отыздан асайыншы,
Оң мен солға шашармын сосын елеп.

Үйрете ме, білмеймін күйрете ме,
Күйреуік хал, күйбең күй сыйлы ете ме.
Өлексеге өкірген өгіз-тірлік,
Тұмсығымды бұзғанша сүйрете ме.

Қойшы жүрек, боздамай болмашыға,
Отыздың да енерміз ордасына.
Қырықтың да шығармыз қыркасына,
Жер алыс па жырлардың жорғасына.

Ит-тіршілік арттан да, алдан да үріп,
Қос қолымды келеді қармандырып.
Табытына тығайын таспен ұрып,
Шабытыма көрінсе шамдандырып.

Ленин

Кім дейін Ильич сені көсем демей,
Иланғам өсиетіңе не ішем демей.
Токпағы тойынғанның төбеңде ойнап,
Боқтады байыған соң есер кедей.





Қайда деп дағдарамыз кешегі бар,
Тұнжырап тарқамай тұр неше мұнар.
Қызыл көз кісі жейтін тайпаның да,
Орнатқан өз үкімін көсемі бар.

Балталап шаптырсаң да бай тамырын,
Сол байлық жүргізіп тұр қайта әмірін.
Обалың уағызыңа араласқан,
Шайқасқан шарифатпен шәйтан ілім.

Ұрығы калмағандай құл-құтанның,
Ұрпағы бірі батыр, бірі ханның.
Тек қана жалмағандай көрінесің,
Авторын дұрыс жырдың, дұрыс әннің.

Қарсы кеп пайғамбарға, құдайға да,
Қызыл ту қадай бердің құр айнала.
Тойды да тобыр кетті сенен безіп,
Салмаған Каплан да бұлай жара.

Заманның байға төнген қапасы өтті,
Бұздырмай бас пайданы, бака есепті.
Лениннің басын берсін деген партком,
Дінін де Мұхамбеттің нәпақа етті.

Кейпіне түсіп бейнең шұнақ құлдың,
Қолыңда әр баланың құлақ-мұрның.
Мойыныңа тұзақ іліп, сүйреп жатыр,
Артына байлап алып трактордың.





Тек осы тұрмыс болса бар уайым,
Ғұмырды босқа өкісітіп налымайын.
Етегі екі айрылған дүниені,
Мен де онда қасақана танымайын.

Дабылдап дауылдайтын дәуренімде,
Түгендеп жок нәрсені әуремін бе.
Өмірге деген мәңгі құштарлығым,
Гүлдесін жүрегімнің сау жерінде.

Жұпыны жұрнақ едім серілерден,
Жұтынып жан демесін кеуіп өлген.
Әлі де ел аман ғой, өз тентегі,
Телпегін түзу кесе тебіренген.

Еңсемді тіктеп алып мойымастан,
Момынға маңғазыңмын қойын ашқан.
Саудагер бола алмадым бүгін болжап,
Сәуегей атанбаспын соңыра асқан.

Қалғанда күнді көрмей, айды аңдамай,
Дегенше қайран дүние-ай, әй, жалған-ай!
Бассам да қабығынан кебісімді,
Басыммен алыспайын айналмадай.





Достар бір сәт күлкіні былай сырып,
Құдай үшін жасайық құдайшылық.
Қарызымыз көбейіп бара жатыр,
Қара жерге қадамай қурай шыбық.

Бой түзеген бала едік қара танып,
Қалдық қалай апырмай, аға атанып.
Өмір соңы - өкініш, одан әрі,
Жайлы жұмақ, немесе қара тамұқ.

Дәл осылай қалғанда бас құралып,
Көзімізді қызарған тас жұмалық.
Ойланайық, сосын бір оянайық,
Күнде итіміз жүрген жоқ қасқыр алып.

Өткен күннің ақтарып сан қабатын,
Ойға шомсақ, не қызық таңқалатын.
Саркып ішкен саумал да сарысу татып,
Санымызды шығармыз сан қағатын.

Сана кілтін жоғалтса иірімде,
Кімнің кетпес өкініш бүйірінде.
Түйдей сезім түйіні сыйластықтың,
Үйдей өкпе айтылар үйірінде.

Арзан күлкі ертен жоқ, бүгін келсе,
Базар соңы байбалам шығын көрсе.
Көз алдында құдайдың арылайық,
Өз алдына барғанда жүгінгенше.





Қалай келе жатырмын, қайда беттеп,
Алды-артымды барлайын жайлап, ептеп.
Албырт едім, абайсыз ренжітіп,
Сөгіп жатқан жоқ па ешкім «әй, нәлет» деп.

Бәрін қайта бастайтын қайда мектеп,
Ондай қолдан келетін айла жоқ тек.
Үсік шалған көңілімнің жапырағы,
Бүрін жарған сыңайлы қайра көктеп.

Қилы-қилы кезеңдер қыр асыпты,
Менен де ерен асаулар жуасыпты.
Жүрегіме қадалған көп иненің,
Сыймағаны самайға ұласыпты.

Дейді екен-ау мені де «өркөкірек»,
Кеуде ұрып ем қай тұста көрнекілеп.
Қимағанның сөзі ғой ол да сірә,
Сыйлағанның құлы боп төрде отыр ек.

Жатса да тез жұтылып сағымдарға,
Қайырымымды бұлдаған шағым бар ма.
Көлді тартып алғанмен жүзе ала ма,
Жалғыз қазды жәбірлеп табын қарға.

Кімді қайта жасаған кім мүсіндеп,
Кім жұмаққа апарған кімді сүйреп.
Атын мініп жүргем жоқ еш адамның,
Қалай келе жатсам да қылмысым жоқ.





Күн сайын құтылғанмен мың ажалдан,
Басымнан түбі өтеді-ау мына жалған.
Кірпідей үрпиісіп үрейленіп,
Сілтідей неге бәрі тына қалған.

Сезбей жүр дейсіңдер ме пайдамды әлі,
О несі-әй, жүзін жаспен шайғандары.
Қырсығын қашан ғана мойындап ем,
Ұршығы тірлігімнің айналғалы.

Жетеді аларым да, берерім де,
Ұзамай шақ тұрсындар кенелуге.
Көз жасын қозғамандар ереуілге,
Естерің неге кетті емеуірге.

Аузымнан шығып кеткен жалындар-ай,
Шыдап жүр сол жалынға жаным қалай.
Абайсыз не боларын көріп тұрсың,
Әй, тағдыр, енді қайтып тарылмағай.

Дабырлап жақсы, жаман кезген көше,
Тарылмас маған пейілі өзгермесе.
Мың ажал, миллион ажал мені алмайды,
Ішінде бір сұр мерген кез келмесе.





Домбыра

Домбыра саған салдым сабытымды,
Шақыршы ал, шартараптан шабытымды.
Кел ал деп кең дүниеге кереметін,
Кеудемнен алтын түйме ағытылды.

Бабам да сырлас еткен күй тіліңді,
Сыйлашы маған да бір сиқырынды.
Қорғасын көмейіңе құйса дағы,
Қазаққа қалдың сақтап сүйкімінді.

Оралып елдік еске, ерлік еске,
Қапталдап қара бала ерді көшке.
Ақбоз ат шанағыңнан кісінесе,
Мұнлы ұйқы мені басқан сергімес пе.

Домбыра дауылдашы дабыл қағып,
Тұлпардай көсілейін бауыр жазып.
Қарғиын тайбуырылдай, арамзалар,
Құрса да кедергісін қабырға қып.

Домбыра – таудай талап, бармақтай бақ,
Құрыған құдіретіңмен қалмақ та ойнап.
Төбемнен әлем бұлты төнсе дағы,
Үніңмен жібересің жан-жаққа айдап.





Қонақта

Даңғайыр дархан даламдай жомарт, досым-ай,
Дауасыз дертке шалдыққан жандар осылай.
Сәніме мынау самарқау қарап жүр деме,
Оқшаулау кеткен ерқашты күйімнен шошымай.

Әрине дұрыс, қайтқан да дулап сол елмен,
Өлең ғой буып, жекелеп айдап жөнелген.
Босатсам қазір айрылам тұлпарларымнан,
Құйрығын құйын, кекілін, жалын жел өрген.

Қиылма бекер, неге сен осы нанбайсың,
Дәміңнен аттап кетті дей көрме дандайсып.
Өлең де сәби өкпелеп қалар оп-оңай,
Арқалап жүріп жеткізу керек әрқайсын.

Оңтайлы мезет, оңынан туса мұндай таң,
Кешілмес күнәм отырып қалсам кұр бейқам.
Ақпаным борап, ақ қырау шалған шағымда,
Жайлаған төрді, тойлаған жерді кімге айтам.

Бұғы басын ілмеші іргене аңшы,
Жанарынан ағызып күнде тамшы.
Таста, балам, ойыншық мылтығыңды,
Дұрыс тілеу тілейтін бірдеңе алшы.
Менің жаным мылтыққа мүлде қарсы.

Бұтақ мүйіз, кер танау жануарды,
Жығып салып бір мылтық жанын алды.





Аза бойын қаза қып тіршіліктің,
Тажал жұтып жатқандай тағыларды.
Адамзаттын мойнында қаны қалды.

Аң түгілі адамды адам атқан,
Бас айнала бастады ғаламаттан.
Басып қалсаң «Хабардан» көретінің,
Қасіреті мылтықтың кара жапқан.
Атыс кино аударсаң ана жақтан.

Онсыз дағы кетіп жүр мазам, бала,
Өтпесе екен өмірің казармада.
Таста андағы ойыншық мылтығынды,
Мылтықтардың тілеуі ажал ғана.
Мылтықтардың тілеуі ажал ғана.

Сыңар құр

Шыңылтыр аяз шымшып бет,
Сырғанап сырмақ тұр жаяу.
Қысқы таң қырдан күртіктеп,
Етегін жиды түн баяу.

Қараңғы соңы бозданып,
Бошалап бар ман, буалдыр.
Қырауын қақты қозғалып,
Түнеген талда сыңар құр.

Қауырсын, мамық лыпасы,
Кигізген тәңір тоңба деп.
Тұрағы талдың бұтасы,
Көрпе мен жастық онда жок.





Өзіне өзі жылынды,
Сүңгітіп суық тұмсығын.
Көргенге шүкір бүгінді,
Не болар жұмбақ бүрсігүн.

Ол түгіл маған болжаусыз,
Болары ненің бүрсігүн.
Нәсібі құстың мол жаусын,
Қақшы жел талдың бүршігін.

Тіршілік мұнша сыйлаған,
Жаратқан ием кең қолды.
Бейбаққа неге қимаған,
Қыранға берген шеңгелді.

Құсқа да қатал бұл өмір,
Тең емес екен бөлісі.
Оған жоқ алыс жылы өңір,
Туған жер ғана өрісі.

Құтқарған жанын тал-тал көп,
Тап берсе кенет қауіп кеп.
Қаз болып ұшар қауқар жоқ,
Кетпейді бірақ тауық боп.

Жылқы

Толтырған тақымын да, табағын да,
Сөйлеткен қобызын да, садағын да.
Қазақтың төрт түлігін түгендеген,
Қайғы бар қасқа айғырдың қабағында.





Қайғы бар қасқа айғырда зарға айналған,
Көз жазды көк шалғынды баурайлардан.
Келеді төрт дөңгелек түріп, соғып,
Қуалап ер құнындай жауға айдалған.

Бұл күнде құлыннан да күлдірлеген,
Бағуға бұзау оңай шылбыр жеген.
Өрмегін тастамайтын әжем қайда,
Көнегін керегеге ілдірмеген.

Жұтынған қаскөйлік те, жауыздық та,
Құрықты қия алмаған тамыздыққа.
Жылқыны темір қуып келе жатыр,
Төпелеп тоқтамайтын ауыздыққа.

Ар

Жанымнан қымбат жарқыным,
Асылымдағы жарқылым.
Тегінде сенсіз тұрлау жоқ,
Адамның дақпырт даңқының.

Аяулы жүрек ақ адал,
Ақ айнам өзің қаранар.
Қасқайып өткен арым деп,
Сарғайған ойдан саналар.

Қашан да асқақ сол жандар,
Ұрпаққа тұлға болғандар.
Жандарын ғана қорғайды,
Арларын сатып қойғандар.





Тас күйме

Күре жолмен толассыз із құрғатпай,
Жөнкіледі көліктер тізгін тартпай.
Тас күймелер өтеді тұмшаланып,
Тобық жұтқан жұтқыншақтай.

Күре жолдың бойында жаяу шұбап,
Бара жатыр жоқшылық жолаушылап.
Құрым тасып қалаға күнелткендер,
Жұмыстарын жоғалтып ап.

Ей, мырзалар, бөркінді босқа атып құр,
Даурыкпа,
эне обалың тоқтатып тұр.
Табаныңнан өткен сыз шырылдатып,
Тас күйменді боктатып тұр.

Темір

Темір есік салдыр-гүлдір жабылып,
Темір құлып жатыр тыстан тағы іліп.
Темір торлы терезеден төгілген,
Сынық сәуле көзіңе тұр шағылып.

Тар қапаста тастан ауыр бас қайғы,
Төрт қабырға тәлкек қыла бастайды.
Тоқпақтарсың, тепкілерсің есікті,
Бірақ оны ешкім оңай ашпайды.

Ал енді тек бостандықты арманда,
Бағың қайтып, басыңды бұлт шалғанда.
Темір ұрлап қолға түспеп пе едің сен,
Темір кісен білегіңе салғанда.





Қандай қазір күнің темір тордағы,
Ойлан, толған темірлерді көр дағы.
Сенің кеше мініп қашқан машинаң,
Бір пенденің темір аты ол дағы.

О, бейшара,
не ойладың,
не білдің,
Осы жолы сен темірден жеңілдің.
Аранына түсіп кете жаздайды,
Адам неге темір деген жебірдің.

Адам біткен ұмтылумен темірге,
Темір құрсау салмаса екен көңілге.
Темір соқа түрен тартып барады,
Темір канат құстар ұшқан өңірде.

Келтек

Аршылған, қу сүйектей кепкен қатып,
Келтекке қалмағандай көксер бақыт.
Тек қана бір төбелес болар ма еді,
Сартылдап шер тарқатар соққы ойнатып.

Тамыр жоқ,
Жапырақ жоқ,
Не бас, не түп...
Тұрған жоқ ешқайсысын керек те етіп.
Тек қана бір тентек қол,
Сол тентек қол
Әкетсе әмсе ыркында дедектетіп.





Сілтей бер – мейлі басқа, мейлі мойын,
Бірін де айырмайтын көр-дүлейің.
Бұғып ап қағазбен-ақ сілейтетін,
Келтекке мұқтаж емес ендігі ойын.

Келтектің күні бітті, нәсілі – ағаш,
Қу бұтақ қосылмаған басына бас.
Еш ағаш нәрін бөліп асырамас,
Өйткені ісі бұзық, кәсібі оғаш.

Сіңірген пайдасы жоқ жанға жасап,
Бір ғана барар жері жанған ошак.
Қиылған келтек қайта көктемейді,
Тағдырын жас ағаштың аңдамасақ.

Аймалап жердің жүзін көктем лебі,
Құндыздай құлпырады өпкен жері.
Көзімді күн ұялтқан көлегейлеп,
Тамсанам тамашаға төрт төрдегі.

Төрт төрі дүниенің жасыл жайсаң,
Теңдесер ештеңе жоқ бәсін қойсаң.
Келемін адымым да алшаң түсіп,
Секілді басқалардан басым бойшаң.

Қыс қайтып, қысым тайқып, жерім кеңіп,
Күн сайын серги түсем жеңілденіп.
Тұсымнан түзу басып өткен қызға,
Қарындас, атыңыз кім дегім келіп.





Шалшықтан қарғып аттап ауладағы,
Таяғын үйде ұмытып шал барады.
Апырай кәрі неме қайтеді деп,
Шуақта көрші кемпір таң қалады.

Көшеде құлын көрем, козы көрем,
Лақ көрем, бұзау көрем мөңіреген.
Өңіне дүниенің тебіреніп,
Төліне тіршіліктің еміренем.

Осы ғой дулы көктем, сулы көктем,
Нұр шашып мөлдіреткен, үлбіреткен.
Мың бұлақ бір арнада тоғысады,
Бір ағаш тіріледі мың жүрекпен.

Жұпарын самал маған желпіп есіп,
Көктеммен жүргендеймін еншілесіп.
Түйісіп қарашығы қалған көздер,
Қарайды бір-біріне елжіресіп.

Сағым дала
жалын қаға
құбылады құлпырып,
Қазір ғана
адырға да
қалғандай күн ынтығып.

Сулар жақтан
шулап жатқан
аққулармен, қаздармен,





Сырнайлатқан,
нұрды ойнатқан
қандай ғажап жаз дәурен.

Желің желкен
Желпиді өлкем
Көңілім қайық судағы.
Бауырап алған,
Ауда қалған
Сезім-шортан тулады.

Мауықты айым,
шарықтайын,
жалықпайын самғайын,
Қамықпайын,
жабықпайын,
Жаздай жайнап әрдайым.

Жаз суреті

Үйрек ұшып, қаз қонып көлде думан,
Сағым қырға толқытып перде құрған.
Шоғыр-шоғыр тоғайлар басын қосып,
Жылқышылар секілді серне қылған.

Бұлбұл сайрап, бөдене былпылдықтап,
Суыр інін сағалап, тік тұр құптап.
Күн астында торғайлар күміс қағып,
Шырқап биік кетеді шықшырлықтап.

Гүл жапырақ канатты көбелектер,
Қызыл, жасыл, ақ, сары, не керек мол.





Шыр-шыр, пыз-пыз ызындап шыбын-шіркей,
Жаз буына мас болған ебелектер,
Әрлі-берлі соғылып бере ме өткел.

Боз кілемнің түгіндей боз бетеге,
Боз даланың шегіне көз жете ме.
Боз жорғаның жалында жаз қызығы,
Бозбалалық ғұмырдай лезде өте ме,
Бөз жапқандай бозқырау тездете ме.

Жаңбырдан соң

Қарайып кеткен бұлттар бір ағарды,
Жер тойды.
Көл-көсір сел сыбаға алды.
Терлеп тұр қара тас та сұп-сұрланып,
Құйт саба, құйт сабама... тіл азарды.

Иығынан жүгі түсіп, еркін босап,
Көтерді жерден белін кемпіркосақ.
Қағылып, қаңғып қалған судың бәрі,
Шұңқырға шұбап жатыр көлшік жасап.

Қаңсыған қу ағаш та семірген шақ,
Жұтынар жансыз ол да өмірді аңсап.
Топырағын тілейді түбі қалған,
Жапырағын жоғалтқан жонылған сап.





Қар жаумады

Жеткізді күз қабағы қыс хабарын,
Себелеп әлсін-әлсін ұшпа қарын.
Дамылдап дала жатыр дағдысымен,
Жүзінен шыққан бастай ұстараның.

Салқын күз, сары ала түз қаңбақ ұшқан,
Қарбалас қай-қайда да қамданысқан.
Сарғайып күткен құдан келмей кетпес,
Қызыл от қысылмасын жан бағысқан.

Аралап ала бұлттар барлаудағы,
Аспанды әрлі-берлі шарлауда әлі.
Ертемен тұман түскен топыраққа,
Әйтеуір бүгін шүкір, қар жаумады.

Қозы көш

Сәскеде сарқыт ішіп боз ордадан,
Жалаң бас, жалаң аяқ қозы айдаған.
Балалар қанша ұзап шыққанымен,
Жас төлдің өрісінен оза алмаған.

Күн белге сағым тұтып, сәуле керіп,
Тұрғанда тас төбеде сәл бөгеліп.
Соңында өрген төлдің асыр салып,
Жөнелер балалықтың дәурені еріп.

Қозы көш сол аралық емес қашық,
Ұзамас алыс қиыр белесті асып.





Уақытта үлгеретін барып қайтып,
Пісіп сүт, төгілгенше тегеш тасып.

Абайға Біржанды өнер жолықтырған,
Екеуі тұғырлары берік тұлғам.
Сал Біржан шырқағанда қозы көштен,
Абайдың құлағына ән келіп тұрған.

Жеткенде жайлауына қанат талып,
Көш жолы бірмезгілдік аяқталып.
Шын достар араласа қонады екен,
Қозы көш бір біріне таяп барып.

Сол шама, сол аралық менің еншім,
Қол бұлғап көз алдымнан көрінер шын.
Өленді бөлеу үшін бесігіне,
Тәтті ұйкым әлденеше бөлінерсің.

Балаңмын ізін қуып сөз ілескен,
Балғынмын баудан бойын созып өскен.
Басынды бір көтеріп құлағың сал,
Дауысым естілгенде қозы көштен.

Жүлде үшін жүйріктермен таласа алмай,
Жүр деме қозы көштен әрі аса алмай.
Келемін аттың басын тежеп іркіп,
Оп-оңай ойнақы ақын бола салмай.





Музыка

Музыка, неге ішімді актарасың,
Шығарып сыртқа шашпа ақ-қарасын.
Көтеріп жүрегімді қозғап жатсың,
Байка, байка түбінде қап қаласың.

Бар ма еді бөлінбеген еншің менде,
Көргем жоқ үлестіріп сенсіз жерде.
Бөлескен бесігімді жөргек жайып,
Көңілім сенсіз жерді жерсінген бе.

Бүтіндеп, не болмаса түгендеуге,
Қүдірет маған жұмсап жіберген бе.
Мандайым қара құзға сүйенгенде,
Жалынбан сен тұрғанда біреулерге.

Сен барда толқындарда демалыс жоқ,
Мұхиттан бері асады ең алыс шет.
Менен де сәлем күткен адам тапсаң,
Жанымды қажетсінесең сен алып кет.

Жібіткен тасты, құмды бойымдағы,
Емінді сенің ғана мойындадым.
Ізінен ұлылардың жоқтау айтып,
Жүзінен қара жердің жойылмадың.

Болашақ кол созады сый алашақ,
Толғанам қиялымды қияға сап.
Үзілген бейуақта тамырлардан,
Жатсың ба жүрегімде ұя жасап.





Япырымай мынау нәзік бұлбұл әні,
Қуантып, мұңайта ма сұңғыланы.
Сол сәтте жүрексінген сәби өлең,
Өз-өзін сезінгендей тым кінәлі.

Кернеген кеңістікті әндеріңмен,
Аспанның аясы да тар көрінген.
Піріндей сыбызғының мұнша дауыс,
Құдай-ау шығып жатыр қай жеріңнен.

Секілді ащы даусың ұшқын жебе,
Ақ бұлттың ойнайды екен үстінде де.
Тосылсам мылқауланып қалатындай,
Осынша әуреге түстім неге.

Бұлбұл қыз өзі жерде, үні көкте,
Мың алғыс солай еткен құдіретке.
Бір рет жүзін көрген қандай бақыт,
Мың рет үңілгенше суретке.

Ғашықпын ән көтерген қос қанатқа,
Әкете көрмендерші басқа жаққа.
Бір рет тірі даусын тыңдайыншы,
Мың қайта телміргенше тас табаққа.





Ауылдар-ай

Ауылдар-ай күн кешкен қарбаласып,
Бауырлар-ай, бейнетсіз бар ма кәсіп.
Төбенде жүр қарға да, жапалақ та,
Тары шашсаң таласа саудаласып.

Ауылдар-ай жан баққан термен жуып,
Жанашыр жоқ жаныңа жерден жуық.
Қыртысынның қызылын қырып алып,
Қарталарын жатыр-ау шелдендіріп.

Ауылдар-ай арзанды қымбатқа алған,
Еңбегіңе баға жоқ қырда атқарған.
Қарға айдайды біреулер қабырғалап,
Жарға айдайды біреулер бір қапталдан.

Ауылдар-ай сағатын санамаған,
Қонағынан таң атпай тарамаған.
Сабак жібін саудалап заманың тұр,
Жыртығың көп қайтейін жамамаған.

Сол жыртықтан жел соғып бүрісемін,
Қайтсем тауып берем деп дұрыс емін.
Ауыл деген қазақтың ұясы еді,
Мен не болам құшағы суыса оның.

Ауылдар-ай, ауылдар, ауылдар-ай,
Ауылдардың жағдайы ауыр қалай.
Ауылдарды ағалар, сақтаңдаршы,
Айтқанымды айыптан ауырламай.





Күйікті сиық

Ақан атты ауылдың түлегімін,
Түлегіне құлағын түреді кім.
Түбегіне жүректің қамалып қап,
Түкпірімде тыпырлап жүр еді мұң.
Ақтарылдым аһ ұрып міне бүгін.

Араладым ауылды көше бойлап,
Сағындырып салған жер кешегі ойнақ.
Кіріп шықтым үйлерге шалы қайтқан,
Әжейлермен көрістім, «шешем-айлап»
Күйзелдім де күйіндім неше қайнап.

Бүгін қалпы бытырап бөлек-бөлек,
Бүлік іздеп бұзылған желөкпе көп.
Жұрттар жатыр жұрнақ жоқ баяғыдан,
Ұлдар қайда өсірген бөлеп-бөлеп.
Қуып кеткен сабаздар нені өкшелеп.

Ақсақалдар бар еді бұрын қандай,
Бұрынғының сөздері-ай шырын балдай.
Өсек тасып жүретін екі-үшеу бар.
Етегіне шалынып жығылғандай.
Құрыған ба бәрі де түбір қалмай.

Бұл ауылға соқтыққан сұрапыл қай,
Не жазды екен төбеден ұратындай.
Қаусап қапты қабырғам үңірейіп,
Балапай да, Ғазез де тұра тұрмай.
Тезге салып тентегін бір ақырмай.





Серпіле алмай сенделдім құрсауды ашып,
Даламды да кетіпті жусан басып.
Көк жын толы ішіне көк мойынды,
Бір шал әкеп үйінен, бір шалға ашып,
Отыр ішіп көшеде ыржаңдасып.

Бұдан кейін қашпасын қалай құнын,
Бас жазумен босқа өтсе талай күнің.
Үзеңгіге таласып ауын жыртқан,
Анау ма?
Әлде, мынау ма бар «әйдігің»?
Арттарыңды апырмай, жамайды кім.

Тоғайларым

Тоғайларым, беу, шіркін, тоғайларым,
Толғандырған көркіңе тоқ ойларым.
Тәңір ием табиғат тарту еткен,
Туған жердің сағындым төл айдарын.

Тоғай маған жалғыздық білгізген жоқ,
Өнім тұрмақ, түсіме кіргізген жоқ.
Тал шыбығын тізгіндеп ат қып міндім,
Ондай тұлпар еш жерде мінгізген жоқ.

Тоғай іші тоқшылық, бүлдірген көп,
Бүлдірген жеп, әйтеуір құр жүргем жоқ.
Тоғай іші қуаныш тарқамайтын,
Олай ешкім ойнатып, күлдірген жоқ.





Жапырағын күркешік қып балаға,
Тоғай бізге айналған құтханаға.
Құрық кесіп алушы ем қалыңынан,
Қайың құрық қашаған құтқара ма.

Алтыбакан тоғайда құрылғанда,
Қыздар тоңып, от жағып жылынғанда.
Бірімізге біріміз тығылғанда,
Орын таппай қалушы ем шыбын жанға.

Тоғай мені әлі де аялар мың,
Аңсап жетіп бұтағын саялармын.
Түзеп бойды тіземнен әл кеткенде,
Тоғайымнан таяқ ап таянармын.

Ауылды аңсау

Күз қабағын кейде ашып, кейде түйіп,
Қалды дала сарышағал жейде киіп.
Жөнкіледі бұлттар жел айдаған,
Жырым-жырым етегі жерге тиіп.

Біздің ауыл дәл қазір дамыл көрмей,
Егін орып жатыр-ау тағы үлгермей.
Көлеңкеңнен айналдым көнбістерім,
Жазылмайтын арқасы жауыр кердей.

Жағаласып жаңбырмен қырға ұмтылып,
Тыным алар мұрсат жоқ бір күн тұрып.
Қайысып-ақ көтерген жүк ауырын,
Қайсысы соның киді екен бұлғын тұлып.





Сағындырып туған жер тұлғалары,
Көп болды елес алдан қол бұлғағалы.
Тайып тұрам ауылға тай мінгізген,
Жалықтырып жіберсе бұл қала әлі.

Сүйемін-ау ауылды туған, өскен,
Шығарғам жоқ өткен күн туралы естен.
Ауыл деген аруанам боздағанда,
Бұйда жібін үзетін бура емес пе ем.

Иек асты ауылым мынау тұрған,
Қас-қағымда жетеді тұра ұмтылған.
Құшағында өткізген әр сәтіме,
Бәрін-бәрін садаға қылам құрбан.

Ауылдағы қыс

Түледі бұлт, қондырып қырға ұлпасын,
Сіңірі семіп, жиырды дала құйқасын.
Күлкісі қатқан айдындар сәуле тайдырып,
Бұтағын иіп, саулатты талдар шудасын.

Әйнекке демін үрледі ызғар сығалап,
Суық осы біздің үйге құмар-ақ.
Қыдырма тұмауды қарсы алып босағамыздан,
Мейман етеміз пысылдап жүріп жұмалап.

Сонары-ай қыстың саятка көңіл соқтырған,
Аңсап-ақ едім аса алмай қайттым көп қырдан.
Қарызын сұрап ренжіп кетті ағайын,
Айлықпен қосып, Алматы барып жоқ қылған.





Қиыры көзді әкетер алыс жаққа алып,
Ақ дала жатыр ақ мамықпенен апталып.
Аунасам дейді ақ қарға мына кіршіксіз,
Кеудемде тулап, қолқамды жұлған ақ балық.

Көп іздің шимай-шатпақ шиырында,
Камалды дауылым да, құйыным да.
Тойымсыз тоғышарлау тұрмыс тоқал,
Таянып қос бүйірін бұйыруда.

Өтті ғой талай-талай шақ тамаша,
Аз күндік қардан соққан аққалаша.
Қойнына, қонышына қар толтырып,
Ойынға тойып қайтқан шат балаша.

Өкінбен өнбесті ойлап көксеп бекер,
Кеш емес тағы ұмтылып төксек те тер.
Айналып қызығыңа сол уайым,
Күлдіріп қайта-қайта көкшек те етер.

Ай азып, жыл жұтаған шапты қайда,
Көңілім алабұртпай атты байла.
Бере алмай жүргенінді ел күтеді,
Ала алмай қалғаныңды айт құдайға.





Әкемен сырласу

Долада намыс бермес сан қызулы,
Жалғайтын бір тұяғың қалды ізінді.
Өшіріп ошағымды кеттің деме,
Жазғыра көрмеші, әке, жалғызыңды.

Көзіңнің ағы менен қарасына,
Сөкпессің үлкен айып таға сірә.
Лаулатып тағы бір от жағып алдым,
Тұтатып сол ошақтың шаласына.

Төріңе қойдым іліп ер-тұрманды,
Ол сенің тақымыңды толтырған-ды.
Ат жалын тартып мінер алла жазса,
Немерең елестетіп өр тұлғанды.

Үйімде өзің шапқан астауың да,
Ұмытсам айналмас па ем тасбауырға.
Күні ертең бабамыздың көзі еді деп,
Келінім ас тартады жас қауымға.

Жан әке, алаң болма тәуба қыл да,
Жарады балаң көпті аңғаруға.
Ел қамын ойлайтұғын ерлер бар да,
Әзірге асықпаймын мал бағуға.

Сен мені балағанмен бірегейге,
Мынау ел көзі жетпей сірә елей ме.
Танылмай бұл әлемге мендегі әлем,
Жалғызың жарға басын тіремей ме.





Өзіндей түсіне алған кімдер мені,
Ұлыңның осы болды білген жөні.
Дүние пендешілік деп ұғатын,
Жалғзың жырдан басқа сүйген нені.

Олак боп өстім қара жұмысқа да,
Ал оным ұнамай жүр туысқа да.
Кей кейде кетпен-күрек ұстағанда,
Тұрамын ебін келмей қуыстана.

Сен мені еркелеттің еркімменен,
Барлығын түсіндім ғой бертінде мен.
Сан мәрте суретіне қарап тұрып,
Егіліп екі иінім селкілдеген.

Мен үшін ат ұстадың соғым жемей,
Тұрмысқа сыр бермедің тек үндемей.
Бұйырса жарар еді жаяулатпай,
Шіркін-ай немерене сол бір мерей.

Сапарға аттанбадым аптығыспен,
Бір таңым туады әлі, шаттығы үстем.
Ағайын Рахымбектің ұлы еді деп,
Жолыма шашу шашар ақ күмістен.

Жылдар тұр үмітімді алға бастай,
Жырымды жырлап жүрмін саудаласпай.
Көңілімнің құбыласы ауыл жақта,
Тәу етем, бейітіңе қағба тастай.





Кластастарға

Кластастар,
Құрдастар,
Төлдері едік бір жылдың.
Біздер еккен кіл жас тал
қурап қапты.
Қынжылдым.

Содан бері бармаған
мектеп бағы өкпе етті.
Біздің талдар қалмаған,
Басқа талдар көктепті.

Ішім жылап, күрсіндім,
Өткен уақыт өлгендей.
Баяғыдағы туысымның,
Орнын сыйпай келгендей.

Жып-жылмағай.
Бәрі ұмыт.
Болмағандай демек түк.
Талдар өлген зарығып,
Су құймасақ неге ектік.

Эфирдегі жүздесу

Армысың балғын шағым албыраған,
Бармысың балауса өрім әр гүлі аман.
Басына дән байланған сабағыңмын,
Бұтағын құйын, дауыл сәл бұраған.





Қайтпаған қаршығадай қақпайланып,
Ғұмырың елестеген баққа айналып.
Қуырып жіберердей қу дүниені,
Жанарың тұрғанын-ай нарттай жанып.

Жалындап іштегі отың сыртқа лаулап,
Дем берсе дес берместей тіпті алаулап.
Құрыққа килікпеген асау мінез,
Құндыздай дариядан шыққан аунап.

Жалт етіп, жарқ еткенді қалт жібермей,
Шап беріп, жасынды да салт мінердей.
Албыртсын алабұртқан оң-солыңа,
Танымас тосқауылды қатты желдей.

Кеудеңе орнап үлкен бір патшалық,
Жалтылдап жанарыңда тұрды от жанып.
Жоғалған бүгін сол бір тәтті елестер,
Бұлтқа енген бозторғайдай шырлап барып.

Ініге басытқы

Баюдан үміттенбей бірақ алып,
Жарқыным, ойланшы бір тұра қалып.
Бақырсыз отырса да барлай білген,
Ақылдан кенде емес қой сірә халық.

Пәлсапа айтпағанмен ғұламалық,
Самай шаш жүрген жоқ қой құр ағарып.
Айрылып абыройдан қалғаныңда,
- Күнәһар – демесін жұрт – мына ғаріп.





Қызығып қайдағыға,
Бұл күнінді
Құндамай құнықтырма құлқыныңды.
Қуғаннан кумағандар бақыттырақ,
Баянсыз байлық деген сылқымыңды.

Көрінер оңай жақын, қиын қашық,
Теңгеге ұмтылмандар тиын басып.
Өз колың өз ісіңе қайла шаппай,
Сумандар кісі асына сүйір қасық.

Шағында өрге өрлейтін тасың нағыз,
Тартынба төселсе де асуға мұз.
Тартысып тарамыстай тауға шықсаң,
Танысаң біз де сонда қасындамыз.

Төменде талайы жүр асыққанның,
Ажарын ар тойламақ ашық таңның.
Армандап артық күнін не қыласың,
Арқасын әкесіне қасытқанның.

Уа, менің жарылқаушым, жаратушым,
Сыйынып саған құлың таң атырсын.
Өтейін тек өзіңе мұқтаж болып,
Иманым қияметте ара тұрсын.

Тірімде ақ жолыңнан айнымайын,
Өлгенде жұмақ болсын жайлы жайым.
Кеудеме өлең нұрын ұялаттың,
Артымда иманды сөз қалдырайын.





Ешкімнен несібемді кем демейін,
Есіктен жолымды аштың төрге дейін.
Қазақы қара сөздің қорын жинап,
Алтынды қазып жүрмін белге дейін.

Күтпеген сенен талай сыйымды алдым,
Сыйыңды сұрамай-ақ сыйынғанмын.
Дүние дәметуге ұяламын,
Өзіме азсынғандай бұйырғанын.

Қолым сау, аяғым сау, тілім сауда,
Өзімнен өзім көрем жығылсам да.
Қысылам құтқара көр – деп айтуға,
Біреудің пәлесіне ұрынсам да.

Сақтай гөр сайтан лағнет арбағанда,
Қолдай гөр көпке уағыз арнағанда.
Қорғай гөр көрде тәнім жаурағанда,
Жактай гөр өмірімді жалғағанда.

Асылып өлгенге

Жылап аққан бір жұлдыз,
Жерге сіңіп жай тапты.
Кімді соғыс-сүргінсіз,
Кім ажалға жайпатты.

Қалай қиды ол жанын,
Неден қаны қарайды?
Шарифаты молланың,
Бас шұлғытты талайды.





– Шығармаймыз намазын,
Иманы жоқ кәпірдің.
Оны азғырған ала жын,
Күшін арбап ақылдың.

Аулақ апар зираттан,
Бөлек қаздыр кәбірін.
Күнәсі оның мың батпан,
Тек кешсін де тәңірім.

Зар жылады туысқан,
Солай етті қаралы ел.
Түбі жатар қуыстан,
Орын берді қара жер.

Өлді, өшті, кесілді,
Қазды, көмді, төмпешік.
Арман, киял тосылды,
Үміт өшті жол тосып.

Бала жетім, жар жесір,
Ата-анаға қасірет.
Сабырлығы тәубешіл,
Ұзақ ғұмыр нәсіп ет.

Өлді, қашты, құтылды,
Өмірі өксіп, не шара.
Шаруасын бітірді,
Тұрлауы жоқ бейшара.

Өзіне өзі қол салу,
Опасыздық тегінде.





Өмір - өрге жол салу,
Өршелен де берілме.

Біз мәжбүрміз көнуге,
Мен не дейін, марқұмым.
Сен асықпа өлуге,
Тірі жүрген, жарқыным.

Мүбәрәк-ай

Мүбәрәк-ай, не істедін, Мүбәрәк-ай,
Адам қалай өзін мерт қылады оңай.
Жасамау керек еді бірақ олай,
Мүбәрәк-ай, қайтейін, Мүбәрәк-ай.

Айдарыңнан жел есіп жүрмеп пе еді,
Сендей мына Көкшеде ұл көп пе еді.
Сәнің сенің ешкімнен кем болмаған,
Әнің сенің баршаға құрметті еді.

Бүйіріңнен қысты екен қандай қайғы,
Ағаң естіп, артыңнан салды ойбайды.
Өз қолыңмен шорт кескен ғұмырыңның,
Енді ешқашан үзігі жалғанбайды.

Кімдер мына тірлікте күйінбеген,
Талайда бар тауқымет иіндеген.
Тобылғыдай қайратың бар еді ғой,
Тамырыңмен копарды құйын неден.

Қайғы жамап кеттің-ау Индираға,
Ұмытылар, күн өтер мың бір жаңа.





Дәл екеуің жүргендей көпке дейін,
Күлкісі оның естілмес сынғыр қаға.

Жылай, жылай жарың да уанады,
Жас емес пе, жадырап қуанады.
Екі қызың екі гүл өскенінше,
Оларды кім өзіндей суарады.

Мүбәрәк-ай, не істедің, Мүбәрәк-ай,
Іс жасадың қайтейін бір одағай.
Ағаң отыр сан соғып, лажы құрып,
Төбесіне жай түскен мұнарадай.

Ел қазасы

(Еркін Әуелбековтың қазасына)

Құшағыңа ал туған жер, ерің өтті,
Аз ұлыңның бірі еді ол сенің отты.
Ата-жұрттың оққағар азаматы,
Көкшетаудың шетінеп шебі кетті.

Қалың елдің сүйеген қабырғасын,
Биік еткен тұлғаның тәңір басын.
Аппақ қыста сазарып тұр Көкшетау,
Тауы құлап, тауалы шағылғасын.

Төтен соққы тигендей оған батып,
Жанарына жалғанның сораң қатып.
Булығып тұр дүние буырқанып,
Бұрқап қана босардай борандатып.





Қайратыңды сынға алса қысқан қайғы,
Таксіреттен табиғат тыс қалмайды.
Көз алдында бозарып, сазарған күн,
Тағдырынның тартуын тұспалдайды.

Ажал жетсе акырың аяқ асты,
Қармап қалқан етерсің қай алашты.
Аяулыңды әкелер ажыратып,
Ту сыртынан айналып аямасты.

Берер ме еді ел ерлерін тапса амалын,
Бағбанындай жүдетпес бақшаларын.
Туған ұлы табыссын топырағына,
Ақ көрпедей ашындар ақша қарын.

Ара тұрса, барынды тарт тығынға,
«Туған өлмек» дейтін бұл шартты ұғымға.
Тойламапты-ау жарықтық дәрежесін,
Тойлай алмай жөнелді ол қарттығын да.

Топырағын тазартып кесегінен,
Жайлы орнын сайландар төсегінен.
Еліменен қоштасып бара жатыр,
«Әуелбеков едім» деп кешегі мен.

Ер қазасын, азалап ел қайғысын,
Қайысады қаймана жер байғұсын.
Ерекең де бақиға жүріп кетті,
Ажал қайдан табарын болжаймысын...





Ел қайғысы

Босқан құлан, кезген аң,
Бозаңнан шалған көзге алаң.
Азамды жеткіз алашқа,
Бозала таңнан боздаған.

Бұрқаған боран, ескен жел,
Сөзімді жолдан кеспеңдер.
Естімей қалып жүрмесін,
Ерекем кіндік кескен жер.

Сарқырап ағып қатпайтын,
Ағысы аял таппайтын.
Асау су сен де азала,
Арқадан асып қаптайтын.

Садақтан шымыр серпіні,
Сабақтай сөздің төркіні.
Сарнатып елдің сарайын,
Алаштың өтті Еркіні.

Ағам – деп іні мақтанған,
Інім – деп аға шаттанған.
Қор жиып қайтар жерлерден,
Қоржынмен ғана агтанған.

Қарсыдан шапса ықпаған,
Қасқайып қарап, бұқпаған.
Қара халықтың қамқоры,
Айырылдық алтын тұтқадан.





Жорға да мінбей тайпалар,
Жолға да түспей шайқалар.
Шын батыр өтті өмірден,
Дұшпаны біраз жай табар.

Жетпіске таяп жете алмай,
Морт сынды құрыш металдай.
Игілік берген ұлыңа,
«Иманды болғыр» - де Торғай.

Құрдымда қайнап құнды ойы,
Құлады елімнің күнгейі.
Береке берген ұлыңа,
Бетінді сипа Сыр бойы.

Ордам деп білген әр отау,
Қалпына лайық хан атау.
Абырой берген ұлыңды,
Азала сен де Алатау.

Туғаннан жасық көп сақау,
Тура айтқан тілге боп па ақау.
Көркінді ашқан ұлыңа,
Көзінді бұла Көкшетау.

Иесі ол елдің, бел балаң,
Егіл де бозда кең далам.
Еңіреп жүрген ер өлді,
Жұбатам не деп, кейуанам.

Жыр болып мен де жылайын,
Майысып мен де сынайын.





Тартылған күндей шұрайым,
Таусылған күндей шырайым.

Адамның алған алғысын,
Алланың сүйген арлысын.
Ажал кеп қалай әкетті,
Артына сүйеп шаңғысын.

Алатау ашқан тиегін,
«Шымбұлақ» бар ма еді түнегің.
Соққаннан кетсең жарылып,
Сенейін қайтіп жүрегім.

Ақынның соңғы тілегі

Монолог

Дәрігер, жасырмандар таяса өлім,
Арманы ақындардың тамаша өлім.
Соңғы сөз, соңғы нүктем маған қымбат,
Қапыда қайнамасын қара сорым.

Көз жұмсам – тудым, көрдім заңдылық та,
Әйтпесе менен өзге жан құрып па.
Өкінсем, риза ете алмайды ешкім,
Басыма алтын мазар салдырып та.

Шарлайын сау тұрғанда ой алаңы,
Ой сонда өшпес өңге боялады.
Адамның тірі жүрген жүрегінде,
Мәнгіге өлмес жырлар оянады.





Ақынды соңғы сөзден шектемендер,
Шемен боп шері, дерті текке мендер.
Қаншама ақындардың кеудесінде,
Айтылмай жер астына кетті өлендер.

Жасырма айт, дәрігер, біліп тұрсаң,
Сөйт жаным, мені өмірге қызықтырсаң.
Қамалып дариға-жыр өксімесін,
Басымды қайтпас жолға суыт бұрсам.

Көкеннің домбырасына

Токтады жүрек
Соқпады қайтіп
дем бітті.
Тосылды қиял тосырқап байтақ кендікті.
Қара домбыра қазаққа таныс үнінмен,
Қазасын жоқта, қазынасы едің ең құтты.

Қазасын жоқта қазылған көрге ентелеп,
Күмбірлер екенсің енді кімге еркелеп.
Қиямет күнге иеңнен қалмай кетсейші,
Жетімсің сен де сүйресе әркім желкелеп.

Қолынан түспей шалғайың аз ба шарлаған,
Сен барған жерге Дәріжаны да бармаған.
Төгілттің жырын төрінен талай сахнаның,
Егілттің сырын ешкіммен бөле жармаған.

Қолғанат едің қолынан ешкім жұлмаған,
Бөліндің қалай, осы ма бірге тумаған.
Қаусаған тақтай, қураған шекке кім таңсық,
Тұлпардай күзеп құйрығын, жалын тұлдаған.





Бұл дүние көзі о дүниені анық болжап па,
Жұмак пен тозақ бар дейді екі зор қақпа.
Ахирет күнін алдына тосқан құран да,
Домбыра керек демейді бірақ ол жакка.

Көмсек те бірге білмесің кәміл көр бабын,
Риза ғой көкем тірлігін тынбай толғадың.
Жан кетіп бойдан жарығы сөнген ақынға,
Ақыры сен де жанынан жақын болмадың.

Аза жыры

Көз жұмды көкем халқым деп кірпік ілмеген,
Үздіккен жырдың үзiгiн жалғап күрмеген.
Әруақ санап, аунап қалған айтысты,
Дем салып кеше тұрғызған сүйеп іргеден.

Әбікен, Манап, Қалихан, Көкем, Мұса алған,
Кісінеп өлең кісенін үзді тұсалған.
Жамбылдан қияк, Кененнен тұяқ жалғасып,
Желпінген қайта жетімек-қиял, құса-арман.

Көкеміз өтті он жастан өлең төлдеткен,
(Сонарды жұтып, соқпақты құртқан сол көктем.)
Сорайған бойды сояудай қырыққан сойқан кез,
Тұяқты жалмап, тұлыпқа сиыр мөніреткен.

Көкеміз өтті сұранып барған майданға,
Ағасын жоқтап анасы шашын жайғанда.
Аттанған кекке жетпеген жасын ұлғайтып,
Қаһарлы жылдар, қан жауып тұрған айларда.





Түйрелеп жауын, түйіле түріп кектесіп,
Оралған елге қайратты қолын оқ тесіп.
Жеңістің туын желбіреткен жауынгер,
Жарадар жұрттың жыртығын кетті көктесіп.

Енбекте нардай, өнерде салдай, серідей,
Сегіз қыр, бір сыр жымдасқан ет пен терідей.
Өмірі ән-жыр, көңілі даңғыл жарықтық,
Дүниеден көшті алтыннан құны кемімей.

Көкеміз өтіп «Көкелеп» қалдық біз бүгін,
Егіліп емдік көз жастың кермек тұздығын.
Ғасырдан жаңа бір жұтым ауа бұйырмай,
Аяқтай алмай ғасырдың соңғы жүздігін.

Ұстазым еді батасын алған пір санап,
Бұл қайғы қатты қысып тұр мені құрсап ап.
Таңдайдан дәмі үзіліп жырдың,
Ақ таяк
Маңдайдан ертең кетпесе екен бір сабап.

Кәбір басынан қайтқанда

Қара жер, қараңғы көр ақыр мекен,
Атғанды құшағына ақын Көкен.
Қызулы қызық дәурен сыртта қалып,
Жаурап, жалғызсырап жатыр ма екен.

Сұрланып суық дене жалыны ұшқан,
Ой өлді, сезім сөнді шағылысқан.
Тағы үнсіз тоң бүйірін томпайтса да,
Тойымсыз томсарады кәбірстан.





Қайысқан кабырғамды қарып қайғы,
Қуырып жүрегімді қалыптайды.
Көз бұлау, кірпік қырау, Көкем болып,
Қалқайып қарайғанның бәрі ұқсайды.

Көкем жоқ, енді маған елес сырлас,
Ешкімді ол қайтіп не жау, не дос қылмас.
Өлмес сөз өршіл жастың өндіршегі,
Ескермей Едігесін ел бос тұрмас.

Жай түсіп жарылғандай ұзын қайың,
Жай күнгі пендешілік ізім-ғайым.
Алдымда әулие шал күлімдейді,
Сүйенген асасына қызырдайын.

Қонса кеп шын асыл бақ, гүлі ашылмақ,
Шағым бар шартарапқа құлаш ұрмақ.
Есімді өзі қойған мың қайталап,
Елес тұр еміреніп «Құдашымдап».

Жеткендей құлағыма талып ескі үн,
Күй кешем қыла алмастай мәміле ешкім.
Қозыдай көк шалғында жатып қалған,
Бебеулеп елесіне тағы ілестім.

Құйшы уыңнан маған да, бөлісейін,
Сен ішпеші, одан да мен ішейін.
Сор құдықтың басында сопайғанша,
Көлеңкемді тауып ап көрісейін.





Қарайлама, қам жеме, алғызба арба,
Қара түннен қара дақ қарда із қалма.
Қара кылды қақ жарған қайран досым,
Қара тауға қалқайып жалғыз барма.

Қаптап қайдан қара бұлт келіп еді,
Қазық жұлып қаракөк желігеді.
Қайнап кеткен ашуға у ұрттама,
У ұрттасаң сайтаның семіреді.

Қаракөкті қайтесің босқа тер қып,
Өз парызын мұрсат бер досқа өтерлік.
Қуанышың қашаннан ортақ еді,
Қайғыңда да жоқ маған еш бөтендік.

Нәрестенің жарлығы

Дүние, жарлық етем жаялық жай,
Қашанғы жата берем ауа жұтпай.
Шұғыла шуағына шомылдырып,
Өмір бер өзімдегі тазалықтай.

Күмәнсіз күнәдан пәк періштемін,
Беймәлім не жасарым, нені істерім
Ішінде бір жақсының жаратылып,
Сырттағы мың жаманмен келіспедім.

Дүние, жарлық етем сыйды аяма,
Өңінді мың құбылтып құр бояма.
Анама адам біткен гүл әкелсін,
Өйткені ешкімде жоқ мұндай Ана.





Ешкімнен сұрамаймын сүю жайын,
Сүйгенмін, сүйем әлі, тыйылмайын.
Өмір бар, өлім де хақ, махаббат бар,
Мен қалай үшеуіне бұйырмайын.

Жаныма сезімім жоқ қолайлаған,
Жүрегім қалай сокса – солай жанам.
Аңсаймын, сағынамын, құмарланам,
Ішімді өлең білсін оқ ойнаған.

Тәттінің ашығанын, улағанын,
Ішіне төктім, тындым, қу моланың.
Қор болған әлде кімге өлеңімнің,
Құрғаған ерініне су жағамын.

Арасын ғашықтардың суыстырмай,
Жалғауға жан ұшырам тыныш тұрмай.
Жалынсыз жұтап жүрген жүректерді,
Қалай тез баурайды қуыс қурай.

Әйел
Мен саған қарыздармын
Тірлік бердің
Ұшына өмір жалғап кіндіктердің.
Ұйқымды ұйқыңменен қалыңдатып,
Бөледің аясына кірпіктердің.

Әйел
Мен саған ынтығумен
көз ілмеппін.





Сүюді, құшуды да сен үйреттің.
Лебіңмен жалғыздықтан құтқарып ап,
Деміңмен тынысымды жеңілдеттің.

Әйел

Шоқ тастап жанарыңнан шөкім, мөлтек,
Жаздырдың ән-жыр маған отыңа өртеп.
Ажарын әлемдегі әдемінің
көзіңнен көшіреді оқып еркек.

Әйел

Жаралған жарықтардан, жарқылдардан.
Өзіңсіз дүние бос, әр күн жалған.
Орының үңірейіп, бүтінделмей,
Қабырғам сені іздеймін алтындалған.

Сүйген жүрек

Жан дертіне табылар жардан дәру,
Ардағымсың алашта, алуам зәру.
Дүниенің жүзінен сені көрдім,
Жамалыңа теңдеспей жалғанда ару.

Махаббатың мауықты маусымында,
Сарғалдағым бүр жарған қар суында.
Піскен сайын толықсып келесін-ау,
Жұпарыңның масайдым шарпауында.

Сырғып өтіп барады сырлы ғұмыр,
Періштеміз екеуміз ұрлығы бір.
Үй ішінде үш бірдей, ұйқымыздың,
Ұрлығынан жаралған құлдығы жүр.





Сезім ыстық, сен ыстық, тіл жетпейді,
Тіл ұшынан тамған бал бір кеппейді.
Екі шоқпыз екеуміз жанып жатқан,
Өршіте түс ендеше үрлеп мейлі.

Сезім ыстық, мен суып не көрінсін,
Сен баяғы балауса көп өрімсің.
Шендеп алған шерімді шертіп тастап,
Шепке қайта қоятын шеберімсің.

Жар құшағы жалыннан жаралады,
Жал-жал толқын жанымды қамалады.
Есіл, Ертіс, Жайықты жағаладым,
Ешкім сендей ұғуға жарамады.

Тауды, тасты қиялым аралады.
Тоғайда да толқындар тарамады.
Оймен қырдан оралып, оятып ап,
Отқа түсіп кетейін арадағы.

* * *

Махаббат ғашықтардың сыбағасы,
Қиылып көздеріңмен сұрамашы.
Қашаннан қыз-жігіттің арасында,
Алманың тұрады екен бір ағашы.

Алмасын татамын деп сол ағаштың,
Ене алмай жұмағыма көп адастым.
Жо-жо-жоқ!

Қызықтырма,
қызықтырма,
Өлсем де енді қайта жоламасын.





Қондырып жанарыңа таң арайын,
Жадырап күлсең мен де жаңарайын.
Тигенмен сенің оғың жүрегіме,
Үйренген жұмағымды жағалайын.

Сұлусын, сүйкімдісің лажым бар ма,
Жігітке менен өзге назыңды арна.
Қадалтып кірпігіңді нені іздедің,
Сүзіліп көзімдегі жазуларға.

Жанарлар жан қалауын келеді үндеп,
Қайтесің демес сөзді демедің деп.
Көздерден көңіл сырын ұға алмасаң,
Қиылма онда сенің керегің жоқ.

Махаббат сен осындай ғаламат па ең,
Ләззатың басылады-ау тарап әттең.
Түсінбей жатқан бәлкім түсін бе осы,
Әйтпесе, бұрын мұнша бағалап па ем.

Құдай-ау бұл не деген ғажап бақыт,
Айырып енді қоймашы азаптатып.
Қайырып берші қайта өтінейін,
Содан соң жіберсең де тозаққа атып.

Не тәтті бұл ішкенім бал жұттым ба,
Ауысып әлде есімнен алжыппын ба.
Немесе өліп барып тірілдім бе,
Білмеймін, білдің бе сен, халді ұқтың ба.

Кел жаным, келші тағы гүлге орайын,
Мәңгілік осы сәтке құл болайын.





Қысып ап құшағыма суытпайын,
Бақытты бұдан өзге бұлдамайын.

* * *

Есағаға

Өзіңе қарттық қалай жарасады,
Адамның дана шаға, дара шағы.
Салқын күз тіршіліктің сәруарында,
Дамылдап дарабоздар таң асады .

Сал күміс сақалды жас салмақты ма,
Ойлантып қояды ма ар жақты да.
Мығымсың, кемпіріңнің арқасы ғой,
Отырған шағып беріп жаңғақты да.

Сапырған сайран өмір саябырлап,
Сарқынын беріп жатыр саяда ұрлап.
Мың бояу араласқан замананы,
Қалдың ба қара жонда қарауылдап.

Өзіңе өзің кітап, ой парақтап,
Ежіктеп өткенінді қайталаптақ.
Желісі жел айырған дүниенің,
Келеді артқы өркеші шайқалақтап.

Кешегі қара баркыт шаш ағарған,
Бұрымды бұғып тапқан тасалардан.
Қиял да қасыңа кеп қалғып жатыр
Жыландай денесі қап, басы оралған.





Қарттығың ажарлы, аға, келісімді,
Керіп тұр кемпіркосақ кең ішінді.
Сыя алсақ жарар едік сендей болып,
Кие алсақ жарар еді кебісінді.

Сыңар байпақ

Еске түссе мұң басып ойды кілен,
Бездіреді көңілді той күйінен.
Маған арнап басталып, бітпей қалған,
Сыңар байпақ тоқылған қой жүнінен.

Анаң марқұм маған деп бастап еді,
Сол байпақтың мен үшін басқа жөні.
Жарықтықпен жарқырап тұратұғын,
Ондағы үйің шап-шағын баспана еді.

Бітпеген соң сол байпақ киілмеді,
Анаң қайтіп ұршығын иірмеді.
Толғандыра береді еске түсіп,
Қуантуға жазбаған сыйым мені.

Сені туып, тек сені емізгенмен,
Мені теліп, өзіңмен егіз көрген.
Сыңар байпақ қалдырған анаң бізге,
Достық дейтін бір сөзге негізделген.

Дүкендерден жүргем жоқ шұлық таппай,
Айтар болсам турасын іліп шатпай.
Ішім толып жүр бүгін, шаштараздай*,
Айқайлайтын шыңырау құдық таппай.

**Ескендірдің мүйізін көрген шаштараз*





Қара алтыным

Қоңыр үй сырты әктеп сыланбаған,
Қоңыр күй, қоңыр пеште от лаулаған.
Үнілген терезеден екі бала,
Әйнекке дем үрлейтін қыраулаған.

Көл барда үй артында, ол қататын,
Қысқы кеш. Күн қызарып толғататын.
Сол жақтан шаналы атқа қамшы үйіріп,
Асығып әкем баздан келе жататын.

Сол жылы мен бестемін, сен үштесің,
Бәрін де білесің ғой, бөліскесің.
Таудай боп әкем төрде жататұғын,
Аймалап екі алаңсыз періштесін.

Күлдік пе, жыладық па, ұмыт көп күн,
Мен бірақ сол өмірден үрікпеппін.
Сол үйім қайда барсам ағартқаным,
Сол үйді қайда жүрсем биіктеттім.

Деуші еді әкем сені «қара алтыным»,
Дәл сондай еркелете алар кімің,
Достар да, туыстар да аз емес-ау,
Өзіңсіз жапандағы жалаңқымын.

Жоқтықты сездірмеген, естіртпеген,
Жүдетіп, тоздырмаған, ескіртпеген.
Әкені жездедей-ақ деген жанның,
Ауызын жабар ма еді бес кілтпенен.





Тағдырдың маған берген бес күнінде,
Сырынды салғырт қана естідім бе.
Неліктен мұң көремін, «қара алтыным»,
Әкемнің айнымаған кескінінде.

Ақтаулық дос

Манғыстау – әулиелер түбегінен,
Дос келді сыр төгіліп жүрегінен.
Көкшенің қарағайын шайқап көрді ол,
Адайдың атан жыққан білегімен.

Сүйсінді Окжетпеске, Жұмбақтасқа,
Ақындар айтпапты – деп – жырлап босқа.
Пах-пах-пах! Жер жетпейді Бурабайға,
Еркің жоқ тебіреніп тіл қатпасқа.

Ақ балтыр ақ қайыңдар қас асылдай,
Бекеттің елестей ме асасындай.
Найза боп көріне ме қарағайлар,
Тарихтың қылаң еткен тасасындай.

Құшты ол жартастарды, теректерді,
Сұрады үзік-үзік деректерді.
Сүгірмен сыбырласып кеткендей-ақ,
Ыңылдап ауық-ауық бөлектенді.

Жата сап аунады-ай кеп көк көдеге,
Көк көде жанға рахат көп бере ме.
Жапсырып арқасына әкетердей,
Қайтеді-ей, мынау Адай бөктере ме!





Не дейін мауқын басып түрегелмей,
Иығына шапан жауып жіберем ғой.
Шынында Бурабайға жер жете ме,
Бәріміз кастерлесек Тілегендей.

Құда келді

Құда келді, құт келді құдай айдап,
Сүйіншілеп тұр түгел қырағы аймақ.
Қос обадан қос ғашық аман өтіп,
Босағадан еніп тұр құралай бақ.

Шампан қайда, шырағым, атпайсың ба,
Сыбағасын арнаған шақтайсың ба.
Шашу қайда, жеңеше, шашпайсың ба,
Жанды жерін құданың таппайсың ба.

Бөгемендер сәлемге қартым кірсін,
Қанша жүрер жарықтық, жарқын жүрсін.
Бұла күшпен қоштасқан палуандар,
Қуанышпен кеудесін алқындырсын.

Домбыраны қане әкел, бір тасайын,
Кезегімді қашанғы құр тосайын.
Айта бермес әр жерде өлеңім бар,
Құлай бермес құлагер қылта сайын.

Жақыннан ба құдалар, шалғайдан ба,
Тең қосылар теңіне әр қайдан да.
Бакыт деген адамға осы шығар,
Айналып кеп қонатын маңдайларға.





Тойдан аяп барымды сараңданбан,
Қарабайдың малы да қараң қалған.
Той дегенім адамның салауаты,
Жаны, дені құралған амандардан.

Бабалардың үйлену жоралғысы,
Адам-ата, Хауа-ана ең арғысы.
Тіршіліктің үйлену бар болуы,
Қай адамның келеді жоғалғысы.

Құда келді жадырап, жайраң қағып,
Кеткенінше күтейік, жайланбалық.
Құдасының көңілін таба алмайды,
Қасиеті басынан тайған халық.

Құда келді - құдағи, құдаша бар,
Көзін енді қосағым жұма салар.
Құдашасыз құдалық құрып кетсін,
Болса болды әйтеуір жуас олар.

Телқоңыр

Ән салсаң Қайраттай сал қоңырлатып,
Толқытқан бір буынды он ырғалтып.
Шарықтап түнгі аспанға шыққан даусы,
Тартатын жұлдыздарды шоғырлантып.

Мамырлап заңғар аспан, маңғаз дала,
Сап тынған самалалы сарбаз қала.
Ән ғана кеңістікте, Қайрат қана,
Тылсымды табындырған шахбаз ғана.





Аққулар, коңыр қаздар, пырақтар да,
Әуелеп кеткен түгел, шыдап қалма.
Бағынған Қайрат деген құдіретке,
Жаңылып ағысынан бұлақтар да.

Ән-сыйқыр мың сан дерттің дәрігері,
Көз жетпес, сөз жетпестен әріледі.
Кешегі қатар самғап, дабыл қаққан,
«Телқоңыр» елестейді Жәнібегі.

Тыныссыз ырғағына ырғақ қосқан,
Көгінен оралмастай түн қатпастан.
Жанарқа, Сарыарқаны көтеріп ап,
Қанатын бара жатыр бір қақпастан.

Ярапия жеңгеме

(Әзіл өлең)

Жеңеше, кешіре сал қайыныңды,
Сен де осы жимаушы ең ғой айылыңды.
Босаған шишаларды тізіп тастап,
Отырмын жуып-шайып айыбымды.

Ақынға ашқан қай бір заман құшақ,
Қол кесед – дегенде бар – жаман пышақ.
Дәл сендей абзал әйел ешкімде жоқ,
Сонда да жүрсек дейміз ағам құсап.

Сен қойған «қара бала» лақтап атым,
Шалқып тұр шаң жұқпайтын шапағатың.
Сен ғана шал қызғанған жалғыз әйел,
Мақшарға апаратын махаббатың.





Ақынға жар болған соң күнінде есен,
Рахатпен қоштаса бер тірінде сен.
Құмайдай қашса да ағам құтқармассың,
Құдайдың құрығына ілінбесең.

Таба алмай іздегенін шолып көптен,
Тамсанып талай акын өліп кеткен.
Қазақтың Төлегендей Оқжетпесін,
Сен бейне күміс көлсің көрікті еткен.

Татикоға

Женеше-ау, абайладым жаңа қарап,
Кеткен бе шаштарыңды ақ аралап.
Жиілеп соғып кеткен бозқыраудан,
Сақтапсың жылауынды маған орап.

Жаркылдап құрақ ұшқан, жаңылмайтын,
Жайлауым тарылмайтын, дамылдайтын.
Мен саған тек қуаныш сыйлайыншы,
Уақыттың ауқымына бағынбайтын.

Мақтанып маған сонша... Кереметтей,
(Басқаны мүлдем тастар керек етпей)
Құлағың хабар тисе елен қағып,
Ұшасың «сүйіншілеп» көбелектей.

Көңілің ағыл-тегіл сарқырама,
Сен барда мол ырысым сарқыла ма.
Тойы мен томалағы әулетімнің,
Өзіңсіз бүтін емес, жарты ғана.





Бауырсақ бар ма деймін, қарным аш па?!
Бұйырған жеп жүрмін ғой нанды басқа.
Жайлы орын жалған да жоқ тек осы үйде,
Тауып ап ұя сапты, қарлығаш та.

Женеше, бүркемеші шаштың ағын,
Шаш түгіл бозартады тасты да күн.
Қолыма қандай асыл түссе дағы,
Шашыңды сенің әкеп бастырамын.

Алтыншашқа

Алтыншаш, сабырлысың жайдарысың,
Демейсің қайдан келдің?
Қайда жүрсің?
Шығарып саласын-ау бір сыр бермей,
Ішіңнен деп тұрсаң да «жәйрағырсың!».

Гүлдейсің тұрған әлі қауыз жармай,
Қиналам әйел деуге ауыз бармай.
Ақтайтын пейнеліңді бір сөз тапнай,
Күй кешкем қабағыңа қарыз жандай.

Жанарың жазғы күнің шуағындай,
Шуаққа жылан да іннен шығады ыңғай.
Сөз мыңға құбылса да еш өкпең жоқ,
Болдың ба жүре мұндай, туа мұндай.

Үнсіз-ақ үлгі жайған дәріскердей,
Билейсің пейіліңмен дауыс бермей.
Шай емес шайқап шырын құйғандай-ақ,
Бертемін ыдысыңнан бал ішкендей.





Қазақтың тентек өскен мендейлерін,
Өзіндей жөндейді екен женгейлерім.
Дәм беріп, қолын жайған бар қазақтың,
Бәріне тілер едім сендей келін.

Сәкен серіге

(60 жылдық тойына арнау)

Асылсын,
Асыл жалғыз кеніште ме,
Құнын бар асуда да, еңісте де.
Тіріге түзу баға кимайтындар,
Ұқсатар өлсең ғана періштеге.

Мақтаудан кенде емессің қайда дағы,
Қазақтың сендей думан қай қонағы.
Тәңірдің таланыңда қонған бағы,
Тағдырдың табаныңда тайғанағы.

Тайпалған тау аркалап желмаясың,
Қаламмен ой қайырып, сөз жаясың.
Адамның жүрегіне жол тартқанда,
Ғаламның төрт тарабын тең қоясың.

Соққандай солқылдатып сөз борасын,
Алпыста ат оздырған «бозбаласың».
Астындай қара жердің қайғын жұмбақ,
Қасқырдай жалап жазған өз жарасын.

Белсенбей біріне де даурықпаның,
Бос шауып шаршамадың, шалдықпадың.





Артында ай, алдында күн, көлеңке жоқ,
Ақ шалып самайыңды тауға ұқсадың.

Ат мініп алтын жалды, ай тағалы,
Келесің алшандатып шайқап әлі.
Қоскөлге бұрылсаң да пері қызы,
Серіге берешегін қайтарады.

Қайратқа

Сен, Қайрат, Бегеннен ең Семейдегі,
Анаң қандай бақытты мерейлі еді.
Қуаныш қой ақ жүрек аналарға,
Баласының достары көбейгені.

Жоралғылы досымсың ту ұстайтын,
Ту ұстауға таласып, тырыспайтын.
Бар екен деп ешқашан кеуде ұрмайтын,
Жоқ кезінде қабағы қырыспайтын.

Ұрпағысың Уайханның ірі кесек,
Сені ұсақ дегеннің тіліне шок.
Алыс-алыс жақтарға сапар шегіп,
Жасамапсың әлі бір күніңе есеп.

Жастық барша адамның асыл шағы,
Асылыңды кәдеге асыртады.
Алдында тұр қол бұлғап асу тағы,
Аузың нені тұшынып, ашырқады.

Көрешегің күтеді келешектен,
Сенен де өзге мықтылар егесе өткен.





Ұшырасып жатасың келесі отпен,
Қашан күдер үзгенше көрешектен.

Көңілің кеткен бір жола жүйрікке ауып,
Саған ұнар жүйрікті жүрдік тауып.
Қара терге түсесің қосқан атың,
Қарақшыдан өткенше құйғып-шауып.

Бір орнынан сан аттап, қайта басып,
Омырауыңды тастайсың айқара ашып.
Шапқан аттың жалында шыбын жаның,
Келе жатқан секілді тайталасып.

Сенің бәйгең олжамыз баршамыздың,
Атың озса көзімнен тамшы ағыздың.
Талғат інің екеуің елестеттің,
Аққошқар-Сайдалысын орта жүздің.

Тағдырынан таяк жеп, табаланған,
Жан емессің қос қолын сабаланған.
Өзінді де қарсы алу маған арман,
Өмірдегі ең ұлы аламаннан.





Ақан серіге тағзым

*Бір барғанда бейітінің күмбезіне бал арасы
ұя салған екен. Дәл төбеден бал тамып,
кәбірінің үстіне жайылып жатты.*

Тұғырда қыран түлетіп,
Торыны талға түнетіп.
Сұлуды баурап сүзілттің,
Сезімнен ләззат тілетіп.
Шырпыдай жанып шыбын жан,
Саған да қонған шыр етіп.
Сенен де ұшқан пыр етіп.

Топ жарып, тұлпар оздырдың,
Делебе дуда қоздырдың
Ақ боз үйде ән салсаң,
Аққудың мойнын создырдың.
Жаныңды сен де жаралап,
Жүйкенді сен де тоздырдың.

Қылмаған ынтық кімді еншің,
Салтанатыңмен жүргенсің,
Қарыстай тұтам тірліктің,
Қайырылмасын білгенсің.
Әдірем қалар дүниеде,
Әдемі өмір сүгенсің.

Бөктеріп көкжал бөріні,
Құс салған Ақан серіні,
Көрмеді деуге бола ма,
Қоскөлде жүзген періні.
Қай қыздың бағы жанбаған
Серінің тисе еріні.





Періге сырттан сан таңып,
Айтқандар айтқан дәл танып,
Өлімге қимас өз жұртың,
Өсегін қоймас қаңтарып,
Ал, мынау ше , сен жатқан.
Бейітке тұр бал тамып.

Тоғайдың татып жемісін,
Шырынын жинап сен үшін ,
Бал төгіп жүрген аралар,
Таңдантар елдің тегісін.
Таңданбай қалдым мен бірақ,
Өйткені Ақан серісің.

* * *

Жалғыздық.
Дос -жар бәрі алыс
Жас жетті, бойдан ада күш.
Ажарлы жүзден әр тайған,
Саусақта әл жоқ тарамыс.
Тамсанған көздер кешегі
Мүсіркеп бәрі қарағыш
Шарасын көздің жас жуып
Шарасыз жүрек, жарлы іш.

Жалғыздық.
Қыран, тұлпар жоқ,
Жиып ең бәрін іңкәр боп.
Дүниенің байтақ өрісі
Бой жазар сәтте тұр тар боп.
Есілдің бойы ну орман





Қармандың, леккен бір тал жок.
Қатты еді неткен құс төсек,
Қаусаған сүйек сырқар кеп.

Құдыққа құлан құлады,
Құлады көңіл пырағы.
Жан шықты деген осы ма?
Ауыртып қалай жұлады.
Әнімді айтшы ашылсын,
Ажалдың керең құлағы.
Ә, моллеке сен бе ең отырған
Сөнгенше шыдап шыра-ғ-ы-м...

Ақын махабаты

*«Айналайын халқымнан»
Үкілі Ыбрай*

«Айналайын халқымнан» деген жүрек,
Сүю үшін жаралған тек елжіреп.
Аясында әлемді аймалаған,
Айналайын аспаннан көлемдірек.

Жаңа өмірге халықты жамыратқан,
«Күн көсемнің» нұры деп таңын атқан.
Алтын заман туды деп әнге қосып,
Әуенімен қазақты бауыратқан.

Атығай, қарауыл мен керей, уақ,
Ыбырайдың сөзіне сенері хақ.
Жаңа заман жаршысы түскен ауыл,
Жатушы еді шаттыққа кенеліп-ақ.





– Қалт айтпайды Ыбыкен дұрыс бәрі,
Кедей-кепшек колына ту ұстады.
Кенес деген үкімет қамқоршы екен,
Жұмак дәурен орнайды шығысқа әлі.

Сол Ыбырай, айдалаған сол Ыбырай,
Кімнің енді қалады көңлі жай.
Төрт момынның топ жарған жүйрігі еді,
Тағдыр неге корлады оны бұлай?...

Адамнан ба бұйрығы, алладан ба,
Өзі алданып, өзгені алдаған ба.
Сексен жаста сүйегін саудыратып,
Құдайым-ай, басқа азап қалмаған ба.

– Арыма дақ салғанша мұнша әйгілеп,
Өлтіре сал одан да жұмсай бір ок.
Ал өйтпесең түкірдім ГПУ-іңе,
Айда, айда, айда бер, кисайды...деп.

Кете берген артына қарай-қарай,
Солдат нұқып желкеден «давай, давай».
Асықтырып жөнелді алға салып,
Қашқақтады ағайын маңайламай.

Уақыт өзі өткенді тексереді,
Әділет бар. Ақ өлім екшеледі.
Сонда, сонда аштықтан қырылғанша,
Шәйіт боп арашада кетсең еді.

Дауаламай қалды екен не беттері,
Осындайда қайда елдің көмектері.





Бүлк етуге мұршаңның болмағаны-ай,
Бірің көмей, бірің тіл демеп пе еді.

Халқым, бүгін көмейің бүлкілдеді,
Халқым, сонда тіліңді күрмеді.
Халқын сүйген жандарды құртып алмай,
Халқым, сен шеңгелдеу мүмкін бе еді.

Ақсақалың айыпқа таңылғанда,
Амал іздеп азамат аңырғанда.
Қыраның көп болғанмен қияда ұшқан,
Құзғындар да араңнан табылған ба.

Таң сәріден радио қабылдағыш,
Өткен күннен алсын деп жаның дәріс.
Алматыдан «Гэккуді» құбылтатын,
Арқадағы осынау ауылға алыс.

Айттың деме дәл бүгін оны несін,
Өзіңе сын, әрине, өзіме сын.
«Гэкку» сыры енді-енді сезім шерттіп,
Жаңа оянып жатқандай көрінесің.

Жеткен жері Арал ма, итжеккен бе,
Ұқсамайды ажал-оқ мүлт кеткенге.
Жалғыз таудың бауырында салтанат бар,
Салтанатқа жан-жақтан жұрт беттеуде.

Дана сөзін аузымнан жоқ тастағым,
Дауылдатып шалқысын топта аскак үн.
Той бастарын бабамның мен де ендеше,
Айналайын халқымнан! - деп бастадым.





Желтоқсан

Жел тұрса желтоқсанда қар аралас,
Ықтайды жасырынып жағаға бас.
Үйдегі мықты түгіл, үйшіктегі,
Құйрығын ит те қысар, абаламас.

Барымды кейде шашып, кейде жиып,
Жүргенде жылуы жоқ жейде киіп.
Алматы алаңынан құйын өтіп,
Алатау тұр көз жасын еңіреп иіп.

Бұжырдың буындырып тал құрығы,
Жас кетті аяқталмай жар қылығы,
Шайқалтып тау басынан тас құлатты,
Қазақтың ащы шыққан жаңғырығы.

Бұлдырап көз алдымда қас-қағым жер,
Айналды тас дәуірге жас кәбірлер.
Құдайдан басқа жаққа жол жабылып,
Жасырып жан айқайын жасқануда ел.

Кең далам, астанаңнан күт ақпарды,
Көк орман неге мұнша жұтап қалды?!
Қоқысқа итеруге тырыспандар,
Оқыста омырылған бұтақтарды.

Қыз қайда мұзда тұтам шашы қалған?
Ұл қайда сорғалаған басынан қан?
Тигенде сырттан қасқыр, қорандағы,
Төбетің бірге шапты-ау асыраған.





Желтоқсан сырқыратты сал-сүйекті
Жаншылып жатқандарды шаншып өтті.
Жасыған жігерлерді ширақтырып,
Шеңгелін самұрықтың әлсіретті.

Фариза – жыр кешіне

Тұңғыықтан ой толғасам
Тере алам ба маржанды,
Білем, білем көзге ілмессің арзанды.
Ер мінезді ерке қызсың жау жанды,
Еркектің де тақымынан тартып мінер тарланды.

Бағындырған биігің мен
Қиырынды қайырған,
Шөл қандырған бұлағымдай тайымнан,
Бар қазақтың баласындай оқығам, кезімнен сөз айырған.
Жараса ма өзің жазған жырларға менің қосқан қайырмам.

Мұқағали жырға қосқан,
энге айналған өнеген,
Бар қазақтың жігітіне өсиет қой сол өлең,
Томиристың елесіндей бізге жеткен көнеден,
Қыз Жібектің елесіндей ғашық болған Төлеген,
Халқымыздың мақтанысың махаббатқа бөлеген.

Депутаттық мандатыңды
Артық санап бағаннан,
Дәріптесем құным аспас наданнан.
Қыз-жігіттің апасысың ақын болып жаралған,
Аппақ шашың басыңдағы таудан гөрі қар алған,
Аққу құстан айнымайды иығыңда таранған.





Қаләкәйт болып шықты-ау нығыз кісім,
Үрлетіп қоймақшы екен сыбызғысын.
Тотитқан кебісіне қаншаларды,
Қокитқан құндыз қалпак мүйізді сұм.

Қайда жоқ қарабайыр кара мәстек,
Басқаға бок сүйреуден жарамас тек.
Бар білген мәртебесі кара басы,
Мәңгірген мансабына шаламас боп.

Жабысып қара такқа отыр кетпей,
Қоғамға пайда болған соқыршектей.
Шұкынып қос танауын шалқаяды,
Ықылық жұтқынынан кекірсе өтпей.

Роботтай қозғалуы қиынырақ,
Дөкейі отырмаса жиі бұрап.
Екі адам шығатындай қаққа жарса,
Тауыққа жетпейтіндей миы бірақ.

Бауырлар, кешір мені, кешір мені,
Перінің кетті ұшырып кесір желі.
Жіберді пері қызы мені қайтсін,
Ал, маған ұнаған жоқ жесірлері.

Басымнан жүрмін ғажап күй кешіріп,
Сондықтан сыя алмадым үйге есіріп.
Аралап бес құрлықты оралсам да,
Осындай ордам бар ма іргесі нық.





Құшағын ашты алдымнан барша қауым,
Кезуден керек екен шаршамауым.
Соншама жазғырардай не кінәм бар,
Болса да көтерейін қанша дауың.

Баурап аясына аңсар кеңдік,
Толтырды көңілімді кәусәр көл қып.
Кезінде бұл бақытты түсінбеген,
Біржанды таңып тынған аусар қорлық.

Бауырлар, ғафулық ет, таразыла,
Мен барып шұқшияйын қағазыма.
Қона алмай жер бетіне жүргенімде,
Басталып қалыпты ғой жаңа жұма.

Жанымды ұғатұғын жан қайда бар,
Қадамын адамым сол танбай бағар.
Бар болса жатыр неге салмай хабар,
Жүрсе де қай шалғайда талмай барар.

Шок үкі таққан қыз ба шекесіне,
Қарайлап шыға алмаған көкесіне.
Ол әлде жігіт пе екен көлігі жоқ,
Барамын Магадан ба, Меккесі ме.

Жоқ әлде қария ма аппак құдай,
Құдайым жолыққанша сақтап тұрғай.
Ағынан жарылайын, арылайын,
Желбіреп желкілдейін асқақ тудай.





Өтем бе бар мен жоғын біле алмаумен,
Өзімді өмір бойы құр алдаумен.
Қонатын өлең мүмкін жалғыздық па,
Ақынды адамзаттан сыңарлаумен.

Ұлым мен қызым шүкірім,
Шамшырақтарым мандайда.
Сендерсің менің тұқымым,
Сендерден жақын бар қайда.

Әрқайсың менің гүлімсің,
Өзектен жарып бүрленген.
Омыртқамдағы жұлынсың,
Қыйналсаң бірін сыр берген.

Азаннан бастар амалым,
Құтпанда оқыр дұғам да.
Сендердің келер заманың,
Көмілмесе екен тұманға.

Бір ағайға

Қу жақ кімде жоқ дейсің тындашы, аға,
Сөз сүйектен өтпей ме, ұрмаса да.
Осы арақтан ерінің бір кеппепті,
Сарыөзектің саласы құрғаса да.

Кеше марқұм-әкеме еркеледін,
Алда ағам бар, әзірге ерте дедің.
Тек-текті енді ініңнен естіп жүрсің,
Епсекті есі кірген еркек едің.





Құрдасың-шал бұл күнде, құрбың-кемпір,
Бітпейтұғын бұл неткен ырбың, кеңкіл.
Қыдыр қонған атаның ұрпағы едің,
Кімге тұлға болмақсың қылжыңмен құр.

Қазы сорған ұрпақсың уатқанда,
Ауыздандың арақпен жын атқанда.
Шала айтылған кәлімәң құтқара ма,
Шалып жығып шалқаңнан құлатқанда.

Әке тауым, іні өріс, аға белім,
Ауылдағы қалқайған қарам едің.
Жігер тілеп жеткенде мас шал тұрса,
Сыры сынып қайтады бар әдемім.

Ауылдас досқа

Бірге өстік бір ауылда сенімен мен,
Бұласың жігіттіктің желіне ерген.
Елжіреп бұлт астынан шыққан күндей,
Шағың көп сұлулыққа еміренген.

Есімін иелендің ұлы ақынның,
Алайда жері бөлек суатыңның.
Көзіңе хордың қызын елестетіп,
Иектеп сезім пері буатын мың.

Кеудеңде қанатты сөз ұя басқан,
Көңілің кең ат жоғалып, түйе адасқан.
Мұқалмас шонжар – қанжар мінезіңе,
Төзе алмай төнген пәле тұра қашқан .

Тағдырдан саған тиген таяқ аз ба,
Сен енді жалыныңды жая мазда.





Нарымсың назымды артсам қисаймайтын,
Талымсың қыста пана, сая жазда.

Сен деген хикаясың мың қатпарлы,
Жасырған жай оғындай жұмбақтарды.
Шешенсің кісі құлпын кілтсіз ашқан,
Жұтқызған иесіне құндап балды.

Сарғайып бара жатып жасылданған,
Нәр алған нәсілің бар асыл қаннан.
Ауылдас деп айтқанда аузым толып,
Бауырлас деп айтамын тасынғаннан.

Айтыс

Аяулы өнерім бабадан қалған,
Сан өнер сенің садағаң болған.
Аламан шапқан ас пенен тойда,
Тек қазақ қана томағанды алған.

Мөлдірсің көздің тамшы жасындай,
Алғырсын түздің қаршығасындай.
Ақиқат сөздің алдаспанысың,
Жағымпаздықтың кантрасындай.

Алқалы дуда арқа қысатын,
Өлең мен өлең арпалысатын.
Тасқыны жырдың ақтарылғанда,
Тапырақ сөздің қалпағы ұшатын.

Ат, шапан сыйлау алқынбағанға,
Жоралғы болған жарқын заманда.
Бір сөзін екі сатпайтын ақын,
Өткірдің жүзі жарқылдағанда.





Тұлпарлар тері сорғыған қырда,
Көктеген гүлді орнынан жұлма.
Айтыста қазақ айтарын айтқан,
Айтары бар ғой соңғылардың да.

Қазақта барсың, қазақта қалсын,
Қазақтар беріп, қазақтар алсын.
Өзінің сөзін өзіне айтсаң,
Мәз болған жұртым ләззатқа қансын.

Асыл өнерім тозбайтын өңі,
Серті де оның көзге айту еді.
Екі ақын бұрын қосылып алып,
Бір үйде айтыс жазбайтын еді.

Көк нөсер сел боп құйылып толғаса,
Жырламайды ақын жүйрік болмаса.
Айтысты айтыс демейді қазақ,
Бір іліп қалмаса, суырып салмаса.

Асылым ана тілім мәртебелі,
Ол барда жас сүйкімді, қарт әдемі.
Дат десе хан тыйылып құлақ түрген,
Ұлтымның мың жасаған ардагері.

Өз тілін сүймегеннің діні кәпір,
Әркімнің өз тілінде құны жатыр.
Кесіліп баспен кетсе бақыл болған,
Қазақтай халық бар ма тілі батыр.

Сыйлаған сыбағама сері күнді,
Дей алам одан өзге нені бұлды.





Жан ұшпай жүрегімнен ажырамас,
Жырлайын қияметтік серігімді.

Бабалардан қалған тіл,
Бесігіме салған тіл,
Жауатын күндей күркіреп,
Батыр боп жауға барған тіл.
Ұрандап қолды жарған тіл.
Би аузында бүлкілдеп,
Ұлысты баурап алған тіл,
Хан аузында қылпылдап,
Қаһары қиыр шалған тіл,
Сөйлесем жыр боп жанған тіл,
Тындасам құмар қанған тіл.

Қағанға халқы сенген тіл,
Қағанаттан келген тіл,
Шежіремді терген тіл,
Керегемді керген тіл,
Түндігімді түрген тіл,
Табиғатыма енген тіл,
Топырағыма сіңген тіл,
Елім-айлап босқан тіл,
Игигайға қосқан тіл,
Шырағымды жаққан тіл,
Шуағымды шашқан тіл.

Түбірін қусаң тереңде,
Тұғырын айтсаң белеңде,
Өмірі өршіл өренде,
Өзегі нұрлы өлеңде,
Сене алмаймын сенбеймін,
Тіл құриды дегенге.





Боз айғыр

Масайрап мауты киген мамыр айы,
Кез еді бүршік түйген, тамыр жайып.
Басталған көлде құстар жәрмеңкесі,
Табиғат жатыр көзге барын жайып.

Көк сағым көркін ашты белендердің,
Беу, Көкше, қыз сипатын сенен көрдім.
Дегендей күн жанары еміренді,
Аясынан ұлы аспан кемеңгердің.

Үкідей әдейі таққан биіктерге,
Үлпілдеп қалтырауық шіліктер де.
Сезімін самал шерткен жігіттерге,
Ұқсайды өңкей ару – үміткерге.

Сылдырап мөлдір бұлақ ылдилаған,
Салады қыз күлкісін гүл жинаған.
Аспаннан айдың түскен шолпысындай,
Сұлу күн нұрын шашып сырғиды оған.

Шак еді дәл осындай бейіш дидар,
Ойнаған жер бетінде мол ұшқындар.
Май шыққан мәйегінен бал татыған,
Құйқасы құндызданған өрістің бар.

Шешіліп әлдекашан қасқыр ішік,
Жатқанда жұмақ әлем шат күлісіп.
Қабағы келіспеген көршілердей,
Қыс пен жаз қалған еді қақтығысып.





Не болды екеуіне қатты ұрысып,
Қос мезгіл майдандасты аптығысып.
Ақ бұлттан ақ мамық қар актарылып,
Көктемнің көк майсасын жатты құшып.

Кенеттен жел тұрды да кердеңдеген,
Қонақтай рұқсатсыз төрге өрлеген.
Қашырды берекесін тыныштықтың,
Алысты толқын тулап көлдерменен.

Ұласып жел боранға ұйытқыды,
Сумандап сай-салаға суық тілі.
Ышқынып үрлегенде лебінен,
Түседі көтеріліп құрық түбі.

Жау шауып салғандай бір іріткіні,
Жөнелді іліп бірі, жұлып бірі.
Мамырдың мамырайқан күндерінде,
Ешбір жан болжамаған біліп мұны.

Өр боран өршеленді өші бардай,
Долданды жазбен жаны қосыла алмай.
Есесін қыста кеткен енді даулап,
Есірді есі қалмай шошығандай.

Дағдарды мал да, адам да қапылыста,
Алапат дауа таппай нақұрысқа.
Ашушаң соңғы кезде табиғат та,
Тағдыры түскендей-ақ жат уысқа.

Жаралы жолбарыстай мына ғасыр,
Қанталап қарашығы тым қарасұр.





Беймезет найзағайын жарқылдатып,
Тойды да ойрандайды ұлан асыр.

Табиғат бүгін қатты ызбарланды,
Ызасы ықтырғандай бұл жалғанды.
Бүлігін бұл боранның көргісі жоқ,
Бүркеніп қара бұлтты күн зарланды..

Табиғат ойда жоқта мазаланды,
Даланың оған дейін ажары әлгі.
Бір тентек бөркін жұлып сері белдің,
Тарқалып жүре берді базар алды.

Бір сұмдық болар деп ем бәсе кешке,
Бұл сұмдық сол сұмдықтың басы емес пе.
Сау қалсам өлексеге бір тоярмын,
Атамның қанды-қасап асы емес пе.

Домалап құзғын кетті соны айтқандай,
Қарқылы бойға үрей молайтқандай.
Құзғынға таба болма ал, тіршілік,
Қасқайып қайрат жина қарап қалмай.

Тілсіздің адам таппас ымырасын,
Бурадай көктемдегі жыны басым.
Күн көзін қымтап алды қараңғылық,
Түнертіп даланың төрт құбыласын.

Оралған қосқа барып асын ішіп,
Жылқышы ой ойлайды басы түсіп.
Жеңсізге қабатталған шекпені бар,
Әттеген үйде қалған қасқыр ішік.





Басында кигіз қалпақ, тымақ та үйде,
Жапанда хабар салар сұрап кімге.
Асырды бұлын бүгін саптама етік,
Дүние шыр айналды бір-ақ күнде.

Қоржын жоқ қанжығыға теңдеп алған,
Қара қос сонау алыс жерде қалған.
Қайрылып ат шабарға жағдай мынау,
Бұл кезде долы боран дендеп алған.

Мінген жоқ ауыстырып басқа атты да,
Боранға күн жылыда бас қатты ма.
Тепендеп тор бестіні желіп кетті,
Бөгеуді малдың алдын мақсат қыла.

Тынар ма бір қос малды қырып түбі,
Барады шектен шығып бүліктігі.
Қаймыққан қаһарынан қайран жылқы,
Жосиды жонын тосып, сынып түгі.

Кетер ме тулақ болып тай мен құлын,
Қашырды мына мылқау жан дегбірін.
Жиылды бөрі құлақ, қамыс құлақ,
Жайылып бейбіт жатқан сәлден бұрын.

Боз айғыр олай шапты, бұлай шапты,
Ол қайтып бөгей алсын жын ойнақты.
Жапан түз жалаң жатқан жазық дала,
Армансыз жел жайлаған бұл аймақты.

Боз айғыр кісінеді жігерленіп,
Үйірі көз алдында түгенделіп.





Секілді серт байласқан тіршілікпен,
Тағдырын ыққан малдың иемденіп.

Бозайғыр ақ қырауға малыныпты,
Киесі иесінің жайын ұқты.
Хал сұрап кететіндей Баяшқа кеп,
Боларын сезетіндей жауы мықты.

Қылаңдап қараңғыда қарасыны,
Бөгейді ыққан малды аласұрып.
Жануар жиі-жиі жанасады,
Тым жұмбақ оған бүгін дала сыры.

Қайран жылқы ығады бір уыс боп,
Айдап тартты алапат ірі күш кеп.
Ши бөрідей ұлып ап тісін қайрап,
Қайта-қайта үдейді жынын үстеп.

Қараңғылық қаптады қоюланып,
Көкіректе үрейлі өмір-жарық.
Айнала басылмайтын бір ысқырық,
Торыған қарақшыдай бой ұрланып.

Ортаға ап ордалы жын қамалады,
Ығыстырып қуалап барады әлі.
Қарсы қарап қасқайған көк биені,
Маңдайынан бұршақтап сабалады.

Бұл даланың ұстады безгелдегі,
Ең болмаса шок шілік кез келмеді.
Тәулік ауып барады, таң да ағарды,
Өзгермеді ештеңе, өзгермеді.





Басқа салған құдайдың бұл не азары,
Алдан күтіп шынымен тұр ма ажалы.
Бәлкім сордың тап болар арынына,
Қияметтің қылғыр ма қима жары.

Таянғандай аранға құлауға анық,
Қара қас, калың кірпік қырауланып.
Баяш жүр жылқыменен арпалысып,
Тай, құлын кетпесін деп шығандалып.

Ашумен пәлекетке қамшы үйіріп,
Мал үшін шүберекке жан түйіліп.
Қайратыма қайрат қос деп тілейді,
Жылқышы-ата піріне сан сыйынып.

Жылқышы-ата қолдасын осындайда,
Азамат ұшырады тосын жайға.
Қалжыраған қабакқа ұйқы дұшпан,
Тіл күрмелсе тіршілік тосылмай ма.

Жылқының жиі шығып алды-артына,
Кептелді көмейіне жан да алқына.
Сұрапылға сәт туып саябырсыр,
Мына күн қашан түсер қаз-қалпына.

Бүрсеңдеп ыққан жылқы жосылады,
Жылқышы лажы құрып, қоса ығады.
Белгісіз шығысқа ма, батысқа ма,
Келеді пана таппай босып әлі.

Бораннан аямас ең асса айлаңды,
Болдырып мінген аты баспай қалды.





Кешкені кешегіден түкке тұрмай,
Құтылмас ауыр азап басқа айналды.

Жай емес жеңіл ойлап, жорта қарар,
Жаяулап қалай жүрсе жөн таба алар.
Жарлығы жаратқанның жеткендей-ақ,
Жапанда жалғыз шыбық жоқ паналар.

Түспесе Алла ғана арашаға,
Тілсіз жау тірі жанмен санаса ма.
Шамасы бітіп әбден шаршаған ат,
Жүрмейді қанша ұрып, сабаса да.

Бір мініп, бір жетелеп, халін көріп,
Күйзелді жапан түзде зарын төгіп.
Өкпесін, өкінішін атқа айтады,
Өзегі өртенген соң жалын болып.

Қайран да қайран, қайран-ай,
Жабыға міндім қайдан-ай.
Болжауы жоқ боранда,
Көңілімді еттің ойран-ай.

Қайран да қайран, қайран-ай,
Құрыды амал, айлам-ай.
Он салғанда бір баспай,
Қасарысқан хайуан-ай.

Қайран да қайран, қайран-ай,
Жал-жаяңды шайнамай.
Ат болып қайдан жүргенсің,
Қазанда басың қайнамай.





Аяғын санап басты торы мәстек,
Далада қал дегендей бөріге ас боп.
Ызадан булығады Баяш күйіп,
Қамығып мал қамына көзі жас боп.

Боранда жылқы кетті көзден таса,
Жүрегі жылқышының жоса-жоса.
Меніреу дала жатыр тұрлау бермей,
Тап келген тағдырына қособаша.

Сол кезде сақтаушыдай дуалы ерді,
Бір кара ақ түтектесп шыға келді.
Торыған қасқыр ма деп алғашында,
Жылқышы көңіліне күмән енді.

Келеді тура беттеп жылқы жақтан,
Ақ түтек жанарыңды бұлдыратқан.
Ғажапқа қаперде жоқ кім сенеді,
Боранға боран қосып бұрқыратқан.

Дәл мұндай сәт оралар қай адамға,
Көзінен жас парлады қарағанда.
Таныды Баяш анық боз айғырды,
Жанасып дәл қасына таяғанда.

Боз айғыр оқыранды, кісінеді,
Ол шіркін көз тоймайтын мүсін еді.
Басыңа ала құйын күн туғанда,
Жақын дос қана жанды түсінеді.

Көкірек қайталанбас күйге тұнып,
Торыдан түсті Баяш сүйретіліп.





Ұмтылды боз айғырға жасы парлап,
Күртікке бірде құлап, бірде тұрып.

Баяштың пана тауып құрығынан,
Бозайғыр жетім өскен құлынынан.
Жүретін еркесіндей үйіндегі,
Иіскеп кенже қыздың бұрымынан.

Боз айғыр үйір болған үйде тұрып,
Жылқыда құр жүретін үйретіліп.
Жол тауып оралыпты иесіне,
Қиыспас бауырындай бірге туып.

Тұсында өмір-өлім өткелінің,
Ғайыптан ғажайып боп жеткен ұрын.
Жақындап Баяш барды боз айғырға,
Желпілдеп жалбағайы шекпенінің.

Бозайғыр басын салды иығына,
Жануар жүз ақсарбас ырымыңа.
Саумалын сары биенің сауып беріп,
Өтермін тәжім етіп сиығыңа.

Лездетіп ер-тұрманды ауыстырды,
Жебеді жылқышы-ата намысты ұлды.
Қайырымсыз қатал жаумен айқасқанда,
Тағдыры нағыз досқа қауыштырды.

Кез кылса сәйгүліктің қайраттысын,
Еселер ер-жігіттің айбат күшін.
Танытар тектілігін тақымында,
Түскенде бастарына салмақты сын.





Қазақтың бір киесі жылқы малы,
Келеміз сүйсінумен тұрқына әлі.
Белімде болат тұяқ құлын туса,
Елімде берен киер ұл туады.

Болмай ма мың айналса мұндай аттан,
Ерлігін азаматтың қырда оятқан.
Бағармын кекіліңе тұмар тағып,
Құтқарса бұл пәледен бір жаратқан.

Деп – Баяш омыраудан сыйпалайды,
Орайын маңдайдағы ұйпалайды.
Тағдыры тәубесіне түсірмесе,
Жылқының қасиетін кім санайды.

Құт болса қайың құрық қарындағы,
Жеңеді қиындықтың бәрін дағы.
Жейдешен туған ұлдың бірі еді деп,
Сенеді үлкен-кіші ауылдағы.

Боз айғыр мінгенен соң кідірмеді,
Тұяғы тиген жері дүбірледі.
Саңлақтың саяғы боп қылаңдаған,
Жануар жылқы ма, әлде қыдыр ма еді.

Дүбірі бар қайғысын көкке ұшырып,
Бойға жігер, көңілге шоқ түсіріп.
Соңынан жылқысының түскен Баяш,
Біртіндеп ақ түтекке кетті сіңіп.

1987 жыл





Боран

Қарашада кенеттен күн сынып тұр,
Қарлы боран ұйытқиды құлшынып бір.
Боран кіріп кеткендей кеудеме де,
Байыз табар жайым жоқ іркіліп бір.

Бұлқынып тұр жүрегім, жұлқынып тұр,
Жыл да бітер бойыма бір қылық бұл.
Бір кірпігім ошақтың шоғын көсеп,
Бір кірпігім аспаннан бұлт іліп тұр.

Үрле боран, ышқынсаң ышқына бер,
Сен күшінді сақтарсың үш күн эзер.
Ашуыңды адамға айқайлатпай,
Бір кезекті біздердей мықтыға бер.

Есігінен шыға алмас бір кіретін,
Қылығың ғой бұрынғы біз білетін.
Менің дағы кеудемде бораным бар,
Қарып алса жандырып күйдіретін.

1985 жыл

Әкені аңсау

Үміттің жалғыз түйіні ем,
Артыңда қалған тарқалмай.
Жүректің соңғы дірілі ем,
Ішінде кеткен айта алмай.

Маңдайым тасқа соғылып,
Кеткенде еңсем құлдырап.
Жасына көздің шомылып,
Елесің келер бұлдырап.





Басымнан сипап бірақта,
Елесің беттен сүймейді.
Барар ем іздеп жұмаққа,
Тірілер онда кірмейді.

Теңізден қалған тамшыдай,
Арнамды тауып құя алмай.
Өзімді өзім қамшылай,
Төбеге жүрмін шыға алмай.

Басыма қонар бақты ойлап,
Жақсыға қостым жолымды.
Дархандар небір ат байлап,
Кетіп жүр жайлап төрінді.

Өнерді ардақ тұтқандар,
Алдымда талай бас тартты.
Өлеңнің нарқын ұққандар,
Жиынын маған басқартты.

Жақындық барын қаншалық,
Бәлісер сәтте мерейді.
Жиырма атадан жөн салып,
Жұрағаттарым да көбейді.

Бас игенім кісілік,
Имене аяқ аттадым.
Кебінді тегіс сыпырып,
Кебенек бойға шақтадым.

1987 жыл





Қараша

Қараша келді қар шалып басын,
Қалтырауықтың аңсары ықтасын.
Қатыңқы қабақта аспанның көзі,
Қалжырап бәлкім қалса ұйықтасын.

Аялап аяз, әлдилеп боран,
Бұйығып мен де қалғуға оқталам.
Бейуақта біреу терезе қағып,
Жүргендей сыртта қалжындап маған.

Аунатып мені қалың ақ қарға,
Жай табар ма екен жауратқанда.
Зерігіп жүрген сайтандар ма екен,
Сейілге шыққан әруақтар ма.

Дуылдап басым, тұсы маңдайдың,
Түйіндеп ойды пісіре алмаймын.
Не дейді боран кернейін күйлеп,
Неліктен тілін түсіне алмаймын.

1987 жыл

Ауылдасқа

Ақылың бар ма қосатын,
Пұлға да сатсаң бақылмын.
Ғажайыптарды ашатын,
Ғаламға бара жатырмын.

Сыныңнан қандай қашпайын,
Сыбырлай көрме сыртымнан.





Кесемін десең бас дайын,
Кекете көрме мұртыңнан.

Тентегің едім ол рас,
Тел емген марка құлындай.
Желісін үзсе төлі жас,
Ел едің қарар ырымдай.

Сыландап өстім, сүйінсең,
Сендердің шығар мерейін.
Жазғырма аздап сүрінсем,
Көнейін, бәрін көрейін.

Салмапты ешкім сара жол,
Салмаса мейлі салмасын.
Көзіңнің қырын сала көр,
Иттерің қауып алмасын.

Таппай жүр сылтау шаларға,
Сыртымнан үрген кандендер.
Қайтеді дейсін, калар да,
Шығарып салып әудем жер.

Олармен менің ісім не,
Басармын кімнің түленін.
Кіреуке киіп түсімде,
Жолбарыс қуып жүремін.

1987 жыл





Күз

Аспанда құстар легі шимай-шимай,
Жайлаудан қайтқан елдей улай-шулай.
Бабалар дәуренінің бір елесі,
Барады қанаттарын бұлғай- бұлғай.

Той тойлап тарқағандай ду-ду жиын,
Бастады камыс қоға сынсу күйін.
Ұзады толтырып ап қайтқан құстар,
Ауырлап көтере алмай күздің сыйын.

Ата қаз озып ұшқан оқтай алға,
Қонуға бұйрық етер жоқ таяуда.
Садақтың жүзік ілген жебесіндей,
Біртіндеп сіңе берді көк бояуға.

1987 жыл

Үңгірлер

Бейхабар жел мен жауын-шашындардан,
Үңгірлер күңгірлейді ғасырлардан.
Бұл жерде талай сыр бар қаша ұрланған,
Әусесі өздерінен басымдардан.

Дегеннің бәрі осында бүтін қалам,
Қарақшы, ғарып-кәсір, сытылған аң.
Жай тапқан жер үстінен із жасырып,
Алайда тәңірінен құтылмаған.

Ел сүйген, ел сүймеген бәрі мұнда,
Тас үңгір тарынбаған анығында.
Жасырған талап алған, қалап алған,
Мал-мүлік, алтынын да, қаруын да.





Бұл жерде өткен күннен ерлік із көп,
Бұл жерде нұрлы көктем, желді күз жоқ.
Кең дүние, ай-әлемге сыймағандар,
Жететін тар үңгірге кендік іздеп.

Сыр қайда тас кереңнен шашылады,
Бәрін ол ішке жұтып жасырады.
Жалғаннан жәбірленген сәттерімде,
Көңілім тас үңгірге асығады.

1988 жыл

Күн туатын жақ

Жазмыштан озмыштың жоқтығын,
Дәлелдейтін тұжырымдар қортты ұғым.
Жаратылыс заңдарына қайшылық,
Дүниенің дамуына карсылық.

Тіршілікті ұстап тұрған ғаламда,
Табиғаттың бағынбауы адамға.
Сана қанша биіктесін бұл күнде,
Күн мен түнді алмастыру мүмкін бе.

Қозғалыстар заңы өзгеріп оқыстан,,
Күн туса егер шығыс емес батыстан.
Ол дегенің аузым бармас зор қайғы,
Онда сөз жоқ ақырзаман орнайды.

Бұлбұл сайрап, арайлап таң атқанда,
Шығыс тегіс атқа қонып жатқанда.
Қоразы да оянбайды батыстың,
Көрпесі де қозғалмайды АҚШ-тың.





Шығыс жактан басталады көктем де,
Шөптер, гүлдер бүршік жарып бөктерде.
Бір уақытта туса сәби, бұл тойды
Екі жақта екі күнге тіркейді.

Ұлыс артық емес шығар ұлыстан,
Жылдың басы басталады шығыстан.
Сана ояна бастаған ғой ертеден,
Күн шығыстан, күн оянған өлкеден.

1988жыл.

Алатау

Шындары Алатаудың биік-биік,
Шешпейді сенгір жаға тұлып киіп.
Басынан төмен саулар алып мұздар,
Жөтелсе күрк-күрк суық тиіп.

Сондықтан көп тілейді ел денсаулығын,
Қорқамын паналардай болсам да ығын.
Тойдырып көңілімді аттанамын,
Толып кеп, бос қайтса да қол сандығым.

Бауырын сызып шыңға бұлт өтеді,
Найзағай жыртығынан жылт етеді.
Апырмай Алатауым аман ба деп,
Жүрегім жер сілкінсе қылп етеді.

1988 жыл.





Өзімнама

Толғау

Керуенге керуен кеулеттім,
Кәтептеп нарын бұйдалап.
Тоң жібітіп тоғыттым,
Тұтқырлап толқын бұйралап.
Меккесін ойдың мегзедім,
Мұзартты шыңға туралап.

Арнаммен ағыс андатсам,
Алқаға арзыр аумағым.
Тамырлап бойға таралар,
Тарамдап тартқан тармағым.
Келелі кеңес бастайын,
Көңілімді келсе шарлағың.

Әкеден ұлмын туған так,
Зарыққан жанның Зарлығы.
Затыма зауқын аударған,
Зәузатты жұрттың барлығы.
Санаңа салсаң екшелер,
Нарқымның кімге парлығы.

Күлтегін ұрлап ұйқымды,
Күлкімді Иса үркітті.
Талабын Абай ұқтырып,
Таразы басар жыр күтті.
Мағжанның рухы жаңғырып,
Талғамға тура тіл бітті.

Тарланға тоқым шақтадым,
Танына таңба түспеген.





Танымы терең талайлар,
Тарпаңға теліп түстеген.
Тұма бұлақ болмаса,
Тұмсығын малып ішпеген.

Сар далада сар желген,
Сарайдан запыс жануар.
Жер жаратын тұяғы,
Жел тараған жалы бар.
Туа біткен бойында,
Тағының таза қаны бар.

Дүбірге қостым делбелеп,
Сыймады бауыры шеңберге.
Жүлдесі жатты бұйырып,
Сынық сүйем кемдерге.
Жел жаққа қонған ауылымның,
Шеңбері тарын ен жерде.

Қаяусыз көңілім халқыма,
Жарама таңар құрымын.
Тұралай шөксем панайым,
Тұсыма шаншар уығын.
Керегесін қаусатып,
Сындырма, тәңірім, уығын.

Құшақта жайнар гүлімін,
Ошақта жәйрар күлімін.
Жауына жұмсар қаруы,
Дауына жұмсар тілімін.
Келісін түйер ұлымын,
Кебісін шешер құлымын.





Ағайын көп қой менде де,
Қазақпыз қарға тамырлы.
Ел ішінде еленбес,
Халық ішінде қадірлі.
Сойылдаса солқ етпес,
Сабырым менің сауырлы.

Қорамнан дүбір шықпайды ,
Қалтамның түбі тесілген.
Кебжемнің іші тазарып,
Қабымның аузы шешілген.
Анау-мынау досыммен,
Ат-құйрығы кесілген.

Тірлігімде ешкімге,
Қиянат қылман қылаудай.
Төбемнен қаздар қанқылдап,
Тырналар ұшса тыраулай.
Күмбезім бойлап аспанға,
Айшығым тұрсын ұялмай.

1987ж

Жақсы аға

Жазғыра көрме, жақсы аға,
Өзгедей емен тіптен мен.
Тас жауып көктен жатса да,
Құбылып қырық бүктелмен.

Жазғыра көрме, жақсы аға,
Інің де ізет талғайды.
Өгізге керек сап-соба,
Тұлпарға қамшы салмайды.





Кімсің деп өзін соншама,
Түсінбей қалма тек әлі.
Лауазым емес оншама,
Ақынмын мен де не бары.

Ұқсатпа жалтақ, бөспеге,
Қаймығар деме бізді үркіп.
Ештеңе емес, ештеңе,
Бір ақынға жүз мылтық,

Жазғыра көрме, жақсы аға,
Жасырам деме жабыққа.
Қонсам да сіздің бақшаңа,
Жырлауым керек халыққа.

1989 жыл.

Арман

Алаш алаш болғанда ынтымақпен,
Көп дұшпанын үркітіп бір тымақпен.
Бір жеңісін белгілеп бір төбемен,
Бір тарихын сөйлеткен бір суатпен.

Жауға бермей Сыр суын, Арқа шатын,
Садаға деп ардан жан шайқасатын.
Ұлытаудан ұғысып аттанысып,
Телі көлден табысып, тарқасатын.

Алаш алаш болғанда, Алаша хан,
Қағанатым шөл басқан кара сабам.
Піспек жонып жатырмын жаңа саған,
Қолым босап алдамшы тамашадан.





Күлбадан ат тарпып тұр кермесінде,
Суыған-ау, - суарып, жемдесін бе.
Күл төбенің басында күнде жиын,
Ығайлар мен сығайлар кездесуде

Төбе бидің тартымды сөз бастасы,
Төменгі елдің түйінді сөз костасы.
Алка талдың ығына ошақ қазып,
Алты атамның аталды боз қасқасы.

Пәтуәлі түйін бар таза мұнда,
Келіскендей ажарым, базарым да.
Түркістаннан таралып ыстық буы,
Пісіп жатыр алты бас қазанымда.

Тартыс біткен, талас жоқ, танымас хал,
Ынтымақты тәңірдің өзі қоштар.
Сыйыспайтын жай күнде шүйделері,
Алты бастың қазанда бәрі қошқар.

1989 жыл

Түс

Арма балам, мен атаң – Абылаймын,
Шағар ма еңдер тірілсем жамырай мұң.
Тірі тышқан мықты өлі арыстаннан,
Әркімде де бар шығар тарыдай мін.

Түркістанда жазылып хақтан көрім,
Сүйреп кеткен шылбырын ақтангерім.
Самарқанның көк тасын дөңбекшітіп,
Өзірет сұлтан құшағы жатқан жерім.





Қырық кісілік ақыл бар ханда балам,
Ақымақты халық та таңдамаған.
Буырқанған ағын су жонын төсеп,
Тағзым етіп тұратын тау да маған.

Шұбартауда шұбырып шаңы қалған,
Қаратауда қарындас зары қалған.
Алмас қылыш бөлініп балдағынан,
Көк сүңгінің басы жоқ,сабы қалған.

Адырнадан ысқырып ұшқан жебе,
Кеңістікте қаңғырып түсті әуреге.
Дулығалы басынан бөлек қалған,
Шығыршықты ақ сауыт қысқан дене.

Қайыр кетіп ханнан да, ордадан да,
Елім-айлап қазағым сорлағанда.
Бұл күйіне зар болып қалар ма еді,
Мына Абылай өз басын қорғағанда.

Тауда бағып тұлпарын, түзде оттатқан,
Сонда бақыт мені де іздеп тапқан.
Ғайып ерен қырық шілтен қысылғанда,
Мың рет қолдап, ажалдан жүз рет қаққан.

Жауға шапқан Сабалақ «Абылайлап»,
Жолы болған сол жолы тәңір айлап.
Атығай мен карауыл хан көтерді,
Талпынғанды қалған ба танымай бақ.

Ақ туыма жиналған бар ұлысым,
Бірлігімен толтырды хан уысын.
Таққа бола кезім жоқ қалтыраған,
Аянбадым ақ жолда арым үшін.





Төле, Қазбек, Әйтеке билерменен,
Батырларым көп еді киген берен.
Ақ жүректі алланың еркелері,
Ақындар да алдымда именбеген.

Халқын сүйген ажалдан тайынсын ба,
Болатұғын әр қазақ дайын сынға.
Оққа ұшатын ерлерім жағаласып,
Аштан өліп көрмеген қайыршым да.

Обалым жоқ ұрпаққа мен істеген,
Әбілқайыр ханмен де келіспегем.
Ол жайды да тергеген әңкір-мүңкір,
Есеп алып қос бірдей періштеден.

Төре тегін тоздырған так таласы,
Ағайынның бітіспей жатты арасы.
Қоңтайшының қыздарын олжалаған,
Тәуелді боп кеткені-ай жатқа басы.

Ақ туымнан шүршіт те тоқыраған,
Енді кімнің жүреді соты маған.
Тарих қылып қалдырған істерімді,
Ғұламасы қазақтың оқымаған.

Қастерлеген бұл қазақ қай тұлғасын,
Тізіп берген қолынан сан қимасын.
Мас оязға тарту қып тепкілеткен,
Махамбет пен Кененің алтын басын.

Тарихына тас жүрек елжірердей,
Тау жаңғырып, мұз жібіп сең жүрердей.
Жаутандаған жанары жетімегім,
Ағылшынға құл болған зәңгілердей.





Құйрық пенен қазының сорған майын,
Құрдай жортып жөнелген қорбаңбайың.
Қонысынан қуылып, қарғыс атып,
Құдығына зар болған сор маңдайым.

Кең күнінде қырқысқан жері жетпей,
Тарылғанда қайтеді кері кетпей.
Алты әйелден өсірген алпыс бала,
Өз аузына енді жүр қолы жетпей.

Бастан бағы жеткізбей зымыраған,
Күйе түткен киіздей ыдыраған.
Он Абылай қайырып қоса алар ма,
Бір Абылай тірілмек түгіл оған.

Тек әйтеуір сақтасын түңілгеннен,
Аман болсын жас талдар түрбірге өнген.
Нәпақасын терсін деп жұмыр жерден,
Сендерге де жаратқан ғұмыр берген.

Халық ісінде шыға көр алға балам,
Аян берер жанды да тандап алам.
Бір заманда қондырған ақ ордасын,
Атажұртқа бабаңның әруағы алаң.

Құрметтеген тектінің тегін әркім,
Жетті білем қазаққа соны ұғар күн.
Бас бармағын шығарып қос саусақтан,
Күлмес үшін басқалар қағып артын.

Мал мен басы мыңғырап өскен бабаң,
Маң далада мамырлап көшкен бабаң.
Бас кеспегі болса да, тіл кеспек жоқ,
Өнер алды қызыл тіл дескен бабаң.





Хош бол енді, сәлем де тірілерге,
Енбейтұғын жоқ сірә бірі жерге.
Әр бұтаның түбінде адаспасын,
Ынтымаққа ұмтылсын, бірігерге.

Арыстанның жығылған жалы қай күн,
Ер жігітке халық күш, халық айбын.
Ине ұшында айналған креслолар,
Тұғырынан биік пе Абылайдын.

1990 жыл

Махамбет бейітіндегі ой

Көкжал деп білем қазақтың батыр ұлын мен,
Алысып жүріп артқы аяғынан сүрінген.
Мүгедек, мешел, бөлтіріктерін санаймын,
Тірсегі солып, тілерсектері тілінген.

Қырандар қанша қияда ұшқан ұлтымнан,
Балапандарының канат, құйрығы қыркылған.
Басымды неге көтертпей қойды сұм жалған,
Қалқайса бойым қарауылға іліп сыртымнан.

Қан жұтқан далам,
шаң жұтқан заман күркілдеп,
Жаныма батты-ау жарасы меңдеп біртіндеп.
Қайтейін сені көгермей қойған ку дүние,
Аспаның айғыз, жаңбырың аздау,
шырқың жоқ.

1990 жыл





Егіз көзім еміренген елесім,
Мен жүгірсем сен де бірге желесің.
Әлі күнге қатарласып келесің,
Отқа түссем бірге қалмай енесің.

Болсам деген, толсам деген қимылым,
Тек өзімнің қанағатым, пиғылым.
Бәрі сенің бойыңда ғой тұйғыным,
Саған ғана сіңіп жатыр күйлі үнім.

Саған ғана жиып жүрмін тұтасым,
Сен бойыңа иісімді жұтасың.
Мен озғанда сен де бәрін ұтасың,
Мәңгі өмірім, мәнді өмірім, ұйқасым.

Құрымаймын, құрымайсың қисыным,
Сағынышым, қуат күшім, сый, сыным.
Қанбас ұйқым, зар, мұң, налам, сусыным,
Сезім, күлкім, теңсіз мүлкім, түйсігім.

Көркейесің, марқаясың, көлдейсің,
Мен өзіңе, сен де өзіме шөлдейсің.
Мен өлемін, ал сен бірақ өлмейсің,
Көмгеніне ешкімнің де көнбейсің.

1990 жыл

«Көкшетау» газетіне

Көкшенің сен бір шешені,
Ұйытқан сөзің нешені.
Бақытын бәлкім бармақтай,
Дегенмен сорың бес елі.





Біреулер үшін айлықсың,
Біреулер үшін шайлықсың.
Біреулер үшін майлықсың,
Біреулер үшін байлықсың.

Сталинді тәңір деп,
Голошекинді тамыр деп.
Хрущевті қадірлеп,
Брежневпен дәуірлеп.

Еспелерге де дем бердің,
Бөспелерге де жел бердің.
Кезбелерге де төр бердің,
Езбелерге де қор болдың.

Жабылдың, қайта ашылдың,
Сұрқылтайысың ғасырдың.
Көкшетауды қомсынып,
Правда қосып басылдың.

Айбынды еді дауысың «аттанда»,
Еліме тізе батқанда.
Тізбелеп бәрін қайтейін,
Қағазың жетпей жатқанда.

Қазақ кедей кім кедей,
Сенің де күнің бірге ғой.
Қағазын ғана қымбаттап,
Арзандап сөзің жүрмегей.

Шағылсын әрпің лағылдай,
Шарласын үнің дауылдай.
Жабыла көрме, көзі ағып,
Қазақтың аузы жабылмай.

1990 жыл





Арманды тойға ақ тілек

Толғау

Үміті жанып, арманы орындалғандар,
Қосылып басы бір туға шоғырланғандар.
Ақсарбас шалып, ақ боз үй тігіп той қылған,
Салтымды сұлу көрсеткен сол бір маржандар.

Бар жоғын шашып, өтеуін құдай оңдар деп,
Атымтай-жомарт атамнан қалған жол бар деп.
Балуанын салып, жүйрігін қосып жүлде атар,
Мынауым шапан, мынауым мінер жорғаң деп.

Көсемнің ойы, шешеннің тілі шешіліп,
Ақынға ақын, әншіге әнші қосылып.
Тұтқынға түскен қандасқан жауын босатып,
Қатарға алған айыбын тегіс кешіріп.

Серкесін сайлап, көкпаршы жігіт қайда деп,
Батыр еді бабаң, жолыңнан сен де тайма деп.
Аксақал тұрар немересіне сәт тілеп,
Бәсіре атын көлденең тартып «айда» деп.

Женгелер жүрер қайындарынан сауға алып,
Аналар жүрер ұл туғандарына тәубә ғып.
Арулар жүрер былқылдай басып буынын,
Бағы озғандарға ұрлана назар аударып.

Далам-ау сенің осы емес пе еді тәрбиен,
Жоғынды жоқтар, күнінді күйттер бар да иен.
Тойымыз тойға ұлассын деп бет сипап,
Соңынан бата қайырмаушы ма еді әулиен.





Найзаңды кейде көтерсең, сесің ол жауға,
Ниетің шығар қызығыңды ғана қорғауға.
Беу, менің ата-бабаларымның Рабысы,
Қолдай көр бізді, тойларда ғана толғауға.

Бас кеспек бар да, тіл кеспек жоғын пайымдар,
Айтарын айтып өткен ғой сан-сан шайырлар.
Тыңдаушым болса таразы басын тең басар,
Басымды тігіп бәйгеге түсер жайым бар.

Кендікке қарап шексіздік өлшемдерімен,
Шаңырағын құрса бойлата көк шеңберімен.
Еркіндік көксеп ен даланың төрінен,
Көшпенді дәстүр халқымның күнге беттеулерінен.

Шапағат себер аспанда сонау күн жалғыз,
Бар дедік тағы бізге де ие бір жалғыз.
Бұлтка еніп кейде жоқ болып, қайта жарқ еткен,
Аңсарлы арман бір күнге қарап туғанбыз.

Бабалар жолы арайлы күнге беттеген,
Сапарды осы ұрпақтарына серттеген.
Ғасырға ғасыр аманат еткен заңдылық,
Биігі шығар халқымның әлі жетпеген.

Сол жолда қанша түйелердің де қомы ауды,
Қанша бұл керуен қарақшыларға тоналды.
Көненің көзі қаншама асыл мұралар,
Сыныптай сусып, құрдымға сіңіп жоғалды.

Өткенге ұрпақ қарамас бүгін селсоқ тек,
Беймезет неден сыртымнан қатты соқты өкпек.
Жолымнан ұлы жаңылдырар енді қай құқай,
Жанып тұр алдан жарқырай күнім көкте от боп.





Бндыны қарау шеңгелін салмақ болса ептеп,
Жерімнен бұрын тастасын мені бөлшектеп.
Біреулер жыртық шекпеннен қолын созады,
Саудасы-жерім, «кел қанекей қол сок» деп.

Даңғаза емес, думанға ғана жаралған,
Жыр құмар қауым шылбырыма оралған.
Біреуімін он миллион жүректің,
Үш бәйтерек, қырық бұтақтан таралған.

Заманның мынау сөз алды бүгін шындығы,
Өмірге жарқын әділет заңы туды ұлы.
Бабаларымның бейіті жатқан далада,
Байланған мәңгі ұрпақтарының кіндігі.

Нулы қоныс, құтты мекен Қазақстан атты ұйық,
Емгенге жем.
Жылдар бойы молшылығын жатты иіп.
Өнімдерін мәмпәсидей оңды-солды таратып,
Көзі көріп, қолы жетпес жақсы тонын жат киіп,

Бар екен ғой бодандаудың сыры жұмбақ, сан түрі,
Дей салдық ә, бәрі соның тоқыраудың салқыны.
Күле қарап тұрды бізге мафияның көсемі,
Аузында жалт-жұлт етіп Қазақстан алтыны.

Арал анау, Балқаш мынау,
Сарыөзек пен Семейім,
Сексен көлім-сексен маржан қай бұлттан терейін.
Арқамыздан қаққандардың қалтамызды қаққанын,
Ар алдында жауап алса болашаққа не дейін.





Бұл даланың иесі кім, десе ұрпағым талап қып,
Сендерсіндер дей алам ба күмілжімей қарап тік.
Айта алмасам бәрі бекер, алдамшы екен ғұмырым,
Онда менің тіршілікте тұрақтауым ағаттық.

Құлан өтпес қиырлардан із кесуге жаралған,
Жалын жықпас көк бөрінің нәсілінен таралған.
Ұлы ұрпақтың керуені келе жатыр тізіліп,
Жанарлары алтын шапақ күнге тура қадалған.

Ұлан байтақ бағзы түркі құтты Өтікен жері осы,
Олай болса біз шығармыз, бұл өлкенің төресі.
Солай-солай менің нұрлы болашағымның елесі,
Солай дендер елендеген ұрпақтарға келесі.

1991 жыл

Жаралы құс

Ж. Мусинге

Ерте өттің, кеш өттің деп айта алам ба,
Тіршілік бере алмасам қайта адамға.
Қимаймыз жүзден жасы асқанды да,
Өледі мынның жанын жайпаған да.

Өледі, бәрі өледі мұндағының,
Заңы сол құдіреттің кұндағының.
Өшті деп өмір отым өксісен де,
Өтті деп өкінбессің құрға күнім.

Жалғасар жарық дүние, жаратылыс,
Жандыға жаңа күндер жаңа тыныс.
Қамалап қарға-құзғын қансыратқан,
Жеттің бе жұмағына жаралы құс.

1991 жыл





«Оқжетпес» газеті ашылғанда

Оқжетпес Көкшетаудың бір тұлғасы,
Секілді ол жерге түскен күн сырғасы.
Тіктеген шыңға қарап өз еңсесін,
Қашанда биік тұрар жұртым басы.

Оқжетпес арман шыңы аласаға,
Бурабай онсыз сірә жараса ма.
Бола алмас ешбір ару ондай керім,
Бұрымын он жыл өріп тараса да.

Оқжетпес айбатым да, айбарым да,
Айналған әннің құсы айдарында.
Сәт тілеп жорықтарға аттандырған,
Қазақтың Абылай, Кене хандарын да.

Оқжетпес Ақан, Шоқан, Біржан, Ыбырай,
Орынбай, Шөже, Балуан шыңдарындай.
Ол Сәкен, Мағжан, Мәлік, Еркеш, Мұса,
Көкшесін өткен сүйіп бір жаңылмай.

Оқжетпес тәкаппарлық туындысы,
Келмейді ешкімге де жүгінгісі.
Көкшенің көңілінің алданышы,
Көзінен бұл-бұл ұшқан бұрынғысы.

Оқжетпес ердің ары серті берік,
Нәубеттің кеткен кеше өртіне еніп.
Тас жарып, тамыр жайған қарағайлар,
Өнгендей тастың нәрін еркін еміп.





Оқжетпес қол бұлғайды анадайдан,
Көз тастап биігіне қара да ойлан.
Сазарып, сұрланады бойын тартып,
Шабактай шала туған шалағайдан.

Оқжетпес көк сүңгідей құбылады,
Бұл найзам қай дұшпаннан жығылады.
Көргендер санаменен ой жүгіртіп,
Қазақтың кім екенін ұғынады.

Оқжетпес тарихым мен шежіремдей,
Мызғымай тұр бойдағы төзімі өлмей.
Мылқау күй кешкен талай жылдар бойы,
Шешілер көп түйіннің кезі келмей.

Міне енді Оқжетпестің тілі шықты,
Ерітер таң алдында сірі шықты.
Ашады көзін елдің сезім тербеп,
Бұлбұлмен шатастырған шымшықты.

Ақиқат ақ жолынан бұлжымасы,
Саған серт уа, елімнің сұңғыласы.
Надандық жебелерін дарытпайтын,
Оқжетпес Көкшетаудың дулығасы.

«Оқжетпес» аты жаңа басылымның,
Келмейді менің де енді жасырынғым.
Қағамын дауылпазын қолыма алып,
Дабылын өмір сүрген ғасырымның.

Газеттің тілі – қазақ, діні – ислам,
Арқауы ұлтымыздың ырысынан.





Жинамақ, түгендемек жоғалғанды,
Халқымның сусып түскен уысынан.

Жана алмай бөлек-бөлек ұшқындап ек,
Азамат, от қаласаң тыс тұрма тек.
Көкшенің исі казак баласына,
«Оқжетпес» сөз бастады бисмиллә деп.

1991 жыл.

Бостандық

Тордағы бұлбұл босанып,
Сайрайды, тыңда беу, құрлық.
Бұл әннің аты – Бостандық!
Бұл әннің аты – Еркіндік!

Торда да сан жыл шырқады,
Ондағы әні мұңды да.
Дүние бүгін ынталы,
Кеңістік қазір сұңғыла.

Ашыса жаның өртеніп,
Төзуге қажет көп қажыр.
Көкекше шақыр деп төніп,
Қыстайтын зұлмат жок қазір.

Әлемге сырын айқын қып,
Әуеге шықты үн қатып.
Тордағы тірлік қай тірлік,
Бостандық екен шын бақыт.





Күлкіге бұрар күштілер,
Зарлылар сөксе зорлықты.
Қолдағы тұтқын құс білер,
Тордағы шеккен қорлықты.

Өзегін нұрмен шайғандай,
Өлезді таты қопсыды.
Өнбейтін дауға айналмай,
Өткенде қалсын өксігі.

Аспаннан шолсаң әлем кең,
Алладан келген сый құтты.
Қанаттыларға әуелден,
Биіктен қарау бұйрықты.

Сарылған сәтін сағынып,
Сайрашы бұлбұл, тоқталма.
Шеңгелін жайса самұрық,
Жем беріп жатыр деп қалма.

Амандық саған керегі,
Аңқаулық сорды қайнатар.
Алты басына сенеді,
Бір басын исе айдаһар.

Найзағайлардан жаныңды,
Қанаттарыңмен қалқалап.
Таныстыр, бұлбұл, әніңді,
Мойындау үшін шартарап.





Жол айрық

Суынды көңіл.
Сұрама бірақ кімге деп.
Өкпелеп қайтем, өкініш кетер мінбелеп.
Тәбеттен туды тәттіге деген іштарлық,
Тауысқан кезде бір қадақ тұзды бірге жеп.

Суынды көңілім.
Оның да іші тоң маған,
Екеуміз екі ел арада бір тау орнаған.
Көзқарас емес, жанымның жауы көзбояу,
Көз алдай білсе оңбағандар да оңды адам.

Екі жан – екі от.
Қосылған қашан менге мен.
Бір жанды Алла екіге бөліп бермеген.
Әркімнің басы өзіне қымбат болған соң,
Маған да шын дос табылмады ғой пендеден.

Кеткен соң көрген қызық тарап елмен,
Не пайда тірілсең де кара көрден.
Құлшынып қумай, ерген мақсатым көп,
Арман-ай, арман болып қала берген.

Өткен күн сұлу қызға қас қаққандай,
Енді жоқ тұңғиыққа тас батқандай.
Қазандай төңкерілген қайран басым,
Қызып кеп кеше тойдан, мас жатқандай.





Ұғуға жан сырымды талпынысқан,
Секілді түн-дос бүгін, таң-туысқан.
Ертенім енді болмас кешегімдей,
Тағадай сыпырылып артыма ұшқан.

Қимасым қайта оралмас, өзек күйген,
Сәбидей екі бетін кезек сүйген.
Қайтейін қалды-ау, қалды-ау қолға түспей,
Күмістей орамалға бөлек түйген.

Арманды атқан тандар рауандаған,
Өкінбес адам ғана жаралмаған.
Өмірден күрсінүмен әркім өткен,
Бұлттай түйіліп кеп жауа алмаған.

Ұстаз бен шәкірт

Құдайберлі:

Өзіңсіз өнердегі бәйтерегім,
Мен сізсіз тұл болар ма ем, қайтер едім?
Төбемде жалғыз жұлдыз өзің ғана,
Басына шықсам дағы қай төбенін.

Шағында дамылдаған өрде бүгін,
Шыққанда болашақ деп төрдегі үнің.
Сыйлапты өнер сізге бір арманды,
Иісі айықпаған жөргегінің.

Ғұмырлық сіз – ұстазым, сіз мектебім,
Санама ұлғатыңды тізбектедім.
Жок қарап жанарыңыз шаршағандай,
Көз сүзіп әлде-кімді іздеп пе едің.





Жарасқан жақсылармен жаны ізгісіз,
Біреуге сіз де мүмкін қарызбысыз.
Қарасам әжім шалған жүзіңізге,
Көбірек толғанатын тәріздісіз.

Мақсатым елім артқан сенімді ақтау,
Дәстүрлі ақындықтың салтын сақтау.
Бұл менің сізге деген разылығым,
Ұқсаңыз құр өтірік емес мақтау.

Көкен:

Мақтаудан аузым мықтап күйген жанмын,
Жақсыны жанымменен сүйген жанмын.
Түлкідей қылмандаған біреулердін,
Зердеме мінездерін түйген жанмын.

Өмірге қарыздармын келгеніме,
Жастардың қарыздармын ергеніне.
Отанға қарыздармын өлеңіммен,
Бір нүкте сала алмасам өрнегіне.
Өзіңе қарыздармын айналайын,
Шәкірттік жүрегінді бергеніне.

Сұраған ақыл-кеңес деймін дұрыс,
Ол дағы ақындыққа бетті бұрыс.
Дей көрме «біліп болдым, іліп болдым»,
Білгеннен үйрене бер келмей қырыс.
Аулақ жүр қисық-қыңыр өсек сөзден,
Деген бар «жақсы лепес, жарым ырыс».

Не барын айтсам, балам, елегенде ой,
Көп жылдай іздегенім сен едің ғой.
Шәкеннің аманаты мойынымда,





Шынымен кеткені ме деп едім ғой.
Сол кезде келешегім өзің болып,
Көкеңді қуанышқа кенедің ғой.

Жастығым жиырма жасым майданда өткен,
Домбыра автомат боп ойранда өткен.
Жүзе алмай дариясына өлең-жырдың,
Шалшықта шалпылдама қайранда өткен.

Құдайберлі:

Мен сізге кезігіппін алпысында,
Өренің сөзіңді естіп шалқысын да.
Топтан озған сәйгүлік жүйрік едің,
Дүбірлі акындардың айтысында.
Талаймен жолдас болып сырластыңыз,
Осынау от өмірдің әр тұсында.

Өзіңсің пір тұтатын ақылгөйім,
Сіз деп ұқкам тұлғалы акын дәйін.
Әр сөзің кеудесінде қоныс тауып,
Балқытып шәкіртіңнің жатыр бойын.
Сеніммен домбыраңды сыйладыңыз,
Көркейт деп өнерінмен ғасыр тойын.

Үмітпен сеніп жүрсіз жалғасым деп,
Жалғасым ізденуден талмасын деп.
Келесіз шарболаттай шыңдауменен,
Мұқалып өткірлігі қалмасын деп.
Өресін білімімнің байқататын,
Сеземін тосып тұрған алда сын көп.

Тисін деп мұны айтпаймын сөзге себі,
Түйсігім бұдан бұрын өзгеше еді.





Сапары өзіңізбен тоғыспаса,
Шәкіртін көп нәрсені сезбес еді.
Әлі де ұстазынан алары көп,
Берсе де үсті-үстіне безбес еді.
Осы ой мазалап жүр көптен мені,
Қандай-қандай ақындар кездеседі?!

Көкен:

Ақындар нешік түрлі кезігеді,
Қырғидай кейбіреуі тез іледі.
Бір сөзін мың сататын кейбіреуі,
Көңілге айтпаса да сезіледі.

Бір «ыңылды» бес минут созатын бар,
Сөздіктен сөз құраумен тозатын бар.
Жаттанды сөз, жарқырауық теңеу іздеп,
Қолдаумен, қамшылаумен озатын бар.
Мен бас иген ақындар суырып сап,
От шашып, жалын бүркіп қозатындар.
Орынбай, Шәкен ақын пір тұтқаным,
Өмірде өзіме тән өз атым бар.

Сөз шіркін шуылдатып келгенде үдеп,
Бір минутта екі есе соғар жүрек.
Қарсыласын тең келіп қағысқанда,
Сезінесің өзіңді өзің көңілдірек.
Қамшыласаң қозғалмас шабанына,
Асқақ көңіл қалады мүлде жүдеп.
Көп сенімі тұрады мойынында,
Палуандай шыққанда түріп білек.
Елестеп көз алдыға ел мен ерлер,
Өлеңді бұрқыратсаң қардай күреп.
«Еруліге қарулы» дегендейін,





Өткір сынмен кей-кезде қойсаң іреп.
Жеткізсең жетістікті тыңдаушыға,
Елдігіңе ерлігің болып тірек.
Жаксы ақынмен жарасып айтысқанда,
Жарасасың қырандай жаңа түлеп.
Сенің де безгенін жөн жаттандыдан,
Ақыннан кеуде керген көкті тіреп.
Жарай біл заманыңның кәдесіне,
Қашанда тілейтінім осы тілек.

Құдайберлі:

О, ақылшым, мың алғыс кеңесіңе,
Көз тоқтаттым көп жайдың елесіне.
Ойыңды зерлі сөзбен мүсінделген,
Қалтқысыз жеткізермін келесіге.

Үніңіз тыңдаушыға жылы естіліп,
Жүре бер ел тілегін ілестіріп.
Өтермін мен де сіздей өлеңменен,
Кәусәрін жүрегімнің үлестіріп.

Көкен:

Айтыста алда талай жалындайсың,
Сеземін бас имейсің, жалынбайсың.
Сен менің үміткерім келешегім,
Сен менің кеудемдегі жанымдайсың.

Шәкіртім бар халқыма жүзім жарқын,
Отырам тілеуіңді тілеп әр күн.
Көрсе шіркін өзінді, көре алмады-ау,
Егізімнің сыңары Мұса марқұм.
Әр сөзімді ұға көр ақ батам деп,
Өнеріңнің бағасын берсін халқың.

1985 жыл





Мазмұны

Мендік жүрек.....	4
Бұл бір күн.....	5
Жылқы туралы жыр.....	7
Дала.....	10
Қызыл қаздар.....	11
Рас.....	12
Күндер-ай нұр шағылып бұлақтардан.....	13
Бакыт.....	14
Күнделік жазбадым.....	15
Тамаша ақ жаңбырдай, жауған нұрдай.....	16
Жабырқама жақтырмаса әлдекім.....	16
Немере.....	17
Таразы.....	18
Кетем.....	20
Ертеңгі күнім ерттеулі тұрған құр ағтай.....	21
Замандар.....	22
Бетсіздік.....	24
Сағыныш.....	25
Достар.....	26
Тәңірі тау.....	27
Балбал тас.....	33
Кекіліктегі күйзеліс.....	35
Нөкер қылыш.....	37
Күлсауыт.....	40
Наурызбай батыр.....	42
Әке қуанышы.....	45
Көңілім-ай, қоңырым-ай, нәзігім.....	46
Дала аппақ. Қыстың түсі ақ-тағы.....	47
Кей мінез.....	48
Арасында мындаған жұлдыздардың.....	49
Кездесу.....	50
Елестетіп ғажайыпты не түрлі.....	51
Мәселе.....	52





Үкілі Ыбырай	54
Дүние-ай	57
Өзіне	58
Өленмен мұңдасу	59
Асыққандар.....	61
Ақ қайындар	62
Жас ақынға.....	63
Елу жас	64
Ақ шағала.....	66
Шалқар	67
Зеренді.....	68
Көкшенің көгіндегі	69
Күміс көл.....	70
Қыс	70
Елудін еркелігі.....	72
Нұрының ақбел аты	73
Кавказ оқиғасы	89
Тыныштық	98
Сен ғана.....	99
Әйел патшалығы	100
Қазақ келеді	101
Күрсінісі, күлкісі кезектескен.....	102
Дүние қызылды, жасыл қалмаған кімнен.....	103
Шұңғырша	104
Салқындық.....	107
Естелік.....	108
Жүз күннен кейін	110
Ерік ақынның елуі.....	111
Шыңдағы қар.....	112
Арманға	114
Жәнібек сал.....	115
Әншілердің патшасы	116
Мұратбек ағаға	117
Азамат ғұмыры.....	118
Дос алғысы	120





Кыз қуу.....	122
Әке.....	123
Таудағы түн.....	123
Келші көктемім.....	124
Жел айналса тау да болмас ұдайы ық.....	125
Рухпен жүздесу.....	125
Сүйемін, Алла, қорқамын.....	127
Алла жазса.....	129
Құранға ықылас.....	130
Мәуліт жыры.....	132
Зырлаған уақыт Алланың азбас жүйрігі.....	137
Мұсылманды сүйемін жылы жүзді.....	138
Азаншылардың мырзасы.....	139
Сағыныш.....	145
Арканың әні.....	146
Асыл-апам.....	147
Ащылы-Жекебаяқ.....	148
Кішкентай ханшайым.....	149
Балғат-ай.....	149
Алтыбақан.....	150
Бәдәуилер.....	151
Айнамақоз ауылдастар.....	152
Екі мың отыз.....	153
Туған жер.....	154
Аспанмен мұндасу.....	155
Гүлфураз.....	157
Шешен қырғыны.....	158
Токтай тұршы әй, бала, қайда асықтың.....	159
Шәкірттеріме.....	160
Сараның елі.....	161
Екі мұғалім.....	162
Сағынышым көп болғаннан, көңілімнің тойы кем.....	163
Пай-пай, шіркін, қандай көрік.....	163
Кіммін дейін сонымен.....	164
Үнді киносы.....	165





Қоштасу	166
Айтыстың әлқиссасы	167
Ақмолаға арнау.....	169
Абылай хан алаңы	173
Наурыз.....	176
Тағыда ояу жатырмын ұйқым келмей	177
Ақынжандылар.....	177
Төкпе толғау	178
Адаммын мен	180
Ұлу жылы туышпын	181
Мен қалай отыз беске толып қалғам	182
Көп жазыппын.....	183
Жалында жырым, лауылда.....	183
Ғасырлар тоғысканда.....	185
Қазақпын тәуелсізбін, туым бар көк	186
Тіл.....	187
Адасса кімге қонбас алдамшы бақ	188
Ағылшын аттары.....	189
Тау.....	190
Отан.....	191
Көкшетау.....	192
Алтын сандық.....	192
Астана	194
Каспий.....	195
Архара	196
Ефим қарт	198
Рахман қайнары.....	200
Оқжетпес.....	201
Жуан төбе.....	202
Аралға	203
Сілетінің баласы.....	204
Қап тауында.....	205
Қоскөл.....	207
Қара арғымақ.....	208
Әзілдескім келеді күліп кейде	209





Жан айкай	210
Кемпір мен кептер.....	211
Дұшпаным әлі әйтеуір жоқ деп келем.....	212
Жана күндер қабағын ашсын дәйім	213
Телегей көңіл тасыма қатты.....	214
Көңілім көптің көлі күн шомылған.....	215
Мезгіл көктем қашықтады	216
Үйіріп мені толқындар алып жөнелді.....	216
Арба жеккен асаудай алып қашып.....	217
Масахана	218
Алты қырдан алаулап асау арман	219
Ленин.....	219
Тек осы тұрмыс болса бар уайым.....	221
Достар бір сәт күлкіні былай сырып.....	222
Қалай келе жатырмын, қайда беттеп.....	223
Күн сайын құтылғанмен мың ажалдан	224
Бір милиционерге.....	225
Домбыра.....	226
Қонақта	227
Бұғы басын ілмеші іргеңе аңшы.....	227
Сыңар құр	228
Жылқы.....	229
Ар.....	230
Тас күйме	231
Темір.....	231
Келтек.....	232
Аймалап жердің жүзін көктем лебі	233
Сағым дала.....	234
Жаз суреті	235
Жанбырдан соң.....	236
Қар жаумады.....	237
Қозы көш.....	237
Музыка	239
Япырымай мынау нәзік бұлбұл әні	240
Ауылдар-ай	241





Күйікті сиық	242
Тоғайларым	243
Ауылды аңсау	244
Ауылдағы қыс	245
Әкемен сырласу	247
Кластастарға	249
Эфирдегі жүздесу	249
Ініге басытқы	250
О, менің жарылғаушым, жаратушым	251
Асылып өлгенге	252
Мүбәрәк-ай	254
Ел қазасы	255
Ел қайғысы	257
Ақынның соңғы тілегі	259
Көкеннің домбырасына	260
Аза жыры	261
Кәбір басынан қайтқанда	262
Құйшы уыңнан маған да, бөлісейін	263
Нәрестенің жарлығы	264
Ешкімнен сұрамаймын сүю жайын	265
Әйел	265
Сүйген жүрек	266
Махаббат ғашықтардың сыбағасы	267
Махаббат сен осындай ғаламат па ең	268
Есағаға	269
Сынар байпак	270
Қара алтыным	271
Ақтаулық дос	272
Құда келді	273
Телқоныр	274
Ярапия жеңгеме	275
Татикоға	276
Алтыншашқа	277
Сәкен серіге	278
Қайратқа	279





Ақан серіге тағзым.....	281
Ақын махабаты.....	283
Желтоқсан.....	286
Фариза – жыр кешіне.....	287
Кәләкәйт болып шықты-ау нығыз кісім.....	288
Бауырлар, кешір мені, кешір мені.....	288
Жанымды ұғатұғын жан қайда бар.....	289
Ұлым мен қызым шүкірім.....	290
Бір ағайға.....	290
Ауылдас досқа.....	291
Айтыс.....	292
Асылым ана тілім мәртебелі.....	293
Боз айғыр.....	295
Боран.....	305
Әкені аңсау.....	305
Қараша.....	307
Ауылдасқа.....	307
Күз.....	309
Үңгірлер.....	309
Күн туатын жақ.....	310
Алатау.....	311
Өзімнама.....	312
Жаксы аға.....	314
Арман.....	315
Түс.....	316
Махамбет бейітіндегі ой.....	320
«Көкшетау» газетіне.....	321
Арманды тойға ақ тілек.....	323
Жаралы құс.....	326
«Оқжетпес» газеті ашылғанда.....	327
Бостандық.....	329
Жол айрық.....	331
Кеткен соң көрген қызық тарап елмен.....	331
Ұстаз бен шәкірт.....	332



Құдайберлі Мырзабек

АЩЫЛЫ - ЖЕКЕБОЯҚ

*Редакторы Искакова Фариза
Беттеуші дизайнер Жахина Гауһар*

*Басуға 09.09.2011 ж. қол қойылды.
Пішіні 72*104 ¹/₃₂ Қағазы офсеттік.
Әріп түрі «Times New Roman».
Шартты баспа табағы 10,06.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №525*

*«Ақарман-медиа» баспаханасында басылды
Астана қаласы, К.Бәйсейітова кош., 114/2
Тел.: 8 /7172/ 28 96 67, 28 96 71*



Құдайберлі Мырзабек ақын, белгілі айтыскер. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. 1964 жылы дүниеге келген. Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Ақан ауылының тумасы.

«Айрауық», «Қармыс атаның ұрпағы» атты кітаптардың авторы. Өлең жырлары бірталай топтық жинақтарға енген. Ең алғашқы тырнақалды өлеңдері 1983 жылдан баспасөз беттерінде жарық көре бастады.

«Көкше» академиясын бітірген.